

ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ 2012

ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ ҰЗАҚ
МЕРЗІМДІ ПАЙДАСЫ



Karachaganak



Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер



МАЗМҰНЫ



Тұрақты даму қағидаттарына ұстануымыз	4
Есептің сипаттамасы.....	5
Бас директордың мәлімдемесі.....	6-7
Жоспарлық көрсеткіштердің орындалуы және жаңа мақсаттарымыз.....	8-12
Қарашығанақ өндірістік қызметтеріне шолу	14-18
Корпоративтік басқару.....	19-28
Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы.....	29-39
Қоршаған ортаны қорғау.....	40-51
Біздің қызметкерлеріміз – біздің байлығымыз	52-57
Аймақтың экономиканы дамытуға үлес қосу	58-63
Жергілікті қоғамдастықтармен байланыс жасау.....	64-68
GRI көрсеткішіне қатысты есептіліктің стандартты элементтер кестесі	69-75
Тәуелсіз кепілдеме есебі.....	76-77
Терминдер және қысқармалар.....	78-79

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫНА ҰСТАНУЫМЫЗ



Бұл құжат «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) шығарған бесінші тұрақты даму есебі. Оның мақсаты – тұрақты даму бойынша біздің ұдайы орындалып отырған міндеттемелерімізді көрсету. 2009 жылы КПО Қазақстан Республикасындағы тәуелсіз кепілді тұрақтылық есебін халықаралық стандарттарға сай шығарып отырған алғашқы компания болды.

Тұрақты даму бойынша төмендегі қағидаттардың негізі ретінде Брутланд комиссиясының кеңінен танымал «Болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын қабілеттігіне қауіп төндірмей, қазіргі уақыттың қажеттіліктерін қанағаттандыратын даму» аталатын еңбегін пайдаланды.

Қызметі ретінде КПО тұрақты даму үдерісіне келесідей үлес қосатынына сенімді:

- Өзінің қатысуына байланысты ықпалдарды барынша азайту және мүмкіндіктерді барынша көбейту;
- Өзінің шешімдерінің ұзақ мерзімдік салдарларын есепке алу;
- Мүдделі тараптарды зерделі сұхбатқа тарту; және
- Берік басқару мен қызмет ашықтығын байланыстыру.

ЕСЕПТІҢ СИПАТТАМАСЫ



Бұл есепте біздің 2012 жылдағы қызметіміздің нәтижелері мен алдағы жылға жасақталған жоспарымыз қамтылған. Сондай-ақ есепте біздің алдыңғы жылдардағы нәтижелерімізді салыстыра бағалау үшін 2011 және 2010 жылдарға қатысты ақпарат та берілген.

ЕСЕПТІҢ ҚАМТУ АЯСЫ МЕН ШЕГІ

Есептің «Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік операцияларға шолу» бөлімінде біздің негізгі іс-шараларымыз туралы ақпарат берілген, сонымен қатар ол біздің қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жобаларымыз бен экономикалық көрсеткіштеріміз жөнінде баяндайды. Есепте КПО-ның Қазақстан Республикасындағы қызметінің тұрақтылығы бойынша аспектілер қозғалады. Тұрақты даму жөніндегі есеп жыл сайын шығарылады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

Біздің қалыпты қызмет тәжірибеміздің бір бөлігі ретінде, біз сан алуан мүдделі тараптармен ақылдаса отырып, бірге жұмыс жүргіземіз. Осы

тараптармен жақсы қарым-қатынаста болу ұзақ мерзімді табысқа ие болу үшін аса қажетті және біздің диалогымыздың нәтижелері осы есептің мазмұнын құрауға негіз болды.

Біз бірге жұмыс жүргізетін мүдделі тараптар тобына біздің басты компаниялар, үкімет, жергілікті халық, келісімдердің тараптары, қызметкерлер, іскерлік серіктестер, БАҚ және азаматтық қоғам өкілдері жатады. Мүдделі тараптармен жүргізілетін жұмыс жөніндегі егжей-тегжейлі ақпараттар кестесі мен жұмыс жүргізу тәсілдері 26-28 беттердегі «Корпоративтік басқару» бөлімінде келтірілген.

ТӘУЕЛСІЗ КЕПІЛДЕМЕ

Берілген ақпараттың дұрыстығы «Эрнст және Янг» (Ernst & Young) компаниясы тарапынан тәуелсіз түрде тексерілді. Тәуелсіз кепілдеме есебі 76-77 беттерінде берілген. Осы процедура есепте берілген ақпараттың ашықтығын және жарамдылығын қамтамасыз ету үшін қолданылады.

GRI ЕСЕПТІЛІК БОЙЫНША ҒАЛАМДЫҚ БАСТАМА

Осы есеп іс жүзінде тұрақтылық есебін әзірлеуде ғаламдық үлгі болып табылатын Жаһандық есеп беру бастамасының (GRI) G3 нұсқауларына сай дайындалды. КПО жаһандық есеп беру бастамасының нұсқаларында көрсетілген қағидаларға сүйенеді. Есеп G3.0 нұсқасының B+ қолданыс деңгейінің талаптарына сай. Стандарттық хабарландырулар кестесі осынау есептің бір бөлігі; ол туралы біздің интернет сайтымызда да жазылған: www.kpo.kz.

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



Құрметті есеппен танысушылар,

Сіздердің назарыңызға 2012 жылғы Қарашығанақ жобасының бесінші тұрақты даму жөніндегі есебін ұсынамын.

Өткен жыл Қарашығанақ жобасы үшін басқару және даму жолы бойынша өзгерістер орын алған жыл болды. КПО-ның жоғары басшылығы жыл ішінде біртіндеп ауыстырылды. Жобаның негізгі оқиғаларының қатарында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының Қарашығанақ кәсіпорнына серіктес ретінде қосылуы және Қарашығанақ кен орнының келешегін шынымен өзгерткен Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге қол қойылғанына 15 жыл толу оқиғалары болды. 1997 жылдан бері үлкен жетістіктерге және бүгінгі таңда біз жоғары деңгейлі рекордтарға қол жеткізіп, Қазақстан Республикасына және Қарашығанақ серіктестеріне пайда әкеліп отырған әлемдік деңгейдегі өндірістік операцияларды жүзеге асырып отырмыз.

2012 жылы Қарашығанақ өндіріс көрсеткіші 139,5 миллион баррельді құрады. Бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда, бұл өндіріс көрсеткіші рекордтық деңгейде. 2012 жылы мұнай және газ өндірісінде 11 миллион тұрақ тандырылған мұнай артық өндірілсе, газ өндірісі бойынша 17,5 миллиард текше артық өндірілді – екеуі де өз кезегінде Қарашығанақ бойынша жылдық өндірісін татымды көтерді. Газды жер қойнауына кері айдау бойынша да көрсеткіш 8,6 миллиард текше см артық орындалды – тағы да жылдық рекорд!

2012 жылдың басында Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі (ҚӨК) үшінші конденсат сақтау резервуары іске қосылды. Шығындарды азайтып, пайданы арттыру мақсатында жалпы тоқтату стратегиясының сценарийлері қайта қарастырылды. 2012 жылы біз табысты түрде төрт жаңа ұңғыма бұрғылап, анағұрлым өнімді болып келетін жаңа ұңғымалар бойынша жұмыстарды аяқтадық, соның ішінде аса өнімді 9832 ұңғымасы. Жыл ішінде 11 ұңғыма іске қосылды – бұл біздің тарихымыздағы аралықсыз 12 ай ішінде қосылған ұңғымаларды ең абсолютті жоғары саны.

Қазіргі уақытта екінші бұрғылау қондырғысы мобилизациялау барысында. Өндіріс объектілердің тұтастығын және сенімділігін қамта-

масыз ету мақсатындағы күрделі жөндеу жұмыстары жыл бойына жалғасты. 2012 жылдың шілде айында Эко-орталықта жаңа жалпы мақсаттағы жағу пеші іске қосылды.

Жылдық өндіріс көлемінің рекордтық деңгейге шығуымен қатар сату көлемі бойынша да қол жеткізілген қомақты жетістіктер арқасында 2012 жылды коммерциялық табысты жыл деп атауға толық негіз бар. Маркетингтік қызметін ерекше атап өтетін оқиға 2001 жылы Новороссийск портында басталған жөнелту операциялары өткен қазан айында КПО танкері арқылы жүктелген, КҚК тазартылмаған мұнайының 300 миллионыншы тоннасы КПО-ге жатады.

Өндіріс оңтайландыру операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы ғана жүзеге асады. Өндірістік көрсеткіштер мен мақсаттарға қол жеткізуінің қауіпсіздігін сақтау біздің ең басты міндетіміз, біз жалпы тіркелетін және жазатайым оқиға тудыру ықтималдығы жоғары жайттардың көрсеткіші төмендеуіне мүдделіміз. Сонымен қатар 2011 жылмен салыстырғанда жұмыс уақытының шығындалуына әкелетін жағдайлар саны да айтарлықтай азайды, дегенмен, осы бағытта «нөлдік» көрсеткіш біздің «түпкілікті» мақсатымыз болып қала береді және біз қызметкерлерден ұдайы түрде ҚТ ережелерін орындап жүрулерін талап етеміз.

Биыл 2011-2013 жж арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шараларының жоспары аясында күрделі жобалар жүзеге асырылуы өз жалғасын тапты. Мамыр айында КПО қоршаған ортаны қорғау бойынша әлемдік деңгейдегі рекордтық көрсеткіштеріміздің негізін құрайтын «Климат өзгерісі – парникті газының бөлінуін азайту бағдарламасы» категориясы бойынша Бритиш Газ төрағасының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ марапаттауына ие болды. Тағы бір жетістігіміз – ҚТ ережелерін орындауда танытқан құлшынысы үшін Құбайдолла Бектасовқа басты компания деңгейіндегі BG Group «Алтын каска» белгісімен марапатталды. 2012 жылы КПО газ қалдықтарын утилизациялау бойынша 99,87 % көрсеткішке қол жеткізді, парникті газ үлестік шығарындылары көмірсутектер килотоннасына шаққанда CO₂-эквивалентінде 66 тонна деңгейінде сақталды.

2012 жылы Астана қаласындағы Жоба дайындау тобының штаты артып, Қарашығанақ келешек кеңею жобасының талдаулар кезеңі шілде айында аяқталды. Тұжырымдама таңдау кезеңі орындалу үстінде. Желтоқсан айында дамудың нұсқаларын таңдау барысы жүзеге асырылды.

ҚӨК газ тасымалдау жүйесін оңтайландыру жобасы бойынша да тұжырымдама таңдау кезеңіне көштік, және бекітілген Кен орнын игеру жоспарына сай, өндіру шегін кеңейту жобалары бойынша техникалық-экономикалық негіздеме мен тұжырымдама таңдау зерттеулері жалғасуда.

Өткен жылы жұмыстың түрлі қырларын қамтитын, соның ішінде қызметкерлерді ынталандыру мәселесі бойынша жылдық қызметкерлер пікірін алу науқаны өткізілді. Осы науқан КПО басшылығына іс-шараларды оң сарында құрап, алдағы кезеңдерде атқарылар шараларға көңіл аударуға өз септігін тигізді. 2012 жылдың тамыз айында екі кәсіподақпен қосымша әлеуметтік жеңілдіктер пакетін қамтитын жаңа ұжымдық келісімшарт жасалынды.

Біз қызметкерлеріміздің күш-жігерлерін жұмылдыру арқасында рекорд жаңартқан көрсеткіштерге қол жеткізгенімізді мақтан тұтамыз. 2012 жылы компанияда 10 жетекші лауазымға жергілікті мамандар тағайындалды. Жыл соңындағы пайыздық өлшеммен алғанда, жалпы кәсіпорындағы жоғары біліктілікті талап ететін басшылық лауазымдардың 69 пайызы, кәсіби және жетекшілік лауазымдардың 95 пайызы жергілікті мамандармен алмастырылды.

КПО-ның тауарларды жеткізу, жұмыстар мен қызметтерге қатысты келісімшарттардың құрамы бойынша қазақстандық үлес мөлшері 56 пайызды құрап, олардың жалпы сомасы 335 млн. АҚШ долларына тең болды.

Жыл ішінде компания бірнеше әлеуметтік инфрақұрылым жобаларын жүзеге асырды, соның ішінде Батыс Қазақстан облысында төрт мектеп салынды, бір мектеп толық жөндеуден өтіп, Успенровка ауылындағы су тазалау жүйесі қайта құрылды, Жарсуат ауылындағы мектептің шеберханасы жөнделді, Ақсай қаласындағы Советская көшесі жөндеуден

өтті, орталық жылу қазандығы толықтай жаңартылды. Желтоқсан айында Орал қаласындағы Салтанат сарайының, Бөкейорда ауданы Бисен ауылында жанұялық амбулаториялық поликлиникасының және Теректі ауданы Сары өмір ауылында мәде-ниет үйінің құрылысы аяқталды.

Бөрлі ауданының төрт аймағында ұйымдастырылған ауыл кеңесі арқылы орындалатын жобаларымыз бен жергілікті жұртшылықпен қарым-қатынасымыз да табысты түрде өз жалғасын тапты. КПО қарт адамдарға арналған денсаулық сауықтыру бағдарламасы және жергілікті оқушыларға арналған жазғы лагерьлер ұйымдастыру жоспары тәріздес өзінің ұзақ мерзімді әлеуметтік екі жобасын жүзеге асырды.

КПО-ның тұрақты дамуды қолдау бойынша іс-шаралары 2012 жылдың желтоқсан айында Алматы қаласында өткізілген «Жылдық есептер: көшбасшылардың тәжірибелері мен жаңа стандарттары» тақырыбындағы «Expert RA Қазақстан» және «Expert RA» рейтинг агенттіктердің Алғашқы практикалық конференциясында ерекше атап өтілді. Аталған шара кезінде біздің 2011 жылғы тұрақты даму жөніндегі есебіміз «Тұрақты даму жөніндегі үздік есеп» номинациясы бойынша марапаттауға ие болды.

Біз былтыр өз қызметіміздің көптеген салалары бойынша тұрақты даму жолында серіктестеріміз бен мүдделі тараптардың барлығының игілігі үшін қол жеткізген қомақты табыстарымызды мақтан тұтамыз. Қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және тұрақтылық алдағы жылдарда да ұдайы назарда болады.


Дамиано Ратти
КПО Бас Директоры

ЖОСПАРЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ ЖӘНЕ ЖАҢА МАҚСАТТАРЫМЫЗ

2012 ж. мақсаттарымыз	Мақсаттың орындалуының дәрежесі	Орындалған әрекеттер сипаттамасы	2013 ж. мақсаттар
ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ			
ISO 14001 және OSHAS 18001 стандарттарына сәйкестік бойынша сертификаттаушы ұйыммен бақылау аудитін өткізу тиіс	✓	Барлық сәйкессіздіктер 2012 жылғы шілде айының соңында реттелді. 2012 жылдың қазан айында өткізілген кешенді бақылау аудиті КПО қызметінің ISO 14001 және OSHAS 18001 стандарттарына сәйкес келетіндігін растады.	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы КПО басқару жүйесінің ISO 14001 және OSHAS 18001 талаптарына сәйкес келуі бойынша бақылау аудитін өткізу
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкаларын қолдану бойынша электрондық оқу жүйесін дайындау және жүзеге асыру	✓	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкаларын қолдану бойынша электрондық оқу жүйесінің материалдары дайындалды, сынақтан өткізілді және іске қосылды.	
КПО менеджерлері үшін қауіпті факторлар туралы оқу бағдарламасын кеңейту	✓	Спейдадам қаласында (Ұлыбритания) КПО жоғары басшылығы үшін басты қауіпті факторлар туралы оқу семинары өткізілді.	2-деңгейлі аса маңызды ҚТ жөніндегі лауазымдағы қызметкерлер үшін осы тақырып бойынша оқу курсы өткізу
<ul style="list-style-type: none"> Оқудан өткен қызметкерлердің ҚТ саласындағы басқарушылық машықтарының бағдарламасын кеңейту, және бағдарламаға қоршаған ортаны қорғау жөніндегі тақырыптарды қосу; ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениеті бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесінде оқу материалдарын сәйкестендіру және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ араласу тәсілдері бағдарламасын жүзеге асыру. 	~	Басшылықпен объектілерді аралау жөніндегі тиімді оқу бағдарламасы дайындалды және жүзеге асырылды, мұнда оқу міндетті болған қызметкерлердің 85% (1, 2 және 3-ші деңгейлі 157 менеджердің 133-ші) және қосымша 108 қызметкер оқу курсынан өтті. «Өмірді сақтаушылар» бағдарламасы бойынша басшылықпен объектілерді аралау жөніндегі тексеру парақтарын қамтитын қосымша материалдар дайындалды.	1, 2 және 3-ші деңгейлі менеджерлердің қалған 15% және өз басшылығымен оқуға тағайындалған қосымша тыңдаушыларды оқыту
<ul style="list-style-type: none"> Мердігерді басқару процестеріне қатысты құжаттамаларды рәсімдеуді аяқтау; КПО компаниясының мердігерлерін басқару процестерін жақсарту; Мердігерлерді басқару жөнінен жұмыс тобының іс жоспарын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатысты шараларын орындау; Оқу курстарымыз бен жаңадан енгізілген / қайта қарастырылған процестерді жүзеге асыру; Мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін қадағалау үшін КПО жалпы стандартын дайындау; Келісімшартқа жауапты тұлғалар үшін семинарлар және Мердігерлер мен КПО біріккен форумдарын өткізу. 	~	<ul style="list-style-type: none"> Жартылай орындалды; қалған 2 құжат 2013 жылдың 1-тоқсанында аяқталуы тиіс; Жартылай орындалды; төменде берілген бір құжат пен аталып өткен екі құжаттан басқалары; басқа барлық шаралар орындалды; Жартылай орындалды; алғашқы оқу кезеңі мердігер ұйымдардың басқару үрдісіне тартылған негізгі персоналдың 120 маманы үшін өткізілді. Аяқталу күні: 2013 жылдың 2-тоқсанының соңы; Жартылай орындалды; қорытынды нұсқа қазіргі уақытта басшылық тексерісінен өтуде. Орындалу күні: 2013 жылдың 1-тоқсанының соңы; Орындалды. Шамамен 147 келісімшартқа жауапты тұлға осы оқу курсынан өтті және жоспарланған мердігерлердің екі форумы өтті. 	Мердігерді басқару жөніндегі жұмыс тобының іс жоспары және мердігерлерді басқару стратегиясының құжаттарын рәсімдеуді аяқтау және пайдаланушы топтарына қосымша оқу курстарын өткізу
2012 жылдың 1-тоқсанының соңында жаңа ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аудиті мен инспекциялық тексеру процедурасының енгізілуін аяқтау	✓	Аудит және тексеру процедуралары жүзеге асуда және жұмыс істеп тұр. Аудиттер кестеге сай орындалуда. Жыл соңына дейін 101 тексеру өткізіледі.	

2012 ж. мақсаттарымыз	Мақсаттың орындалуының дәрежесі	Орындалған әрекеттер сипаттамасы	2013 ж. мақсаттар
ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ			
“Өмірді сақтаушылар” жаңартылған бағдарламасын дамыту жөніндегі кампаниясын дайындау соның аясында қажетті материалдарды (презентацияларды, плакаттарды, жұмыс орнындағы нұсқаунамаларды, жетекші жұмысшылардың инспекциялық тексерулерінің карточкаларын және электрондық оқу құралдарын дайындау.	~	“Өмірді сақтаушылар” туралы жаңартылған сегіз тақырыптың жетеуі шығарылды.	“Өмірді сақтаушылар” бағдарламасы бойынша “Еңбек қауіпсіздігінің жүйелері” атты сегізінші элементтің енгізілуін аяқтау
			Апат оқиғаларды және дағдарысты басқару процедураларын қайта қарастыру; өткізілген біріктірілген жаттығудан кейін түзету шараларын іске асыру
			Тікелей супервайзерлер бағдарламасын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бағамдауынан өткізуді жалғастыру
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ			
Жалпы жоба бойынша парник газы шығарындысын 30,97 мың тоннаға (CO ₂ e) азайту	✓	Парник газы шығарындысы 51 мың тоннаға азайтылды (CO ₂ e).	Жалпы жоба бойынша парник газы шығарындысын 70 мың тоннаға (CO ₂ e) азайту
Кен орны сарқынды су жүйесін жаңарту жобасын аяқтау	~	Жоба бірнеше өндірістік нысандарда жүзе асырылуда: ҚӨК, ГҚДҚ-3, Үлкен Шаған айдау станциясы және ӘҚК.	Кен орны сарқынды су жүйесін жаңарту жобасын аяқтау
Кәріз қалдықтардың өңдеу тиімділігін арттыру жөнінде зерттеу өткізу	✓	2012 жылы ҚМГКК-да сарқынды суды эйхорния (су сүмбілі) пайдалану арқылы биологиялық тазалау (кейінгі тазалау) жөніндегі екі жылдық зерттеу басталды.	Кәріз қалдықтардың өңдеу тиімділігін арттыру жөнінде зерттеуді аяқтау
Тазалық сақтау аймағында (ТСА) екі жаңа автоматтық экологиялық бақылау станциясын орнату	✓	ТСА-да екі жаңа № 15 және № 18 ЭБС орнатылды.	Тазалық сақтау аймағында (ТСА) екі жаңа автоматтық экологиялық бақылау станциясын (№16 және №17) орнату
Биотүрлілік бойынша іс-шаралар жоспары (БШЖ)	✓	2012 жылы сәуір айында БҚО ЖКЭД филиалы бекіткен 2012-2013 жж арналған ҚМГКК-ның биотүрлілігін сақтау бағдарламасы аясында келесідей шаралар орындалды: <ul style="list-style-type: none"> • ҚМГКК-да мекендейтін құндыздардың санақ есебі; • ҚМГКК-дағы су ресурстарын қорғау аймағы мен белдеуі бойынша жұмыс өндірісінің жоспары дайындалды; • ҚМГКК түрлері бойынша дерекқор жасалды; • Үш түрлі мерзім үшін экожүйе картасын жасау мақсатында ҚМГКК пен іргелес аймақтағы экожүйе талдауы басталды. 	2013 жылы БШЖ-мен жоспарланғанындай орындау: <ul style="list-style-type: none"> • ҚМГКК ықпал ететін аймақтағы өсімдіктер дүниесін қадағалап отыру; • экожүйедегі өзгерістерді анықтау үшін спутниктік суреттерді талдау; • жапсарлас экожүйелердің карталарын жасау; • БШЖ-ны жақсарту бойынша кеңестер.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



ЖОСПАРЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ ЖӘНЕ ЖАҢА МАҚСАТТАРЫМЫЗ

2012 ж. мақсаттарымыз	Мақсаттың орындалуының дәрежесі	Орындалған әрекеттер сипаттамасы	2013 ж. мақсаттар
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ			
Жалпы қолдану пешін іске қосу (ЖҚП)	✓	ЖҚП 2012 жылы шілде айында іске қосылды.	-
Қалдықтарды сұрыптау қондырғысы үшін №3 қойманы қайта жасау және құрылысты аяқтау	~	Қалдықтарды сұрыптау қондырғысы үшін №3 қойманы қайта жасау жобасы толықтай дайындалып Санитарлық-эпидемиялық сараптау қорытындысы бойынша бекітуден өтіп, қазір экологиялық сараптамадан өтуде.	Қалдықтарды сұрыптау қондырғысы үшін нысанды қайта жобалауды аяқтау және оны пайдалануға беру
Эко-орталықтың қалдықтарды көму жерінде қосымша бес көму секциясын іске қосу	✓	2011 жылы 7 көму секциясы іске қосылды. 2012 жылы қосымша бес секция ашылды.	Эко-орталықтың қалдықтарды көму жерінде қосымша бес көму секциясын іске қосу
<ul style="list-style-type: none"> 1-секцияда жиналған қалдықтарды әрі қарай өңдеу және утилизациялау үшін зерттеу; Ескі полигондағы 2,3 және 4-секциялардағы барлық өндірістік қалдықтарды зерттеу және қажет жағдайда, өңдеу жоспарын жасау және Эко-орталықта тұрақты утилизациялау. 	✓	<ul style="list-style-type: none"> Қатты қалдықтар секциясындағы жиналған және бұрғылау сұйықтықтарын сақтауға жұмсалған қалдықтар зерттелді. Кеңестер көрсетілген қорытынды есеп КПО басшылығының бекітуіне ұсынылды. Жоба толық көлемде 2012 жылдың соңында кестеге сай аяқталды. 	-
Термо-механикалық қиыршықтарды тазалау нысаны мен қалдықтарды жағуға арналған айналмалы пештен шыққан қалдықтарды қайта пайдалану әдістерін зерттеу	✓	Батыс Қазақстан мемлекеттік Университеті 2012 жылдың тамыз айында «Қарбонат мұнай негізіндегі бұрғылау балшығының қалдықтарын пайдалану және өңдеу әдіснамасын дайындау» жұмысын аяқтады. Жоба карбонаттық мұнайға негізделген бұрғылау қалдықтарын механикалық өңдеуден кейін жол құрылысы кезінде асфальт дайындау үшін минералдық ұнтақ ретінде пайдалану мүмкіндігін қарастырады.	Термомеханикалық қиыршықтарды тазалау нысаны мен барабандық пештен шыққан қалдықтарды қайта пайдалану әдістерін зерттеудің II кезеңін жүзеге асыру
БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ			
Шетелдік мамандарды жергілікті қызметкерлермен алмастыру жоспарын төмендегілер арқылы жүзеге асыру: <ul style="list-style-type: none"> 70% 1-категория бойынша; 95% 2-категория бойынша. 	~	Жоспар жартылай орындалды: <ul style="list-style-type: none"> 1-категория бойынша - 69%; 2-категория бойынша - 95%. 	Шетелдік мамандарды жергілікті қызметкерлермен алмастыру жоспарының 1-категориясы бойынша 70% көрсеткішке қол жеткізу шараларын жалғастыру
Тәлімгерлік бағдарламасын жүзеге асыру	~	Бағдарламаны жүзеге асыру талдау жұмыстары мен әлеуеті жоғары қызметкерлерге арналған жоспар дайындау жалғасып жатқандықтан, 2013 жылға қалған болатын. Тәлімгерлік сессияларының жоспары дайындалды.	Әлеуеті жоғары қызметкерлердің анықталған тобы бойынша тәлім беру процесін бастау

2012 ж. мақсаттарымыз	Мақсаттың орындалуының дәрежесі	Орындалған әрекеттер сипаттамасы	2013 ж. мақсаттар
БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ			
<p>Ұлттық қызметкерлерді ұстау жоспары бойынша қажетті саясаттар мен процедураларды дайындау және құзыретті органның келісінмін алу;</p> <p>Ынталандыру тәсілдерін жүзеге асыру.</p>	2	<p>Қызметкерлердің басқа жұмыс берушілерге кетіп қалмаулары үшін ынталандыру тәсілдері белгілі бір қызметкерлерді ұстау бағдарламасының бір бөлігі емес, алайда, осы мәселе бойынша және компанияның қызметкерлерді ұстау әлеуетін жақсарту мақсатында 2012 жылы бірқатар шаралар орындалды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жалақы деңгейлерін қайта қарастыру - Техникалық және инженерлік мамандықтардағы қызметкерлердің нарыққа негізделген жалақы арттыру бағдарламасы 2012 жылдың қараша айында орындалды. Жалпы алғанда, 1600 астам қызметкердің жалақысы арттырылды, олардың көбі өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімдерінде қызмет етеді; - алдыңғы жылдары кадрлар тұрақсыздығы көп байқалған келісімшарттар мен жабдықтау бөлімдер мамандарының жалақылары нарық шарттары негізінде арттырылды; • Компания БҚО-нан тыс аймақтардан келген ауысыммен жұмыс істейтін қызметкерлер үшін тұрғын үй жалдауға төлемдер беру бағдарламасын бастады; • Ұжымдық шарт қызметкерлердің әлеуметтік жеңілдіктерін көбейтті. 	<ul style="list-style-type: none"> • Персоналдың әлеуметтік жеңілдіктер пакетін жетілдіруді жалғастыру; • КПО негізгі персоналдың жалақыларын нарық шарттарына сай деңгейлестіруді жалғастыру.
<ul style="list-style-type: none"> • Қаржы бөлімі үшін біліктілік моделін дайындауды аяқтау; • ББЖ үшін компьютерлік бағдарламаны іске қосу. 	2	<ul style="list-style-type: none"> • Қаржы бөлімі үшін біліктілік моделін дайындау аяқталды; • ББЖ үшін компьютерлік бағдарламаны дайындау басталды, іске қосу 2013 жылға қалды. 	<ul style="list-style-type: none"> • ББЖ компьютерлік бағдарламасын дайындауды аяқтау
<p>ОРИТО ТКМКБ (теңіз кенішіндегі мұнай кәсіпшілігі бойынша тренинг ұйымы) үшін негізгі өндірістік ұжым бойынша техникалық ББЖ аккредитациялауынан өту мақсатында жұмыс орнында аудит ұйымдастыруға өтініш беру</p>	2	<p>2011 жылы жалпы ББЖ стратегиясының өзгеруіне байланысты, ОРИТО аккредитациялау процесі көлемі мен уақыты бойынша кеңейтілді. Аудит нәтижелері бойынша алынған пікірлерді ескере отырып, ОРИТО аудитін өткізуге керекті құжаттамалар қайта қараудан өтті. Жаңа ОРИТО критерийлері дайындалды, сондықтан жұмыс орнында аудит жүргізу 2013 жылдың 2-тоқсанына қалды. Құжаттар пакеті жаңа талаптарға сәйкестендіру мақсатында тексеруден өтуде.</p>	<p>ОРИТО аккредиттеуін алу мақсатында көшпелі аудитін өткізу, ББЖ сертификатын алу шараларын аяқтау</p>
<p>Өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің алдыңғы қатарлы жұмысшыларының техникалық білімдері мен машықтарын және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің “Өмірді сақтаушылар” ережелерін білуін бағалауды жалғастыру</p>	2	<p>Жүзеге асыру процесі екі жылдық мерзімді екі фазаға бөлінді. 2012 жылы бұл шаралар жалғасты: техникалық бағалау – 3 732, “Өмірді сақтаушылар” бойынша бағалау – 6 843.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Техникалық бағалау шараларын 75% аяқтау; • 2013 жылдың соңына дейін өндіріс директорындағы басқа қызметкерлерді/ лауазымдарды қамту; • Тұрақты жетілдіру процестерімен, ресурстарымен, дерекқорымен және құжаттамаларымен бірге тұрақты жүйені іске қосу. Барлық талаптардың тұрақты орындалуын қамтамасыз ету үшін сыртқы аудиттер өткізілуі тиіс.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



иә;



орындалуда;



орындалған жоқ / жартылай орындалды.

ЖОСПАРЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ ЖӘНЕ ЖАҢА МАҚСАТТАРЫМЫЗ

2012 ж. мақсаттарымыз	Мақсаттың орындалуының дәрежесі	Орындалған әрекеттер сипаттамасы	2013 ж. мақсаттар
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ			
Жоспарға сай 2012 жылдың 2-тоқсанында Ақсай индустриалдық паркі жобасын аяқтау	✓	Ақсай индустриалдық паркі 2012 жылдың ортасында іске қосылды.	-
Қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуда жалпы шығындардағы жергілікті қамту 40% құрауын қамтамасыз ету	✓	Жергілікті қамту бойынша 56% көрсеткішке қол жеткіздік	Вендорлық тізімді тексеру, алдын ала квалификациялау сараптамасы, техникалық бағалау жоспарын қолдану арқылы жергілікті қамту келісімшарттарды дайындау бөлігі болуын қамтамасыз ету
Жергілікті қамту бойынша ҚР заңнамалық талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету	~	Жергілікті қамту кестесі, техникалық бағалау жоспары мен алдын ала квалификациялау сұрақтары ресми түрде КПО стандарттық келісімшарт шаблоньында қамтылды.	Жергілікті қамту талаптарының орындалуын жалғастыру
ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАР			
2012 жылғы әлеуметтік жобалар жоспарын шығару	✓	Жоспар 2012 жылдың маусым айында шығарылды.	2013 жылдың әлеуметтік жобалар жоспарын шығару
2012 жылы ұзақ мерзімдік жергілікті халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған жобалар бойынша қаражат қолжетімділігі жөнінде мақұлдау алу	✓	Жұртшылықтың әл-ауқатын арттыруға арналған жобалар бюджеті бекітілді. Тоқтатылған ұзақ мерзімдік әлеуметтік жобалар (мектеп оқушыларына арналған 1600 орындық жазғы лагерь және ересектерге арналған 160 орындық денсаулық сауықтыру және емделу орталығы) жүзеге асырылды. Бөрлі ауданындағы мектептер үшін жабдықтар мен материалдар сатып алуға қаражат бөлінді.	Тоқсанаралық ауыл кеңестерін өткізу және 2013 жылдың әлеуметтік жобаларына кірістірілген жұртшылықтың әл-ауқатын арттыру жобаларын жүзеге асыру
Арыз-шағымдармен жұмыс істеу процедурасын қадағалауды жалғастыру	~	Қадағалау жалғасуда. КПО компаниясының жұртшылықтың арыз-шағымдарын қарастыру процедурасы 2012 жылдың шілде айында қайта қарастырудан өтті.	Арыз-шағымдар мен ұсыныстарды қарастыру процедурасының орындалуын қадағалау

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



иә;



орындалуда;



орындалған жоқ / жартылай орындалды.



ҚАРАШЫҒАНАҚ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

Қарашығанақ кен орны әлемдегі ең ірі мұнай-газ және конденсат кен орындарының бірі. Кен орны Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан және 280 шаршы километр аумақты алып жатыр, мұндағы көмірсутектердің есептелінген бастапқы баланстық қоры 9 миллиард баррель конденсат пен осы күнге дейін 10 пайызы өндірілген 48 триллион текше фут газдан асады.

Қарашығанақ кен орны алшақ және жұмыс жағдайы қиын, орташа температурасы қыста минус 40 °C дейін, ал жазда + 40 °C дейін жететін аймақта орналасқан. Жоғарғы қабаты шамамен 3500 м тереңдікте орналасқан кен орнының жалпы қалыңдығы 1600 м және өте күрделі болып келеді. Көмірсутектің құрамында 4,5 %-ға дейін жететін аса улы күкіртті сутек пен кей жағдайда коррозия тудыратын көмір қышқылы бар.

1997 жылдан бері Қарашығанақ кен орнын игеру және өңдеу жұмыстарын Agip пен BG, негізгі басқару функцияларын КПО-ға тапсыра отырып, өткізіп жатыр. Пайдаланушы ұйым 1997 ж. Қазақстан Республикасымен Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) жасасқан төрт халықаралық мұнай компанияларынан тұрады: BG және Agip (әрқайсысы 32,5 %), Chevron (20 % (бұрынғы Техасо) және Лукойл (15%) (барлығы бірге Мердігер болып аталады).

2012 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясы Қарашығанақ серіктестігіне кіріп, BG Group бірлестік үлесін 29,25 %-ға, eni SpA (бұрынғы Agip) 29,25 %-ға, Chevron Corporation 18 %-ға, Лукойл 13,5 %-ға және ҚазМұнайГаз 10 %-ға өзгертті. ӨБТК сәйкес Мердігерге кен орнын игеру жұмыстары үшін жауакершілікті 2038 жылға дейін артып отыр. Мердігер тобын құрайтын жоғарыда аталған бес компания Қарашығанақ кен орнынан барынша көп түсім алу мақсатында өздерінің халықаралық тәжірибесін Қазақстан Республикамен бөліседі.

Қазіргі таңда 4 000-ға жуық адам КПО-ның дарынды және көп ұлтты тобында жұмыс атқаруда. ӨБТК-ге қол қойылған күннен бастап, Мердігер тұрақты өндірістік құнды неғұрлым жоғарылату мен қоршаған ортаға әсерді неғұрлым төмендетуге бағытталған жетекші


технологияларды қолдану арқылы саланы дамытуға 18 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы құйды.

Сатылымнан түсетін табысты неғұрлым жоғарылату мақсатында өндірілген көмірсутек экспортталуда. ҚӨК-де төртінші технологиялық желісінің сұйық көмірсутектерді тұрақтандыру желісі іске қосылғаннан соң, сұйық көмірсутек өндірісінің 93 пайызға жуығы 2012 жылы тазартылмаған шикізат мұнай күйінде батыс нарықтарына Каспий құбыр консорциумы (КҚК) және «Атырау-Самара» құбыры (Транснефть жүйесі) арқылы экспортталды. КҚК құбыры шикізатты Новороссийсктің Қаратеңіз портына және Атырау-Самара құбыры Приморсктің Балтық теңізі портына және Новороссийсктің Қаратеңіз портына, сонымен қатар Польшаға жеткізіледі. КҚК арқылы жеткізілген өндірістің 10 пайызын FPSA IMC үлестес компаниясы Республика пайдасына игеруде. Қалған сұйық көмірсутектер 2012 жылы тұрақтандырылмаған конденсат күйінде Орынбор арқылы Ресейге экспортталды немесе жергілікті нарыққа жеткізілді.



ҚӨК операторлық бөлмесінде

Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер



ҚАРАШЫҒАНАҚ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ШОЛУ


Кен орнында өндірілген газ резервуар қысымын сақтау мақсатында резервуарға кері айдалды, КазРосГаз компаниясына ұзақ мерзімді шарт арқылы өңделмеген газ ретінде сатылды және азғантай пайызы (4,5 пайыз) КПО кешендері үшін электр қуатын өндіру мақсатында тазартылды (яғни құрамынан сульфат жойылды) немесе жергілікті нарыққа сатылды.

Кен орны орналасуының сипаттамасын көру үшін 17-18 бетті қараңыз.

КҚК және «Атырау-Самара» құбыры арқылы мұнай экспорты



Қазақстан және КПО экспорттық бағыттарының картасы



Өндірілген газдың тек 0,13 пайызы 2012 жылы қалыпты өндірісте және бұрғылау операцияларында жағылды. Қарашығанақтағы газ қолданысы жайында толығырақ ақпаратты 42 беттегі «Табиғатты қорғау» тарауында табуға болады.

ҚАРАШЫҒАНАҚ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

2012 ж КПО өткізілген негізгі кен игеру әрекеттері:

- Жаңа 4 ұңғыманы сәтті бұрғылау және 11 ұңғыманы қосу, сонымен қатар кен орнындағы өндіріс және қайта айдау ұңғымалар қорын оңтайландыру мақсатында ұңғымаларды күрделі жөндеу бағдарлама-сын өткізу жалғастыру;
- Үшінші конденсатты сақтау резервуарын аяқтау және ҚӨК мұнай-химия зауытын іске қосу;
- Нысан тұтастығын жақсарту мақсатында жоспарланған күрделі жұмыстарды жалғастыру;
- ГҚДҚ-3 қауіпсіздікті жетілдіру мақсатындағы зерттеулерді және бірқатар қысқа және орта мерзімді іс-шараларды жалғастыру;
- Қоршаған ортаны қорғау жоспарының (ҚОҚЖ) 2011-2013 жылдарға арналған бөлігінің негізгі жобаларын жалғастыру;
- Өндіру шегін кеңейту жобаларына арналған техникалық-экономикалық негіздемені орындау және конструктивті тұжырымдаманы таңдауды уәкілетті органдар бекітілген 2011 жылғы кен орнын игеру бағдарламасына сәйкес жүргізу;
- Кен орнын игеру шараларының қазіргі кезеңі мен соңғы ұзақ мерзімді дамыту арасында уақытша жұмыс болатын және негізгі мақсаты кен орнының қазіргі өндіріс деңгейін сақтау болатын бірқатар қысқа мерзімді даму мүмкіндіктерін зерттеу.

2012 жылы қол жеткізілген негізгі жетістіктер:

- 139,5 миллион баррельге тең тарихтағы мұнай өндірісінің ең жоғарғы деңгейі және соның нәтижесінде мұнай сатылымының да ең жоғары дәрежесіне қол жеткізілді;
- ҚӨК 3-ші конденсатты сақтау резервуарының іске қосылуы КПО келісімшарт жасаушылары алдындағы коммерциялық міндеттерін атқаруына және жағымсыз жағдайлар салдарынан өндірісті тоқтатпауға көмектеседі;
- КПО сатылымдарының кедендік рәсімделуі толығымен Орал кедендік басқармасына көшті.

Жетілдірілген технологияларды енгізудің көмегімен қол жеткізілген жетістіктер:

- Тазартылмаған газды кері айдаудың инновациялық жоғары қысымды, жоғары көлемді жүйесі дайындалды;
- Қазақстандағы бүгінгі күнге дейінгі ең терең көп оқпанды ұңғылар бұрғыланды;
- Ұңғыларды тексеру құрылғысын алғашқы болып қолдану және Dry Low NO_x (DLN)

сығымдағыш газ турбинасын іске бейімдеу арқылы тазартылмаған парникті газ (GHG) шығарындыларының атмосфераға шығу деңгейі төмендетілді;

- Эко-орталықта жаңа жалпы қолдану пешін іске қосу арқылы қалдықтар пайда болу деңгейі төмендетілді.

2012 жылы өндірістің жүргізілуі және келешекте өсудің мүмкіншіліктері

2012 жылы КПО тұрақты және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер, тазартылмаған газ, және күкірті азайтылған газ түрінде, резервуарға айдалған газды санамағанда 139,5 миллион баррель мұнай өндірілді. 2012 жылға жоспарланған міндетті түрде толық аяқталуы тиіс іс-шаралар көлемі бірқатар техникалық және келісім шартқа байланысты себептермен қысқартылды және іс-шаралардың көпшілігі 2013 жылғы көктемге қалдырылды. Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары стратегиясының шарттары шығындарды азайтып, кірісті көбейту мақсатында қайта қаралды.

Сонымен қатар 8 666 миллион текше фут тазартылмаған құрғақ газ резервуарға айдалды, бұл жалпы өндірілген газ көлемінің шамамен 49,5 пайызына тең.

2012 жылы КҚК және Атырау-Самара құбырлары арқылы іске асырылған сатылымдар көлемі 2011 жылмен салыстырғанда 8 пайызға артты (10 228 килотоннадан және сәйкесінше 9 492 килотоннаға).

Өнім сипаттамаларына сәйкестігі

Шикі газ және тұрақтандырылмаған газ конденсатын сату және сатып алу келісімшарттарының ережелері мен шарттарына сәйкес осы келісімшарттарда көрсетілген талаптарға сай болуы тиіс жеткізілетін өнімдер.

Өндірістің барлық кезеңдерінде көмірсутекті өңдеу және тасымалдау барысында КПО химиялық лабораториясы ҚР тіркелген халықаралық және ұлттық стандарттарға, соның ішінде сатып алушылармен сатып алу және сату келісімшарттарында келісілген ерекшеліктерге сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында сынамалар алынып, сараптамалар мен тексерістер жүргізеді.

Мұнай экспортын жеткізу кезіндегі адамдар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауын қамтамасыз етудің техникалық шарттары № 1347-2005 ҚР Стандартында белгіленген.

ҚӨК-де өндірілген газ сапасы № 5542-87 ұлттаралық стандартқа сәйкес анықталады. Газ сапасының сәйкестігін “НаЦЭК” АҚ Батыс Қазақстан филиалы анықтайды және сапа сертификаты тұрақты сынақтар негізінде беріледі.

2012 жылы КПО-да өнім сапасына қатысты шарттарға сәйкес жағдайлары анықталмады және клиенттің жеке ақпаратына қол сұғу және клиент ақпаратының жоғалуы бойынша шағымдар тіркелмеді.

2012 жылғы өндіріс	млн. м. э. б.	2012	2011	2010
		Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер Орынбор газ зауытына және тазарту зауытына конденсат	мың тонна	850
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер КҚК және Атырау-Самара құбырына мұнай және тұрақтандырылған конденсат	мың тонна	10 246	9 542	8 064
Шикі газ Орынбор газ зауытына	млн текше метр	8 039	7 974	7 901
Тазартылған газ өндірісі ҚӨК зауытына және БҚО халқына сату үшін	млн текше метр	790	751	650
Газды кері айдау Сатылмағандықтан, жалпы өндіріс көлеміне қосылмаған	млн текше метр	8 666	8 129	6 437

ҚАРАШЫҒАНАҚ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫ НЫСАНДАРЫ

Өзара байланысты жүйе

2012 жылдың соңында Қарашығанақта жалпы саны 377-ге жететін ұңғыма жұмыс жасауда, соның ішінде 88 өндірістік ұңғыма және 16 тазартылмаған газды кері айдау ұңғымасы. Өндіріс және өңдеу шаралары негізгі үш қондырғыда өтеді: Қарашығанақ өңдеу кешені, ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3. Шамамен 2000 километрге созылатын құбырлар негізгі нысандарды байланыстыра отырып, сонымен қатар ұңғымалардан және бөлімдер арасында жеткілікті өндіріс ағымын қамтамасыз ететін кен орнының ішкі жүйесін құрайды.

ҚӨК

Қарашығанақ өңдеу кешені 44 өндіріс ұңғымаларынан және ГҚДҚ-2 мұнай конденсатын өңдейді. Мұнай мен газ алдын ала таңдау құрылғысы арқылы ажыратылады. Май құйылымы төрт тұрақтандыру желісі арқылы тазартылады және Атырау экспорт құбырына халықаралық нарықтардағы сатылымға айдалады.

Төртінші сұйық көмірсутектерді тұрақтандыру және тазарту желісі құрамында қосымша конденсатты тұрақтандыру және тазарту желісі, қазіргі Қарашығанақ өңдеу кешенінің (ҚӨК) ішкі нысандарының аумағы және 13 жаңа ұңғыма, қосымша тазартылмаған газды тартып

шығару компрессоры, бірқатар конденсат айдау сорғылары және тартып шығару сорғысы, және екі ішкі өндірістік құбыр мен тиісінше ГҚДҚ-3 пен ерте мұнай сателлитіне қосу құбырлары бар болатын.

Газ өңдеу кезеңі екі ағымға бөлінеді. Бірі кен орнының электр станциясын және жергілікті нарықты отын газымен қамтамасыз ете отырып, тазарту зауытына құяды. Екінші ағым ГҚДҚ-2 қайта айдау үшін және/немесе Орынборға экспорт үшін ГҚДҚ-3 бағытталады.

ГҚДҚ-3

1984 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан ГҚДҚ-3 нысаны 28 ұңғымадан келетін газ бен мұнайды құбыр арқылы Ресейдегі Орынбор газ өңдеу зауытына экспортқа жібермес бұрын ажыратады және жартылай тұрақтандырады. Сонымен қатар іргелес жекеменшік нысанға тұрақтандырылмаған конденсат тазарту үшін жеткізіледі.

Қарашығанақтағы ең ерте салынған нысан ретінде ГҚДҚ-3 2012 жылы Қауіп-қатерді азайту бағдарламасы аясында қауіп-қатерді бағалау шарасы жүргізілді. 2012 жылы анықталған қауіп-қатерді төмендету мүмкіншілігі іске асырылды, соның ішінде жұмысшылардың орналасу орындары ауыстырылып, апаттық жағдайларды қадағалау жүйесіне қажетті өзгерістер жоспарланды.

ГҚДҚ-2

ГҚДҚ-2 2003 жылы енгізілген озық технологияны қолданатын көп функциялы бірден бір нысан. Ол жоғары қысымды тазартылмаған газды ажыратып, өңдеп, кері айдай алады және мұнай өндіріп, оны экспортқа жібермес бұрын ҚӨК-не тұрақтандыру үшін жібере алады. ГҚДҚ-2ге 21 ішкі өндіріс ұңғымаларынан құйылады

ГҚДҚ-2-де өте жоғары қысымда газды айдау жүйесі жұмыс жасайды. Үш компрессор газды 550 барға дейінгі қысымда, құрамындағы H_2S жоғары деңгейімен (9 пайызға дейін) айдай алады.

Газды айдаудың бұл үлгісі сәтті екендігі дәлелденіп келе жатыр, себебі ол жартылай қысым сақталуын қамтамасыз етеді, көмірсутектердің қалпына келуін жақсартады, сонымен қатар күкіртті шығаруға деген қажеттілікті төмендетеді, ал бұл өз кезегінде қоршаған ортаға маңызды пайда тигізеді.

ЭКО-ОРТАЛЫҚ

Эко-орталық мұнай мен газды бұрғылау және өндіруден кейінгі өндірістік қалдықтардан тазартуға арналған алты қондырғыдан тұратын әлемдік деңгейдегі тазарту нысандары болып табылады:

- Мұнай негізіндегі саз ерітіндісі қалдықтарын қауіпсіз және нәтижелі жоюға жағдай туғызатын бұрғылау қалдықтарын тазалайтын термо-механикалық қалдықтар тазарту қондырғысы;
- Бұрғылау ерітіндісін дайындау жүйесі – бұрғылаудағы мұнай негізіндегі саз ерітіндісін араластыру және тазартуға арналған өндіріс нысаны;
- Сұйықтықтарды өңдеу қондырғысы көмірсутекпен ластанған суды тазартуға, жөндеу жұмыстарында қолданған қаныққан минералды ерітіндіні қайта қолдануға және ұңғыманың жоғарғы аралығындағы жұмыстарда қолданған су негізіндегі сазды қайта қалпына келтіруге жағдай туғызады;
- Айналымды қалдықтарды өртеу пеші мұнаймен ластанған топырақты және бұрғылау қалдықтарынан басқа материалдарды өңдеу үшін қолданылады;
- 2011 жылы іске қосылған қоқыс тастау орны жалпы саны 12 тең қолданысқа ендірілген қоқысты ұзақ мерзімге сақтау орындарындағы қатты қалдықтардан қауіпсіз құтылуды қамтамасыз етеді;
- Жаңа жалпы мақсаттағы 2012 жылы іске қосылған пеш.



Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінің көрінісі

ҚАРАШЫҒАНАҚ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

ҚАРАШЫҒАНАҚ-АТЫРАУ ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІ (ҚАТЖ)


ҚАТЖ Қарашығанақ кен орнында өндірілетін тұрақтандырылған сұйық көмірсутектерді тасымалдайтын басты экспорттық жол және бұл құбырлар 2003 жылдан бері пайдаланылып келеді. Тасымалдау жүйесі Қарашығанақ өңдеу кешенінен (ҚӨК) Каспий теңізіндегі Атырау қаласына дейін созылған 24 дюймдік жер асты құбырынан тұрады. Біреуі Үлкен Шағанда, екіншісі ҚӨК-де орналасқан екі сорап станциялары мен Атыраудағы қабылдау және сақтау

нысаны бар. КПО осы нысандар жұмысын қадағалап, басқарып келеді. Атырауда бұл желі Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) жүйесіне қосылып, мұнай әрі қарай Новороссийскіге жіберіледі де, танкерлерге құйылып экспортқа шығарылады.

ҚАРАШЫҒАНАҚ-ОРЫНБОР ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІ (ҚОТЖ)

ҚОТЖ көмірсутектерді Қарашығанақ кен орнынан Ресей Федерациясы Орынбор газ зауытына (ОГЗ) тасымалдайтын ұзындығы 140

км бес құбырдан тұратын жүйе. Бұл құбырлар Қарашығанақты игерудің екінші кезеңі басталар алдында іске қосылды. 28 дюймдік екі құбыр күкіртті газды ОГЗ-на әрі қарай өңдеу үшін тасымалдайды. Оған қоса, жүйе 14 дюймдік үш құбырдан тұрады, олардың біреуі сұйық көмірсутектерді экспортқа шығаратын желі, ал қалған екеуі не тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутекті, не күкіртті газды тасымалдауға қолданылады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Тиімді басқару ірі көлемді инвестициялардың тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. КПО тәріздес біріккен кәсіпорынның күрделі де кешенді жұмыс ортасында біздің қатаң басқару, бақылау және сапа қамтамасыз ету тетіктеріміз табысқа қол жеткізуде аса маңызды ықпалға ие.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Біздің ұйымдық құрылым кәсіпорынымыздың басты құжаты өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімде (ӨБТК) көрсетілгеніндей, бизнесте көздеген мақсаттарымыз бен Қазақстан Республикасының құзыретті органдары алдындағы міндеттемелерімізді орындауға оң ықпал ететіндей жобаланған.

ӨБТК бойынша екі комитет құрылған: Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) және өтім бойынша бірлескен комитет (ӨБК). Екі комитет бес мердігер компанияның, оның ішінде КПО компаниясының акционерлері болып табылатын BG, елі (бұрынғы Agip), Chevron, Лукойл, ҚазМұнайГаз (өкілі FPSA IMC) (барлығы бірге Мердігер болып аталады) компаниялары әрбірінің өкілдерінен және Қазақстан Республикасы атынан өкілдік ететін ӨБТК (қазір PSA LLC) уәкілетті органы тағайындаған адам саны бірдей мүшелерден құралған. Мердігер мен Уәкілетті органның бірдей дауыс беру құқықтары бар. Барлық шешімдер бірауыздан дауыс берумен қабылдануы керек.


ББК

ББК мұнай-газ операциялары, әлеуметтік және инфрақұрылым жобалары бойынша жалпы қадағалауға жауапты. ББК-ге қатысты мәселелер жылдық жұмыс бағдарламасы мен бюджетті, әлеуметтік инфрақұрылым жобаларын және кен орнын игеру жоспары бойынша енгізілуі тиіс кез келген өзгерістерді қарастырып, бекітуді қамтиды. ББК жиналыстары жылына кемінде екі мәрте болып отырады.

ББК Қазақстан Республикасы тарапынан уәкілетті органның мүшелері арасынан тағайындалатын адам төрағалық етеді.

ББК мүшелерінің жұмыс ақысы өздерінің компаниялары тарапынан өтеледі және олар әрбір қатысушы тараптың жоғары басшылығы

Қарашығанақ жоғары басшылығының ұйымдық құрылымы



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

тағайындауымен таңдалады. Тағайындау барысында үміткердің жеке еңбек өтілі және тиісті компанияның саясаты қаперге алынады.

Сатып алу бойынша бірлескен комитет (СБК) ББК аясында құрылатын қосалқы комитет, ол ББК бекіткен тендерлік процедураға сәйкес, КПО компаниясы жасасатын барлық ірі келісімшарттар мен актілерді бекітуге немесе мақұлдауға жауапты. СБК мүшелігі мен дауыс беру құқықтары бойынша ережелер ББК ережелерімен бірдей және ол қабылдайтын шешімдер де бірауыздан бекітілуі керек.

ӨБК

ӨБК көмірсутекті және көмірсутекті емес өнімдер маркетингі бойынша барлық іс-шараларға жауапты. Бұл комитет мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу, айырбастау және сатуға қатысты ұсыныстарды бекітеді. Шешімдер қабылдауда таза пайданың үлес мөлшерін арттыру мақсатын көзделеді.

МЕРДІГЕРЛЕР КОМИТЕТІ

Мердігердің ең жоғарғы басшылығы – бұл мердігерлер комитеті. Мердігерлер комитеті ББК және ӨБК отырыстарында кез келген талқыланатын және дауыс берілетін мәселе бойынша ӨБК аясында мердігердің құқықтары мен міндеттеріне сәйкес мердігердің ұстанымын анықтауға жауапты.

Мердігерлер комитеті құрамына мүшелік мәселесі әрбір бес мердігердің өкілдерінен және КПО-ның басшылығы қатысуымен шешіледі. Барлық шешімдер жекелей немесе бірге алғандағы компания капиталындағы үлес мөлшері кемінде тоқсан пайыз болатын тараптардың қолдап дауыс беруімен қабылданады. Қосалқы комитеттер мердігерлер комитетке және КПО-ға бизнес бағдарламаларды жүзеге асыру қажеттілігі бойынша көмек көрсетуге жауапты.

Мердігерлер комитеті құрамына қазіргі уақытта келесідей қосалқы комитеттер кіреді:

- Қаржы
- Салық
- Заң
- Аудит
- Жұмыс бағдарламасы мен бюджеті
- Сақтандыру
- Үкіметпен байланыс және қарым-қатынас
- Мердігердің өтім комитеті (МӨК)

Басқару құрылымының төменгі тармағы ВГ және ені (бұрынғы Agip) операторлық басты компаниялардың өкілдерінен құралған Басқару комитеті.

Кадрлар бөлімі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ, қауіпсіздік және тұрақты даму тәріздес арнаулы тапсырмаларға жауапты кейбір бірнеше қосалқы комитеттер Мердігер комитетіне де Басқарушы комитетке де қолдау көрсету үшін тағайындалады.

КПО компаниясының бас директоры, оның орынбасары мен басқа да директорлары тиісті басты компаниялар тарапынан тағайындалады. КПО-ның жоғары директорларының рөлдері орта шамамен әрбір үш жыл сайын ВГ және ені арасында ауысып тұрады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КПО ДИРЕКТОРЛАРЫ МЕН БАСҚАРУШЫЛАРЫ



Дамиано Ратти
Бас директор

Дамиано BG Group компаниясында 2006 жылдан бастап директордың өндіріс жөніндегі басқарушысы қызметін атқара бастады, кейін бас атқарушы директор және BG Италия компаниясының төрағасы лауазымдарына көтерілді. Еңбек ету барысында ол бизнес шараларын басқаруда барлау, қуат өндіру, газ өтімі және сұйылтылған табиғи газ салаларында құнды еңбек өтіліне ие болды.

Дамиано BG Group компаниясына келмес бұрын Shell Италия компаниясында түрлі жоғары лауазымдарда қызмет атқарған. Оның бұрын атқарған лауазымдарының бірі табиғи газ бөлімінің бас менеджерлігі, осы лауазымда ол стратегияны құрау және Италияда, Францияда, Орталық және Шығыс Европа елдерінде бизнес жүргізуді дамытуға жауапты болды. Ол 2012 жылы КПО Бас директорлығына тағайындалды.



Лука Виньяти
Өндіріс директоры және бас директордың орынбасары

Лука техникалық және басқарушылық саладағы бай еңбек өтілімен бірге Норвегия, Тунис, Ұлыбритания және Түркменстан тәріздес алыс шетелде атқарған айтарлықтай мол кәсіби тәжірибеге ие. Лука КПО-ға келмес бұрын Agiba-Egypt компаниясының басқару директоры лауазымында болды, аталған компания екі компаниясы мен Мысыр елінің мемлекеттік мұнай компаниясы арасындағы құрлықта да, теңізде де қызмет ететін біріккен кәсіпорын болып табылады. Лука КПО-ға 2012 жылы Өндіріс директоры болып тағайындалды.



Андреа Сакки
Қаржы директоры

Андреа Agir компаниясында 1992-1998 жж. аралығында қызмет атқарып, 2007 жылдан бастап қайтадан екі корпорациясының қатарына қосылды. КПО-ға келмес бұрын ол екі корпорациясында жоспарлау және бақылау менеджері, инвестициялық жобалар менеджері ретінде қызмет атқарды.

Еңбек ету барысында ол қаржы және есеп бойынша Италияның FIAT Group және Alitalia тәріздес ірі кәсіпорындарында қызмет ете отырып, мол тәжірибе жинақтады. Ол Ұлыбритания, Ангола, Тайланд, Түркия, Испания және Германия тәріздес дүниежүзінің түрлі елдерінде еткен қызметі бойынша шығындарды басқару және қаржы салаларында халықаралық жұмыс тәжірибесіне ие. Андреа КПО-ға 2011 жылы Қаржы басқарушысы ретінде тағайындалып, 2012 жылы қаржы директоры лауазымына көтерілді.



Брайан Эсснер
Маркетинг директоры

Брайан КПО-ға маркетинг директоры ретінде 2012 жылы BG Group тарапынан тағайындалды. Осы лауазым алдында ол BG Group-тың АҚШ-тағы біріккен кәсіпорынындағы активтерді басқару тобында қызмет еткен болатын, ол бұрын BG Group компаниясының СТГ сатылымын ұйымдастыру бойынша BG компаниясының жаһандық СТГ жеткізу портфолиосын басқаруға жауапты жұмыстармен айналысқан болатын. Брайан Мысыр, Экваториалдық Гвинея, Нигерия, Тринидад Тобаго және АҚШ елдерінде қызмет атқара отырып, біріккен қуат басқару, халықаралық келіссөздер, қуат нарығы, коммерциялық және іскерлік даму бойынша материалды табыстарға қол жеткізген жұмыс тәжірибесінен өткен. Брайан BG Group-қа қызметке келмес бұрын Panhandle Energy компаниясының құбыр желілері, сақтау нысандары мен СТГ жұмыстары бойынша түрлі лауазымдарда қызмет атқарды.



Иен Браун-Питерсайд
Заң мәселелері жөніндегі директор

Иен бүкіләлемдік құқықтық түрлі салаларда ауқымды халықаралық тәжірибеге ие. BG Group компаниясында 2006 жылдан бері қызмет атқаруда. BG-дегі еңбек жолының басында Нигерия жобасында, кейін Қазақстанда, негізінен нормативтік-құқықтық сәйкестіктің сақталуы мен басқару, келісімдер жасасу жөніндегі заңдық мәселелер аясында маманданды. BG-ге келер бұрын Иен «Херберт Смит» халықаралық заң компаниясының Лондон, Гонконг және Токио кеңселерінде жұмыс істеді. КПО-да заң мәселелері жөніндегі директоры болып 2013 жылы тағайындалды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КПО ДИРЕКТОРЛАРЫ МЕН БАСҚАРУШЫЛАРЫ



Нуржан Камалов
Үкіметпен байланыс
жөніндегі директор

Нұржан Қарашығанақ жобасы бойынша 20 жылдық жұмыс тәжірибесіне ие. Мұнай және газ кәсіпшілігіндегі ұзақ мерзімдік жұмыс барысында Нұржан Қарашығанақ кәсіпорынында түрлі басшылық лауазымдарда қызмет атқарды. Ол осыған дейін үкіметпен байланыс және корпоративтік істер жөніндегі атқарушы басшы және Корпоративтік мәселелер мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқарушысы лауазымдарында болды. Қазіргі уақытта Нұржан әлеуметтік инфрақұрылым жобалары, мемлекеттік органдармен қарым-қатынас және сыртқы байланыстар, оның ішінде ҚР уәкілетті органымен, үкіметтік ұйымдармен, халықаралық және жергілікті баспасөз өкілдерімен қарым-қатынастарға жауапты. Нұржан 2007-2012 жж. аралығында Қазақстан мұнай ассоциациясы алқа кеңесінің төрағалығын атқарды.



Кристофер Секит
Қызмет көрсету
жөніндегі директор

КПО-дағы қызметке дейін Кристофер BG Group компаниясында 25 жылдан астам қызмет атқарып, Индиядағы, Тайландтағы және Солтүстік Ирландиядағы BG Group компаниясының бірлескен кәсіпорындарын бизнес үдерістерімен қамтамасыз ету бойынша көптеген қызметтерді ұсынатын менеджмент саласында мол тәжірибе алды. КПО-да Кристофер әртүрлі басқару қызметтерінде жұмыс жасады, оның ішінде негізгі мүдделі тараптармен іскерлік қарым-қатынас орнатуға және сәйкестікті қамтамасыз ету құрылымын әзірлеуге жауапты іскерлік байланыстар бойынша аға кеңесші болды. Сонымен бірге ол тиімді менеджментпен қамтамасыз ететін және үдерістер мен процедураларды бақылайтын басқару құрылымына жауапты басқарудың корпоративтік мәселелері жөніндегі басқарушысы қызметін атқарды.



Маттео Тизи
Жобаны жүзеге асыру
директоры

Маттео епі корпорациясына 2005 жылы жұмысқа орналасқан, ол бұрын Жоба менеджері ретінде Ресейдегі және Түркменстан елдерінде жоба дайындаумен айналысқан. Маттеоның кәсіби тәжірибесі Батыс Сібірдегі Самбургский жобасының менеджері лауазымындағы жұмысын қамтиды. епі корпорациясынан келмес бұрын Маттео Италияның мұнай және газ, химия және электр стансаларына жобалау, жабдықтау және құрылыс қызметтерін көрсетумен айналысатын Tespimont компаниясында қызмет атқарған. Ол КПО-да 2012 жылдан бастап жобаны жүзеге асыру директоры болып қызмет етіп келеді.



Альберто Меанти
Жобаны дамыту
жөніндегі директор

Альберто мұнай және газ саласында 20 жылдан бері қызмет етіп келеді, оның ішінде түгелге жуығын епі корпорациясында жұмыс істеген. Өзінің қызмет ету барысында Альберто көптеген жоба дайындау жұмыстарымен, оның ішінде, негізінен алғанда, Батыс Африка, Мексика бұғазы және Солтүстік теңізде ірі зауыттар мен өндіріс жобаларын дайындаумен айналысып келген. КПО-дан бұрын ол епі компаниясының Ирандағы бөлімінде дамыту директоры және басқарушы менеджердің орынбасары лауазымдарында болған. Ол КПО-ға 2011 жылы жұмысқа орналасты.



Кристиано Джоаккини
ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және сапаны
басқару бөлімінің
басқарушысы

КПО-дан бұрын Кристиано Agip KCO компаниясында ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және сапа менеджері лауазымында Қашаған эксперименталдық игеру жобасында қызмет атқарды. Осы лауазымда ол 2010 жылы 40,000 қызметкерден тұратын құрлықтағы және теңіздегі жобалардың ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және сапа бөліміне жауапты болды. Бұрын Кристиано ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және сапаны басқару бойынша епі корпорациясының және EPIC Contractors Италия, Ирландия және Ресейдегі филиалдары мен мердігерлерінде басшылық қызметтерінде болды. Ол КПО-ға 2012 жылы ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және сапаны басқару бөлімінің басқарушысы болып тағайындалды.



Стивен Райт
ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ,
және сапаны
басқару бөлімінің
басқарушысы

Стивен еңбек қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және қызметі бойынша бай жұмыс тәжірибесіне ие. Ол КПО-дан бұрын BG Group-та корпоративтік қауіпсіздік менеджері және Аймақтық ЕҚ, ҚТ және Қ, ҚОҚ бас менеджері лауазымдарында қызмет атқарған. Ол өз қызметін атқару барысында Ұлыбританияның Transco және National Grid тәріздес түрлі ірі компанияларында қатерлерді басқару процестері, ЕҚ, ҚТ және Қ, ҚОҚ стратегияларын дайындау және басқару жүйелері, өндірістік ЕҚ, ҚТ және Қ, ҚОҚ жүйелері, апаттық оқиғалар мен дағдарысты жою бағыттарында жұмыс істеді. Ол КПО-ға 2012 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ және сапаны басқару бөлімінің басқарушысы болып тағайындалды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



**Чезаре Альберти
Ди Катеная**
Корпоративтік
басқарушы

Чезаренің мұнай-газ барлау жұмыстары және қоршаған ортаны қорғау бойынша бай жұмыс тәжірибесі бар. Өзінің 30 жылдық қызмет атқару барысында ол еңі корпорациясының түрлі жобаларында Италияда, Голландияда, Алжирде және Норвегияда жұмыс істеді. Оның ең соңғы атқарған жұмыс орны Agir КСО компаниясында, Гаага қаласында, Қашаған жобасы бойынша барлау менеджері лауазымы мен еңі корпорациясының Милан қаласындағы ҚОҚ бөлімінің қоршаған ортаны қорғау менеджері болды. Чезаре КПО-ға 2010 жылы корпоративтік басқарушы болып жұмысқа қабылданды. Қазіргі жұмысындағы негізгі жауапкершілігі ішкі аудит, бизнесті жоспарлау және қызмет көрсеткіштері, құндылықты қамтамасыз ету және тұрақты даму салаларын қамтиды.



Тревор Мандей
Корпоративтік
басқарушы

Тревор BG Group-та қаржы және ақпараттық технологиялар саласында халықаралық лауазымдарда 10 жылдан астам қызмет етіп келеді. Осы қызметіне дейін ол PriceWaterhouseCoopers компаниясында халықаралық деңгейде мұнай және газ кәсіпшілігінің клиенттерімен технологиялық тәжірибе бойынша басшылық консультанты қызметін атқарды. Тревор 2011 жылы КПО-ның корпоративтік басқарушысы лауазымына тағайындалды.



Зауре Альжанова
Қызметкерлермен
жұмыс жөніндегі
басқарушы

Зауре Қазақстан Республикасындағы жергілікті және халықаралық компанияларда жоғары басшылық лауазымдарда қызмет атқара отырып, еңбек ресурстар басқару тетіктері бойынша мол тәжірибе жинақтаған. Ол BG Group-та жеті жылдан астам еңбек етті. Ол Астана қаласындағы BG Қазақстан еңбек кадрлар жөніндегі бөлімнің вице-президенті лауазымында болды. Зауре Лондон қаласындағы қызметкерлер және дамыту жөніндегі дипломы бар институтының мүшесі және еңбек ресурстарын басқару ғылымының магистрі.



Марко Кастелли
Қызметкерлермен жұмыс
жөніндегі басқарушы

Марко кадрлар бөліміндегі жалпы еңбек өтілі 16 жылдан асады және ол Италия, Конго, Ангола, Иран, Мысыр және Қазақстандағы бөлімдерде түрлі басшылық лауазымдарда қызмет атқарған. 2011 жылы КПО компаниясына келгенге дейін ол Каирде (Мысыр) еңі корпорациясына қарасты IEOS компаниясында кадрлар жөніндегі бөлімнің менеджері болып қызмет атқарған.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Өзінің қызметінің барлық аспектілері бойынша және өнім бөлу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК), КПО халықаралық танылған стандарттарға сай қызмет етеді, осы стандарт талаптары компанияның саясаттарында, процедураларында және тиісті үздік жұмыс жүргізу әдістерінде көрініс тапқан. Олар біздің басқару жүйелерімізде қамтылған және біздің әдеп ережелеріміздің, еңбек қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ) жүйесінің, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатының, өндірісті басқару жүйесінің және корпоративтік басқару жүйесінің нұсқаулығында қарастырылған.

Біздің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі және қоршаған ортаны қорғау жүйелеріміз OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттарына сай тиісінше сертификатталған.

2009 жылы операторлардың тұрақтылық мәселелері жөніндегі жұмыс тобы атқарған ауқымды шаралардан кейін, КПО тұрақты даму кодексін дайындап шығарды. Осы кодекстің мақсаты КПО компаниясының тұрақты даму бойынша іс-шараларының іргетасын қалап, жол нұсқаушы қағидаларын анықтау болып табылады; ол халықаралық және Оператор компаниялардың үздік тәжірибелеріне сүйене отырып дайындалды.

КПО компаниясының тұрақты даму кодексін www.kpo.kz сайтынан және компанияның интранет порталынан табуға болады.

ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

КПО ішінде кәсіпорын бетпе-бет келетін іскерлік қатерлерді анықтау және тиімді басқаруға арналған ресми қатерлерді басқару үдерісі жұмыс істейді. Бұл үдеріспен қатар рөлдер мен жауапкершіліктер қатерлерді басқару нұсқаулығына сай анықталады. Корпоративтік басқару жүйесіне жауапты тұлға қатерлерді басқару жүйесін іске асуын қадағалайды және компания деңгейінде КПО-ның алдына шығатын барлық қатерлер мен оларға қарсы орындалатын іс-шаралар мен жұмыс орнында қолданылатын әрекеттену шаралары көрсетілетін корпоративтік қатерлерді тіркеу журналын жүргізу жауапкершілігін атқарады. Ең жоғары деңгейлі қатерлер хабарланып, КПО-ның жоғары басшылығы әр тоқсан сайын қатерлер жөніндегі комитеттің отырысында осы мәселелерді қарастырады. Әрбір талқылаудан кейін, корпоративтік басқару жүйесіне жауапты тұлға мердігерлердің коми-

теттеріне компания бетпе-бет келіп отырған 20 ең жоғары деңгейлі қатерлер туралы егжей-тегжейлі тоқсандық қатерлер тіркелімдері есебін ұсынады.

Біздің қызметіміздің табиғатына байланысты тұрақты даму қатерлері біз үшін басты назардағы мәселе. Мұндай қатерлер Қарашы-ғанақ кенішін игеру мәселелері бойынша мүдделі тараптармен ықтимал келіспеушілік, қызметкерлердің қауіпсіздігі мен активтердің біртұтастығы, тосын төгінділер және шығарынды жағдайларымен байланысты экологиялық қатерлер, қоршаған ортаны қорғау ережелері және заңнамаларына сәйкестікті қамтамасыз ету және рұқсат алу мәселелері, әдеп қағидаларын сақтау, білікті жергілікті мамандарды жұмысқа тарту және олардың басқа компанияларға кетуін және компания беделіне нұқсан келтіретін жағдайларды болдырмау мәселелерін қамтиды. Біз осы қатерлерді Қатерлер комитетінің отырыстарында ұдайы қарастырамыз және сол бойынша тиісті шараларды жоспарлаймыз. Сондай-ақ жергілікті мамандардың шеберліктерін шыңдау, жергілікті білікті жеткізушілерді іске тарту және аймақтың халқына әлеуметтік жағынан қолдау көрсету де біз үшін басты назардағы мәселе.

Тұрақты даму жөніндегі есептерді дайындау соңғы 5 жыл бойынша КПО үшін танымдық тұрғысынан мүмкіндіктер тудырды, өйткені ол компания ішіндегі мамандар арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты арттырып, жоғары басшылықтың бизнестің ұзақ мерзімді тұрақты даму мәселелері араласуына жол ашты және Ғаламдық Есеп Беру бастамасы аясында жетілген есеп беру тәжірибесі бойынша ішкі және сыртқы біліктілікті арттыруға мүмкіндік берді. Жалпы есеп беру процедура-сы бизнес үдерістерді ұдайы жетілдіруге үлес қосып, өзіміздің ұйымымыз туралы жан-жақты түсінікке қол жеткізуге көмектеседі.

САПА КЕПІЛДІГІ

Бұл жүйелер мен саясаттың барлығы аудиттік тексеруге жатады, олар арқылы КПО-ның басшылығы мен мердігер компаниялар үшін қатерлерді, оның ішінде тұрақты даму қатерлерін анықтау және басқаруға және бекітілген үдерістердің талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Компания ішінде, талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету шараларын Ішкі корпоративтік аудит тобы орындайды, олар КПО-ның барлық іс-шараларына тексеру жүргізеді. КПО-ның ішкі

қатерлерді басқару үдерістері, директорлар талқылауы, басты компаниялардың талаптары мен КПО-ның өңдеу алаңдары туралы жіті мәлімет беретін өзіндік аудит моделі арқылы жыл сайын арнайы тексеру алаңдары мен әрбір алаң бойынша тексеру жиілігі анықталады. 2012 жылы әдеп қағидаларын орындау мен қорларды басқару мәселелері айналасында 12 ішкі корпоративтік аудит өткізілді.

Талаптарға сәйкестікті тексеру бойынша сыртқы тараптар өткізетін аудиттер де белгілі бір жиілікте орын алып отырады. Оның ішінде жылдық басты компания аудиті КПО-ның өзінің саясаттары мен стандарттарын және кәсіпшіліктегі үздік тәжірибелерді қамтамасыз етуді електен өткізсе, Қазақстан Республикасы заңнамалық талаптарының орындалуы қадағалаушы органдар тарапынан тексеріліп отырады. 2012 жылы қараша айында ені, BG, Лукойл және Chevron сияқты мердігер компаниялар екі басты компания аудитін өткізді. Аудит барысында заңнамалық сәйкестік, өкілеттілікті тапсыру, қаржы, КБ, қорларды басқару, сыртқы байланыстар мен компания беделі және АТ мәселелері сыннан өтті. ені және BG компаниялары 2012 жылы шілде айында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ оператор аудитін өткізді.

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СӘЙКЕСТІКТІ САҚТАЛУ ЖҮЙЕСІ

Тәртіп кодексі

Ережелерге сәйкестікті қамтамасыз ету компания ішінде барлық ережелерге бағынудың барлық аспектілері бойынша нұсқау береді және ұйым ішінде оларды жүзеге асыра отырып, КПО-ның іргелі құндылықтары мен негізгі сенімін қалыптастырады.

Ережелерге сәйкестікті қамтамасыз ету негізінің басты түйткілі тәртіп кодексі. Бұл кодекс негізгі әдеп қағидаларын, құндылықтары мен жүріс-тұрыс тәртібін белгілейді және бұл КПО-ның бизнес жүргізудегі даңғыл жолын көрсетеді. Қайта қарастырудан өткен тәртіп кодексі 2012 жылы қыркүйек айында қолданысқа енгізілген болатын.

Ережелерге сәйкестікті қамтамасыз ету негізі заңның сақталуын қамтамасыз ету заңгері мен заңның сақталуын қамтамасыз етуді үйлестіруші менеджер тарапынан басқарылады, олардың екеуі де Заң директорында қызмет етеді. КПО-да Заңның сақталуын қамтамасыз ету комитеті жұмыс істейді, оған Заң директоры төрағалық етеді, ал қалған мүшелері КПО-ның

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

жоғары басшыларынан құралады. Комитет отырысы әр тоқсан сайын өтіп тұрады және жиналыс кезінде КПО қызметінің заңға сәйкестігі бойынша барлық мәселелер талқыланады.

Оқыту

2012 жылы тәртіп кодексі мен заңның сақталуын қамтамасыз ету бойынша жаңадан кірген қызметкерлерді қоса есептегенде 1 069 қызметкер топта оқу курстарынан өтті. Бұл шараның мақсаты КПО-да әдеп мәдениетін қалыптастырып, әрбір қызметкерге оның компания алдындағы міндеттемелерін түсіндіру. Әр топ орташа есеппен 13 қызметкерді құрап, шамамен 81 оқу курсы өткізілді, оның әрбір курсы 1,5 сағат жалғасты.

Сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімі сондай-ақ 333 қызметкерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар бойынша оқу курсын ұйымдастырды, ол бойынша әрбір оқу тобында 18 қызметкерден оқытылды. Осы 1,5 сағаттық оқу курсына келісімшарттар мен сатып алу, қойма және логистика, сапарларды ұйымдастыру бөлімі, виза бөлімі және тасымал департаментінің қызметкерлері қатыстырылды. Бұл бөлімдер мемлекеттік тұлғалармен жиі қарым-қатынаста жұмыс істейді, сондықтан КПО әрбір қызметкердің ауыз майлау және сыбайлас жемқорлық жөніндегі қатерлер туралы хабардар болуына мән береді.

Ереже бойынша барлық КПО персоналына компанияның интранетінде берілген тәртіп кодексі, мүдделер қақтығысы және заңның сақталуын қамтамасыз ету саясаттарымен танысуы және жыл сайын онымен танысқандығын растап отыруына талап қойылған.

Сенім желісі және басқа да сәйкестікті қамтамасыз ету шаралары

2012 жылының ақпан айында КПО тегін, анонимді және конфиденциалдық сенім желісін іске қосты, бұл шара компанияның заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету бағдарламасын жүзеге асырудағы жасаған тағы бір маңызды қадамы болды. КПО сенім желісі бойынша халықаралық компаниясымен келісімшартқа қол қойды.

Бұл желі тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді және қызметкерлер өздері байқаған немесе тап болған заң немесе әдеп талаптары мен қағидаларының бұзылу жағдайлары, оның ішінде, кемсіту, жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеу, мүдделер қайшылығы, ҚТ немесе экологиялық талаптарды бұзу және (немесе) орынсыз қаржы жұмсау немесе сыбайлас

жемқорлық жағдайлары туралы ақпарат бере алады. Хабар беруші аталған жағдайлар туралы телефонмен қоңырау шалу немесе жазбаша хабарлама жолдау арқылы мәлімдеуіне болады. КПО компаниясына мұнан кейін есеп беріледі, берілген есеп бойынша тиісті шараларды анықтау мәселесі шешіледі. Мәлімденген жағдай бойынша қандай шаралар қабылданғаны сенім желісін жеткізушіге кері байланыс орнату үшін жеткізіледі.

2012 жылы КПО сенім желісі арқылы 15 хабарлама алды (кейбір қайталама хабарлармен бірге), олар тиісінше қарастырылып, керекті шаралар қабылданды. Шағымдардың басым бөлігі еңбек ресурстар бөлімімен байланысты мәселелер жөнінде болды және олар бойынша тиісінше шешімдер қабылданды.

Сенім желісінің іске қосылуымен бірге КПО компаниясы сыбайлас жемқорлықпен күресуде халықаралық стандарттарға сәйкес шаралардың бірін орындады және адал да қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз етуде КПО қызметкерлері үшін жасалған маңызды қадам.

Барлық қызметкерлердің әдеп ережелері бойынша өз міндеттемелерін білуін қадағалау КПО-ның жылдық мақсаттарының бірі. Қызметкерлер үшін компания интранетінде оқып танысуы және танысқандығын растауы үшін компанияның саясаттары берілген. Интранетке кіруге мүмкіндігі жоқ қызметкерлер үшін осы саясаттардың қағаздағы көшірмелері беріледі және қызметкерлер осы саясаттармен танысқандығы туралы растап қол қояды.

2012 жылы қараша айының соңында барлық КПО қызметкерлері онлайн режимдегі заңдар мен ережелерге сәйкестік декларациясымен танысып, осы жөнінде олардың растаулары алынды.

Заң директорында да тіркеулер жиынтығы жүргізіледі, олар бойынша заңдар мен ережелерге сәйкестік мәселелері тіркеліп отырады, мәселен, КПО-дан бөтен компанияның қызметкеріне көрсетілетін қонақ күту немесе сапар қызметтері, КПО мүліктерінің ұрлану жағдайлары және оларды іздестіру нәтижелері, КПО қызметкерлеріне берілетін кез келген корпоративтік сыйлықтар мен қонақасылар тіркеуге алынады және сондай-ақ кез келген сыбайлас жемқорлық жағдайлары арнайы тіркеуге енгізіледі.

Сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі кешенді аудит

КПО акционерлері халықаралық біріккен компаниялар және соған байланысты өздерінің

елдерінде қолданылатын халықаралық заңдарға бағынуы керек болғандықтан, КПО компаниясы да төмендегі заңнамаларға бағынуға міндетті:

- ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы бойынша пара алу немесе беру жағдайларында, сондай-ақ оған себеп болған кезде, тұлғаға үш түрлі жауапкершілік жүктейді;
- ҚР Қылмыс кодексінің 231-бабы (коммерциялық пара), 311-бабы (пара алу), 312-бабы (пара беру) және 313-бабы (дәнекер болу);
- ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі – 533-бабы (материалдық сыйақы беру), 533-1-бабы (материалдық сыйақы алу);
- АҚШ Шетелдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңы;
- Италияның 231-қаулысы; және
- Ұлыбритания Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңы, 2010 жыл.

Тиісінше КПО өзімен жұмыс істейтін барлық іскерлік серіктестер, жеткізушілер, өндірушілер, мердігерлер мен қызмет көрсетушілерге де кәсіпкерліктің әдептілік қағидаларына бағынуын талап етеді.

КПО мен оның серіктестері – өндірушілер, жеткізушілер, агенттер, жүк жөнелтушілер, қосалқы мердігерлер және т.б. ҚР аталған заңдары мен мердігердің өз елінің сәйкес заңнамаларына бағынуға міндетті және осы міндеттемелер КПО-ның үлгі келісімшарттарына енгізілген.

КПО компаниясы осы талаптар мен шарттарды орындай білуі үшін, біз іскерлік серіктестеріміздің өзара әрекеттесулері мен қолдауларына мұқтажбыз. Корпоративтік басқаруда көңіл аударуды қажет ететін тұстардың бірі – сыбайлас жемқорлықтың, параның және ақшаны заңсыз жұмсаудың алдын алу.

Басқару және тиісті заңнаманың басты сипаты «өзіңіздің іскерлік серіктестеріңізді білу» және олардың атқаратын қызметі мен жұмыстарына қатысты міндеттемелері туралы ақпарат алу. КПО әрбір ұйыммен байланысты қатерлерді азайту және қатер тудыруы ықтимал аспектілерді жою шараларын қолға алу мақсатында Әдеп қағидаларын тексеру бағдарламасын қолданысқа енгізді.

Бүгінгі таңда біршама компания тексеруден өтті және КПО осы үдерістің біздің мердігерлеріміз, жеткізушілеріміз және өндірушілердің КПО-ның жоғары стандарттары бойынша жұмыс істеулері талпыныс тудырғанына сенімді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КПО нәтижесінде алынған ақпараттың және корпоративтік ақпарат беретін халықаралық дерекқорлар негізінде қауіп-қатерді бағалау үшін сауалнамалар жүргізеді.

КПО осы жыл ішінде 472 компанияны бағалады, сол компаниялардың қатарында жаңа және КПО мердігерлер дерекқорында тіркелген және қайта тексеруден өтуді қажет ететін бұрынғы компаниялар да бар. Дерекқорға барлығы 180 ұйым енгізілді.

КПО-ның жүзеге асыру бағдарламасының бір бөлігі ретінде КПО жергілікті компанияларға да біздің этикалық талаптарымызға сай болуларына көмек көрсетеді. Келісімшарттар мен сатып алу бөлімі жергілікті компанияларға дайын үлгідегі құжаттарды береді, осы құжаттар арқылы олар өз тәртіп кодексіні жасай алады және қосалқы мердігерлік бойынша немесе қызметтер, жабдықтар немесе материалдар сатып алуда келісімшарттық құжаттарды қайта қарастыра алады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

Мүдделі тараптармен жұмыс жүргізуде біз міндеттемелерді орындауды қатаң сақтаймыз және біздің анықталған негізгі мүдделі тараптар тобымыз төмендегі кестеде берілген, оның ішінде КПО-ның тиісті бөлімдерінің атаулары, түрлері және жұмыс қатыстылығының жиілігі берілген. Жұмыс қатыстылығының негізгі мәселелері мен тақырыптары осы есептің қатысты тарауларында сипатталған.

Мүдделі тараптармен жұмыс жүргізу кестесі

Мүдделі тараптар		Компанияның тұрақты даму бойынша функциялары												
Негізгі топтар (1-деңгей)	2-деңгей	Заң	Өтім	Сыртқы мәселелер	Корпоративтік орта	Корпоративтік қауіпсіздік	Кен орнындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ	Денсаулық сақтау	Жергілікті қамту	Келісімшарттар мен сатып алу	КБ	Әлеуметтік инфр. жобалары	Жұртшылықпен байланыс	Қатыстылық түрлері
Басты компаниялар	BG Group, eni, Chevron, Лукоил, ҚМГ	апта	күн		ай	тоқсан	жыл	тоқсан	тоқсан		күн, ай		тоқсан	Есептер
Уәкілетті орган	PSA	апта	күн	жыл	ай	жыл	жыл		ай	күн	тоқсан	тоқсан	жарты жыл	Есептер, жиналыстар
Қызметкерлер		күн				күн	күн	күн	күн		күн		ай	
Кәсіподақтар		жыл				жарты жыл		тоқсан			апта			
ҚР Үкіметі	Министрліктер (әрбір департаментке қатысты)		екі ай	екі ай	екі ай	тоқсан	тоқсан	тоқсан	тоқсан		тоқсан			ҚОҚ Министрлігіне есеп
	Жергілікті және аймақтық қузыретті органдар	тоқсан		Екі ай	ай	ай	ай	ай	тоқсан		апта, ай	апта	екі ай	Еңбек департаментіне есеп
	Кеден департаменті		күн											
Серіктестер	Соттар	күн									тоқсан	күн		
	Жеткізушілер/ мердігерлер	апта	күн			ай	тоқсан	екі ай	тоқсан	күн	күн			күнделікті
	Клиенттер		күн					екі ай						
Іскерлік Серіктестер	Қаржы институттары (банктер)		апта											
	Мұнай және газ компаниялары			тоқсан		тоқсан	жыл		тоқсан		жыл		жарты жыл	конференция
БАҚ	Бизнес Ассоциациялар			тоқсан					тоқсан			тоқсан		
	Мемлекеттік/ аймақтық/ жергілікті		күн						екі ай			тоқсан	екі ай	
Жергілікті жұртшылық	Ақсай және көршілес ауыл тұрғындары				тоқсан		екі ай	тоқсан					екі ай	
Белсенділер	ҮЕҰ (халықаралық және жергілікті)								тоқсан				ай	
	ҮЕҰ (демеушілік бенефициарлары)												ай	

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Сонымен қатар, КПО Үкіметтік мүдделі тарап матрицасын дайындап шығарды, ол басты ҚР мүдделі тараптары мен олардың мүдде алаңдарын, қатыстылық түрі мен КПО-мен тоғысатын тұстарын анықтайды.

КПО-ның корпоративтік қарым-қатынас саясаты компанияның ішкі және сыртқы саясатында корпоративтік деңгейде қолданатын тетіктері мен үдерістерін айқындайды. Ол сондай-ақ КПО ішінде қай тұлғаның сыртқы мүдделі тараптармен байланыс жүргізетінін көрсетеді. Басқа да қатысты мүдделі тараптармен арадағы үдерістер бірқатар саясаттар мен процедуралар арқылы анықталады. Атап айтқанда, мүдделі тараптармен жұмыс жүргізу жөніндегі өндірістік процедура, демеушілік және қайырымдылық саясаты, ішкі байланыстар саясаты, КПО компаниясы, Бөрлі аудандық мәслихаты мен әкімдігі арасындағы Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан елді мекендерде консультациялық кеңесін ұйымдастыру туралы өзара келісім меморандумы және жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы.

2012 ЖЫЛҒЫ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

Мердігерлер

КПО өз мердігерлерімен екі тарап та бірге бастан кешіретін күрделі мәселелерді талқылау мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форумын өткізді. Осы форум кезінде КПО компаниясы да мердігерлер де ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тәжірибелерін пайдалана отырып, көрсеткіштерді жоғары деңгейде сақтау және одан да арттыру тәңірегінде пікір алмасты.

Дөңгелек үстел талқылаулары топтарға бөліне отырып презентациялармен көрнекі түрде өткізілді және осылайша мердігерлердің өкілдеріне КПО-мен болған талқылаулар нәтижесіне негізделген бастамалар мен ұсыныстар жасауына мүмкіндік берді.

Ұқсас компаниялар мен басқа саладағы компаниялар

Ақтау қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Қазақстан Республикасында үш ең ірі кенорындарының операторлары Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В., Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В. және Теңізшевройл ЖШС арасында бірлескен инвестициялық форум болып

өтті. Форумның негізгі мақсаты жаңа өндіріс нысандарын ашу және Қазақстанның батыс аймағында жаңа жұмыс орындарын ашу үшін халықаралық компанияларды тарту еді.

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясына Қазақмыс корпорациясының делегациясы іссапармен келді. Бұл іссапардың басты мақсаты ақпарат алмасу және КПО-ның өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша іс тәжірибесін үйрену болатын. Қазақмыс делегациясы сонымен бірге КПО өндіріс нысандарымен танысып, құрал-жабдықтардың, стандарттар мен процедуралардың жұмыс орнында ҚТ қамтамасыз етуде қалай қолданылатынын көріп қайтты.

ҚР мемлекеттік және бақылау органдары

2012 жылы Қарашығанақ кен орнының бүгінгі таңдағы игерілу барысымен танысу мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Қырымбек Көшербаев келіп, КПО басшылығымен кездесу өткізді. КПО бас директоры делегацияны қарсы алып, Қарашығанақ кен орнының игерілуіндегі қазіргі ахуал туралы, оның алдағы уақыттағы жоспарлары мен компания аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жатқан үлесі жөнінде қысқаша баяндап берді.



Аймақтық бейкоммерциялық ұйымдарға арналған «Биджи Қазақстан» семинары

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2012 жылы КПО ҚР Төтенше жағдайлар және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы Нұрбек Құнанбаевты және БҚО Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Қадыр Бисембаевты қарсы алды.

Іссапар кезінде қонақтарға Қарашығанақ кен орнының игерілу барысындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік, төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттену және азаматтық қорғаныс мәселелері қысқаша түсіндірілді. Қазан айында Батыс Қазақстан облысына жасаған сапарының барысында Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау Вице-министрі Бауыржан Әбдішев Қарашығанақ мұнай-газ және конденсат кен орнына іссапар жасады. КПО жоғары басшылығымен өткен жұмыс жиналысы кезінде қонақтарға КПО-ның өндірісі мен қоршаған ортаны қорғау жұмыстарының көрсеткіштері баяндалды.

Компания қызметкерлері

2012 жылы КПО-да қызметкерлермен іргелі корпоративтік-әлеуметтік жауапкершілік және қаржылық емес есептер, қызметкерлердің ой-пікірлерін зерттеу және жаңа қызметкерлерді қарсы алу шарасы туралы сан алуан семинарлар ұйымдастырылды.

Жергілікті тұрғындар

КПО өз қызметінің тікелей ықпалындағы жергілікті жұртшылықпен жақсы қарым-қатынас орнатқан және 2005 жылы Бөрлі ауданының төрт ауылдық округіндегі ұйымдастырылған ауыл алқалары арқылы халықпен диалог құрып отырады. 2012 жылы Бөрлі ауданының көршілес тұрғындарының (Березов, Успен, Приурал және Жарсуат селолық округтері мен Бестау ауылы) ауыл алқаларымен 16 жиналыс өткізілді. Талқыланған мәселелердің қатарында әлеуметтік инфрақұрылым, қоғамдық даму және қоршаған ортаны қорғау болды.

2012 жылы КПО өзінің 2013 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы қоғамдық тыңдау өткізді, оған жергілікті және аймақтық құзыретті органдар, Мәслихат депутаттары, қоғам өкілдері, БАҚ және жергілікті бастамашыл топтар қатысты.

Ақсай мектеп оқушылары арасында қауіпсіздік мәдениетін арттыру мақсатында КПО өкілдері Ақсай радиосының студиясында қонақта болды, ол жерде олар Ақсай қаласының оқушыларымен кездесіп КПО тарапынан 2012 жылы шілдеде дайындалып, радио-

да арнаға ұсынылған жол қауіпсіздігі бағдарламасы туралы әңгімеледі.

Бейкоммерциялық ұйымдар

КПО-ның қызметкерлері КПО-ның серіктес компанияларының бірі ВГ Қазақстан компаниясы аймақтық бейкоммерциялық ұйымдарға ұйымдастырған, Қазақстан азаматтық альянсының қатысуымен өткен семинарларға қатысты. Коммерциялық ұйымдардың қоғамды дамытудағы рөлін түсіну арқылы Үкіметпен, іскерлік тараптармен және қоғам өкілдерімен өзара қарым-қатынасты жақсарту бойынша 3 семинар өткізілді.

Ассоциацияларға мүше болу

КПО Қазақстан мұнай ассоциациясының мүшесі және КПО Сыртқы істер департаментінің қызметкерлері тұрақты түрде Ассоциацияның жоспарлы жиналыстарына қатысып тұрады. Осы жиналыстарда маңызды мәселелер, атап айтқанда қуат, қаржы саласындағы соңғы өзгерістер, салық, экология, мұнай-газ заңнамалары, сонымен қатар экономиканың басқа да маңызды салаларының заңнамалары талқыланып тұрады. КПО Үкіметпен байланыс директоры Ассоциацияның жиналыстарына 2007 жылдан 2012 жылға дейін төрағалық етіп келді.

2012 жылы КПО делегациясы Алматы қаласындағы Қазақстан халықаралық жылдық “Мұнай және Газ” көрмесіне (KIOGE) және Астана қаласындағы Kazenergy форумына қатысты.

КПО Қазақстанның Еуропалық бизнес ассоциациясы және Америка сауда палатасының (АСП) да мүшесі.

Біз жоғарыда аталған ассоциацияларға мүше болуымыз төмендегідей себептермен стратегиялық маңызды деп білеміз:

- Бизнес ассоциациялардың жиналыстарына қатысу басқа мүшелермен қарым-қатынас орнатуға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өнеркәсіп саласының және қаржыландырушы ұйымдардың жоғары басшыларымен кездесуге мүмкіндік береді.
- Ол ассоциациялардың қорларына қол жеткізуге рұқсат береді: Қазақстан Республикасының экономикалық саясаты туралы есептер, заңнамалық өзгерістер мен толықтырулар, Үкіметтің жұмыстары мен есептері, Қазақстанның шешім қабылдаушы тұлғаларымен өткізілетін брифингтер мен семинарлар.

- Мүшелер басты бизнес мәселелері бойынша жұмыс комитеттері мен топтарына шақырылады.
- Мүшелерге басқа түрлі компаниялардың өнімдері мен қызметтері бойынша жеңілдіктер беріледі.



Бөрлі ауданының Әкімшілігінде «2013 жылға табиғат қорғау шаралар жоспары» тақырыбына қоғамдық тыңдау



Мердігерлер форумында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерді талқылауы, Ақсай қаласы

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

КПО компаниясында қауіпсіздік ең маңызды мәселелердің бірі. Техникалық күрделі Қарашығанақ кен орнын игеру мен пайдалану әрбір қызметкер мен мердігердің өз жұмыстарын әрдайым қауіпсіз орындауын талап етеді. Барлық мұнай және газ операцияларының ілеспе қауіп-қатерлері болады: Қарашығанақ кешенінде бұл қиындықтарға ауа-райы температурасының шамадан тыс ауытқулары, өндірілетін көмірсутегі шикізаты құрамында күкіртсутегі мөлшерінің көп болуы және жоғары қысымды шикі газ айдау жұмыстары қосылады.

ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ АЯСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

КПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жүйесі 2008 жылы енгізілді. 2012 жылдың қазан айында ISO 14001 және OHSAS 18001 стандарттары бойынша біріктірілген бақылау аудиті өткізілді. Аудит нәтижелері КПО-ның стандарттарына сай қызмет ететінін растады. Компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі бойынша қызметі тәуелсіз сертификаттау ұйымы тарапынан жоғары бағаға ие болды.

2012 жылы КПО Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саясаты менеджерлерге өздеріне қарасты топтардың жұмыс алаңдарында қауіпсіз жұмыс атқарулары бойынша жеке жауапкершілік жүк-тейіндей етіліп қайта қарастырылды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясаты КПО-ның қызметкерлері мен жергілікті жұртшылықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғауды, біздің қызметімізбен байланысты экологиялық ықпалды барынша төмен деңгейге түсіріп, активтердің тұтастығын және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуді мақсат тұтады.

КПО компаниясының жұмыс барысын орындаудағы ең басты бағыт - қатерлерді басқару болып табылады. Қауіпсіз және тұрақты бизнесті көздейтін жалпы мақсатқа қол жеткізуде және іс-шараларды басты компаниялардың талаптарына сәйкестендіруде, біз активтеріміздің тұтастығын мен өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша ұстанымымызды қайта електен өткіздік.

Активтеріміздің тұтастығын және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету бойынша жаңа тұжырымдама енгізілді: әрбір іскерлік шараның орындалу мерзімі бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатерлері талдаудан өткізіліп, басқарылуына кепілдік беру үшін нысандарды жобалау, салу және эксплуатациялау бойынша қатерлерге негізделген ұстаным қабылданды. Жүзеге асы-

ру құралы ретінде технологиялық процестің қауіпсіздігі және біртұтастықты басқару бағдарламасы енгізілді.

Жоғары басшылық жұмыс орындарында қауіпсіздік деңгейінің арттырылуы бойынша міндеттемені өз мойнына алады:

- Әрбір тікелей менеджер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша көшбасшы болуды, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптарының орындалуын қамтамасыз етуді және қоршаған ортаны бүлінуден қорғай отырып, қызметкерлер мен мердігерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау мақсатымен әрекет ететіндігі жөніндегі толықтай міндеттенеді;
- Әрбір қызметкер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жеке жауапкершілігін және кез келген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселесіне қатысты маңызды жәйттерді ашық түрде хабарлау құқығын ұғынады. Қауіпсіз әрекет немесе шарттар және тастау жағдайлары орын алған жағдайда араласуға және қажет болса, жұмысты тоқтатуға құқылы.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ процестері орындалуын қамтамасыз ету үшін мерзімді түрде жиналыстар, ішкі және басты компаниялардың аудиттерін өткізіп тұрамыз. 2012 жылы шілде айында КПО-да басты компаниялар тарапынан ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесіне ішкі аудит өткізілді.

2012 ЖЫЛҒЫ ҚТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

КПО-ның 2012 жылғы және өткен жеті жылдағы ҚТ бойынша жалпы көрсеткіштері төмендегі кестелерде көрсетілген. 1-кестеде КПО-да орын алған жалпы жұмыс уақытын жоғалту апаттарының жиілігі және тіркеуге алынатын апаттардың жиілігі көрсетілген. Жолақтар 2012 жыл бойынша орташа 12 айдың көрсеткішін көрсетеді, ол жұмыс уақытын жоғалту апаттарының жиілігі бойынша 0,34 (2011 жылы 0,34 деңгейінде болды) және тіркеуге алынатын

апаттардың жиілігі бойынша 0,38 (2011 жылы 0,53 деңгейінде болды) мөлшерін құрап отыр.

КПО-да орын алатын барлық жазатайым оқиғалар бойынша есеп беріліп, тексеру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Бұл хабарлама барлық КПО және мердігер ұйымдардың қызметкерлеріне жеткізіледі және оған жоғары мән беріледі. КПО мердігерлері келісімшарт бойынша КПО нысандарында немесе КПО қарамағында болуы тиіс нысандарда жұмыс атқару кезінде орын алған кез келген жазатайым жағдайлар жөнінде хабарлауға міндетті.

КПО қызметінде орын алатын әрбір жазатайым оқиға жіті тексеріліп, деректер жинақталады, дереу және негізгі себептер, басқаруда кеткен кемшіліктер анықталады және кемшіліктерді түзеу және осы тәріздес оқиғалардың қайталанбауы бойынша кеңес беріледі. Барлық жазатайым оқиғалар жөніндегі деректер Synergi дерекқорында сақталады және түзету шаралары да осы жүйе арқылы қадағаланады.

КПО-ның негізгі өндірістік көрсеткіштері (KPI) жылдық негізде статистикалық деректер бойынша салыстырылып, осындай мәлімет көптеген әлемдік барлау және өндіру операторлары тарапынан Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығына (МГӨ) хабарланып тұрады. Осы есепті дайындау кезінде 2012 жылғы МГӨ мәліметтері әлі дайын емес тұғын.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

1 График. Жұмыс уақытын жоғалту апаттарының жиілігі және тіркеуге алынатын апаттардың жиілігі (КПО мен мердігерлер)



Төмендегі әдіс КПО-да жоғарыда аталған жиілікті есептеу үшін қолданылады:

Жұмыс уақытын жоғалту апаттарының жиілігі = жұмыс уақытын жоғалту апаттарының саны (жұмыс уақыты шығындалатын жағдай + өлім) x 1 000 000/ адам-сағат;

Тіркеуге алынатын апаттардың жиілігі = тіркеуге алынатын апат жағдайларының саны (жұмыс уақыты шығындалатын жағдай+ медициналық ем қабылдау + жұмыс күнінің шектелу жағдайы) x 1 000 000/ адам-сағат.

Ескерту: Алғашқы медициналық көмек көрсету жағдайлары кәсіби жарақат есептеуінде қамтылмаған.

1 кестеде КПО-ның жұмыс уақытын жоғалту апаттарының жиілігі бойынша көрсеткіші мердігерлердің жұмыс уақытын жоғалту апаттарының жиілігі көрсеткішімен салыстырмалы түрде берілген.

1 Кесте. Жұмыс уақытын жоғалту апаттарының жиілігі – КПО мен мердігерлер

Қызмет көрсеткіштері	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Жұмыс уақытын жоғалту апаттарының жиілігі (КПО)	0,79	1,04	0,19	0,00	0,00	0,21	0,00	0,71	0,42
Жұмыс уақытын жоғалту апаттарының жиілігі (мердігерлер)	0,37	0,26	0,44	0,07	0,14	0,10	0,23	0,21	0,30


2 кестеде КПО-ның Тіркеуге алынатын апаттардың жиілігі бойынша көрсеткіші мердігерлердің Тіркеуге алынатын апаттардың жиілігі көрсеткішімен салыстырмалы түрде берілген.

2 Кесте. Тіркеуге алынатын апаттардың жиілігі – КПО мен мердігерлер


Қызмет көрсеткіштері	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Жалпы тіркеуге алынатын апаттардың жиілігі (КПО)	0,99	1,04	0,58	0,53	0,17	0,43	0,11	1,00	0,42
Жалпы тіркеуге алынатын апаттардың жиілігі (мердігерлер)	0,80	0,79	0,73	0,20	0,45	0,69	0,47	0,36	0,36

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

2 График. КПО көрсеткіштерімен Халықаралық мұнай және газ өндірушілер ассоциациясының мәліметтері



3 График. Кәсіби ауру жиілігі (КПО мен мердігерлер)



Кәсіби ауру коэффициенті (100 қызметкерге шаққандағы кәсіби ауру саны) = кәсіби ауру саны x 100/ жалпы қызметкерлер саны

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

3 Кесте. Кәсіби ауру жиілігі – КПО мен мердігерлер

Қызмет көрсеткіштері	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Кәсіби ауру жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	2,46	0,14	0,28
Кәсіби ауру жиілігі (мердігерлер)	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00

4 График. Жұмыс орнында болмау коэффициенті (КПО)



Жұмыс орнында болмау коэффициенті (100 қызметкерге шаққанда) = жұмыста болмау себебімен іс жүзінде жоғалған күндер саны (ауруға байланысты демалыс) x 100/жалпы қызметкерлер саны

5 График. Адам қазасына алып келген оқиғалардың жиілігі (КПО мен мердігерлер)



Өлім жағдайларының жиілігі (жұмыс істелген миллион адам/сағат) = өлім саны x 1 000 000 / жұмыс істелген адам/сағат

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

4 Кесте. Адам қазасына алып келген оқиғалар жиілігі – КПО мен мердігерлер

Көрсеткіштер	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Адам қазасына алып келген оқиғалар жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,14	0,00
Адам қазасына алып келген оқиғалар жиілігі (мердігерлер)	0,00	0,00	0,07	0,07	0,00	0,03	0,00	0,00	0,00

6 График. Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (КПО мен мердігерлер)



Жол-көлік оқиғаларының (RTI) жиілігі жүріп өткен миллион шақырымға шаққанда 2011 жылғы 0,03 деңгейінен 2012 жылда 0,00 деңгейіне түсті. Жоғарыдағы жиілікті есептеу үшін қолданылған тәсіл: жиілігі = Жол-көлік оқиғалары жағдайларының саны (тіркелетін) x 1 000 000 / жүрісі км.

5 Кесте. Жол-көлік оқиғаларының жиілігі – КПО мен мердігерлер

Қызмет көрсеткіштері	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі(КПО)	0,00	0,09	0,10	0,21	0,00	0,12	0,13	0,00	0,00
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі(мердігер)	0,00	0,24	0,24	0,04	0,06	0,03	0,09	0,02	0,00

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ КАРТОЧКАСЫ


2011 жылдың соңына таман енгізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы бағдарламасы есеп беру жүйесін оңтайландыру, дерек жинауды орталықтандыру және қадағалау шараларын үйлестіру қажеттілігінен туындаған болатын. Бағдарлама үш элементтен құралады, олар компания ішінде жекелей ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ құралы ретінде пайдаланылады: қауіпті факторлар туралы хабарлау, қауіпсіз іс-қимыл карточкасы және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша ұсыныс схемасы. Қазіргі уақытта осы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы жұмыстарды орындау барысында байқалатын қауіпті факторлар қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттер немесе іс-қимылдарды хабарлауға мүмкіндік беріп отыр. Карточка арқылы КПО-дағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін жақсарту бойынша ұсыныстар жасау мүмкіндігі пайда болып отыр.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы бағдарламасы өндірістік алаңдарда жұмыстарды барынша қауіпсіз орындауға әсіре назар аударуға, түзету шараларының орындалу барысын қадағалауға, қауіпті факторларды дереу жойып, қажет кездері қауіпсіз іс-қимылдарға араласуға көмектеседі. Толтырылған карточкалар өңделіп, қатысты бөлімдерге және/немесе нысандарға қарастыруға және қажетті шара қабылдауға жіберіледі. Әрбір өндірістік бөлімде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкаларын қарастыру комиссиясы құрылған, олар түйтік мәселелерді қарастырып, әлсіз тұстарды анықтап, нәтижелерді талқылаумен қатар, қауіпсіз және құптарлық іс-қимылдарды марапаттаумен де айналысады.

Бағдарламаның аясында тапсыру және өңдеу процесін жеңілдету мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкаларының онлайн нұсқасы енгізілді.

2012 жылдың тамыз айында КПО-да қызметкерлерді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкаларын пайдалану қағидаларымен таныстыруға арналған электрондық оқу-үйрену құралы қолданысқа енгізілді, оның көмегімен қызметкерлер карточкаларды қалай толтыру керектігін, оны қайда тапсыру керектігін үйренеді және карточкалардың қалай өңдеуден өтетіндігі туралы ақпарат алады. 2012 жылы КПО қызметкерлерінің шамамен 70,6 пайызы осы электрондық оқу-үйрену құралы туралы курс өтті, бұл 2012 жылға жасалған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарындағы шамаланған көрсеткіштен жоғары. Жалпы алғанда, 2012 жылы 9 461 карточка толтырылып, тапсырылды. 2012 жылы аталған

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалары бойынша 2012 жылдың нәтижелері түрлеріне қарай бөлініп төменде көрсетілген:



карточкалардың көмегімен 4 439 қауіпті факторлар мен қауіпсіз емес іс-қимыл жағдайлары әшкереленгенін атап өту қажет. Жылдық статистикалық деректер жоғарыда беріліп отыр.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкаларына қатысты 2012 жылда орын алған басты жағдайлардың арасында төмендегілерді атап өтуге болады:

- Ерекше пікірлері мен шынайы іс-қимылы ақылы ҚТ ережелерін орындауда танытқан құлшынысы үшін КПО қызметкері Құбайдолла Бектасовқа BG тобының «Алтын каска» наградасын жеңіп алды. «Алтын каска» наградасы мен Алғыс хат BG корпорациясының атқарушы директор Мартин Хьюстон атынан Құбайдоллаға ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалары бағдарламасының 2 тоқсан нәтижесі бойынша салтанатты марапаттау кешінде берілді. Құбайдолла өзіне сый ретінде берілген 1 000 АҚШ долларын Ақсай қаласындағы жергілікті тарихи-өлкетану мұражайына сыйлады.
- 1, 2, 3-тоқсандар нәтижесі бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалары бағдарламасының марапаттауына ие болған қызметкерлердің есімдері жарияланды.



Құбайдолла Бектасов, «Биджи Групп» компания «Алтын каска» марапаттың жеңімпазы

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ БАСҚАРУ

Қарашығанақ кен орнында төтенше жағдай кезінде әрекетті басқару және қадағалауды жетілдіру мақсатында 2012 жылы маусым айында ІІ деңгейлі оқиғаларды басқарудың жаңа құрылымдық жүйесі енгізілді. Кен орнымен Ақсай қаласындағы оқиғаларды басқару жауапкершілігі компания ішіндегі қатысты топтар арасында бөлініп берілді.

Кен орнындағы оқиғалар – кен орнында немесе экспорттық құбырлар желісінің бойында, соның ішінде өңдеу алаңдарының, экспорттық құбырлар желісі маңындағы, КПО нысандарына әсер етуі мүмкін қураған шөптердің өртену жағдайларын қамтитын келеңсіз жағдайлар мен кен орны менеджерінің орынбасары арнайы мамандар тобымен (кен орнындағы оқиғаларды басқару тобы) бірге жауапты болып табылатын ІІ деңгейлі әрекет ету операциялары.

Кен орнынан тыс оқиғалар – Кен орнынан тыс жерлерде пайда болатын, өңдеу операциялары мен нысандарына қатысы жоқ кез келген келеңсіз оқиғалар. ІІ деңгейлі әрекеттену операциялары Ақсайдың кезекші менеджері тарапынан басқарылатын арнайы мамандардан құралған топпен (Ақсай қаласындағы оқиғаларды басқару тобы) атқарылады.

Жаңа құрылымдық жүйені іске асыру КПО-ның өзгерістерді үйлестірумен айналысатын төтенше жағдай кезінде әрекет ету мамандары үшін жаңа міндеттемелер мен іс-шаралар қажеттілігін тудырды.

Төтенше жағдай және оның ықтимал өрбуі жағдайында персоналдық кәсібилігі мен тиімді жұмыс атқару деңгейлерін арттыру мақсатында Апаттық жағдайды басқару мен төтенше жағдайларды басқару СМТ топтарының мүшелері үшін бірнеше арнайы оқу курстары ұйымдастырылып, өткізілді.



КПО-ның апаттық қадағалау командасы оқуларында

2012 жылғы ІІ-ІІІ деңгейлі төтенше жағдай (ТЖ) кезінде әрекет ету бойынша оқу-жаттығу жоспарының аясында тематикалық талқылаулар және оқу жаттығулар келесідей шараларды орындау мақсатында орын алды:

- («ДЕЛЬФИН» және «ГРИЗЛИ» жаттығулары) жүзеге асу мүмкіндігін тексеру;
- КПО ТЖ ұйымдастырушылығындағы барлық деңгейдегі басқару және қадағалауды сынау;
- КПО ТЖ құрылымындағы барлық деңгейінің («ФЛАМИНГО жаттығуы») қатысуымен Қарашығанақ кен орнындағы өндіріс нысанында шикі газдың көп мөлшерде жылыстау жағдайы бойынша КПО ТЖ тойтарыс беру процедураларын, жоспарларын мен нысандарын тексеру.

ӨМІРДІ САҚТАУШЫЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Компаниядағы “Өмірді сақтаушылар” атты жаңартылған корпоративтік бағдарламасы 2011 жылы қабылданып, ол 2012 жыл бойына жүзеге асырылып келді. “Өмірді сақтаушылар” бағдарламасы КПО-да аса қауіпті болып саналатын 8 жұмыс түрін қауіпсіз жүргізуге арналған ең аз міндетті талаптарды қамтиды. Әрбір тармақ жеклей компанияның және мердігерлердің қызметкерлеріне таныстырылды.

Компьютермен жұмыс жасау мүмкіндігі жоқ қызметкерлер үшін әрбір тармақ бойынша қосымша презентациялар, үздік тәжірибелер мен тақырыптық плакаттар дайындалды, жағдайды зерттеу, қауіп туралы хабардар болу карточкалары, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша көшбасшылық

нұсқаулық-карточкалары мен электрондық оқу құралдары немесе оқу курсының презентациялары ұсынылды.

“Өмірді сақтаушылар” ережелері, КПО-ның атқаратын жұмыстары бойынша жалпы және арнайы қауіптер мен қатерлер жөнінде хабардар ету мақсатындағы электрондық оқу курсы барлық КПО қызметкерлері үшін міндетті болып бекітілді.

“Өмірді сақтаушылар” ережелерін сипаттайтын пиктограммалар мен дисплейлік нұсқаулықтар және түсіндірме презентациялар компанияның қатер деңгейі жоғары жұмыстар атқарылатын орындардың бәріне қойылды. Осы шара бойынша қосымша ретінде жазба дәптерлері, буклеттер таратылды.

Барлық бөлім менеджерлері мен келісімшартқа жауапты тұлғаларға аталған презентациялар мен оқу бағдарламаларын өздеріне қатысты мердігерлерде де өткізілуін қадағалауға және плакаттардың, қоршау ленталарының және жұмыстарды орындау кезінде персоналдың пайдалануы үшін керекті басқа да ақпараттық материалдардың таратуына қолдау көрсетілді.

“Өмірді сақтаушылар” ережелері күнделікті негізде қадағалау ережелеріне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін алаңдардағы тексеру парақтарына қосылды.

КПО 2013 жылы қалған тақырыпты шығарып, “өмірді сақтаушылар” ережелерін қамтитын тексеру парақтарын қолданысқа енгізуді жоспарлап отыр.



«Ақсай» радиосында жол жүру қауіпсіздіктің бағдарламасы

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

2012 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ ЖОСПАРЫ

КПО-ның 2012 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау шараларын басқаруды, қатерлерді қадағалай отырып, КПО және мердігер мекемелердің қызметкерлері жарақат алмауы және олардың денсаулықтарына зиян келмеуі үшін алдын алу шараларын жақсартуды көздейді. Күнделікті жұмыстарда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жүйелерін жүргізуге назар аударылса, жоспар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша үздіксіз жақсартуды мақсат тұтатын кең көлемді шараларды қамтиды.

2012 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары КПО-ның 2011 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары негізінде жетілдірілді және ол КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз етуге арналған алты элементтен тұрады:

1. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көшбасшылығы және жетекшілігі;
2. Мердігердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі;
3. Қауіпті факторлар туралы хабардарлық және қатерлерді қадағалау;
4. Алынған тәжірибені қадағалау, тексеру және қолдану;
5. Көлік жүргізу және тасымалдау қауіпсіздігі;
6. Экологиялық талаптар.

Барлық алты элементтің орындалуын қамтамасыз ету үшін олардың әрбіріне бірнеше басты мақсат анықталды. Әрбір мақсат бойынша КПО-ның күнделікті қызметі мен процедуралық талаптарынан тыс SMART шаралар қарастырылған. Есептілікті қамтамасыз ету үшін 2012 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары әрбір элемент бойынша элемент жөніндегі үйлестіруші қолдау көрсететін директор жауапты болатындай етіп жасақталды. Әрбір үйлестіруші жеке шаралар, жауапкершіліктер мен жүктемелерді анықтап, бұл тиісті директорлар тарапынан мақұлданды.

2012 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарында қарастырылған барлық шаралар мен соған қатысты жауапкершіліктер және олардың орындалу мерзімдері КПО-ның ресми сақтау және кейіннен қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін Synergi дерекқорына енгізілді. Қадағалануы тиіс ілгерілеушілік жөнінде жоғары басшылыққа және құрылтайшы компанияларға есеп беру үшін жиі аралықтарда әрбір шара жөніндегі ақпарат алынып, қарастырылып отырды.

1. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көшбасшылығы және жетекшілігі

КПО-дағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көшбасшылығы мен басқару әдістерін жақсартуды көздейді.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көшбасшылығының негізгі қағидаларын, ережелері мен тұжырымдамаларына тап көрсету, КПО менеджерлерінің әрбір тобы үшін анықталған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көшбасшылығы көрсеткіштерінің бір бөлігі ретіндегі шаралар жиынтығын талқылау мақсатында 1-ші, 2-ші және 3-ші деңгейдегі менеджерлер үшін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көшбасшылығы жөніндегі оқу курстары өткізілді. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көшбасшылығы құрал-нұсқауы 2012 жыл бойынша жалғасты және басшылықтың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптарын орындау міндеттеріне мүдделілігін көрсету, жұмысшылармен арада екі жақты байланысты нығайту, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптарын КПО және мердігер ұйымдар арасында кеңінен жайылуын қолдау бойынша тиімді құрал ретінде өз қажеттігін дәлелдеді.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ климаттық зерттеу КПО және мердігер ұйымдардың қызметкерлерін қамти отырып жүргізілді. Осы шараның мақсаты компания мен мердігердің қызметкерлерінен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ шаралары жөніндегі ашық пікірлерін алу және КПО компаниясындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдени климатына оң немесе теріс әсер еткен бастамалар мен өзгерістерді анықтау.

Өткізілген сұраунама нәтижелері қызметкерлердің осы бағыттағы, яғни ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптарын орындауға ынталандыру шаралары мен басшылық топтың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндеттерін адал атқаруын құлшына құптап отырғанын көрсетті. Сұраунаманың оң тұстары ретінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша мәлімет беру, оқу курстарымен қамтамасыз ету және қызметкерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бастамаларына қатысу ынталары байқалды.

Сонымен қатар, компания физикалық жұмыс орталарындағы қауіпті факторларды жою, ұйымдағы барлық тараптардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ процедуралары мен стандарттрин құптаулары үшін қауіпсіздік техникасы жүйесіндегі мәселелерді шешу бойынша әрмен қарай жұмыс жүргізуді қарастыруы және әрекет етуі керек. Тікелей менеджерлер мен супервайзерлердің міндеттемелерін анықтау қажеттілігі қос тарапты байланыс арнасы болуын және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ хабарламалары жұмысшыларға дәл жеткізілуін қамтамасыз ету мақсатынан туындады.

Қауіпсіздік техникасы бойынша пікір-көзқарастарды зерттеу шаралары арқылы анықталатын қауіпсіздік мәдениетінің деңгейі субъективті

болуын түсіну маңызды және нәтижелердің іс жүзіндегі ахуалмен салыстырғанда болжалды ақтауына не ақтамауына ықпал ететін факторлар да жеткілікті.

Сұраунаманың нәтижелері 2013 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары мен 2013-2016 жж арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стратегиясын қалыптастыруға зор септігін тигізеді.

2. Мердігердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі

мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару процестерін оңтайландыруды көздейді.

КПО-ның мердігерлерін келісімшарт мерзімі бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері тұрғысынан басқаруды жақсартатын КПО процестері мен процедураларына қатысты көлемді өзгерістер мен жаңартулар 2012 жыл бойына өз жалғасын тапты.

Келісімшарттардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша қатерлер деңгейіне қатысты қажетті талаптарды есепке ала отырып 2012 жылы төмендегідей негізгі құжаттамалар жасақталды:

- Келісімшарттардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатерін сұрыптау әдіснамасы;
- Жеткізушіні қатерге негізделген бағалау критерийлері;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатер деңгейімен пропорционалдық болып келетін келісімшарттардың жаңартылған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптары (Д қосымшасы);
- Келісімшартқа толықтырулар мен өзгерістер енгізу процедурасы;
- Жұмыс ауқымын дайындау жөніндегі нұсқаулар;
- Мердігерлермен жиналыс өткізу жөніндегі нұсқаулар.



Мердігерлер ұйымдарымен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форумы

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Құжаттардың қолданысқа енгізілуі мен процестер бойынша өзгерістерден кейін мердігерлерді басқаратын КПО қызметкерлері үшін бірнеше оқу курстары ұйымдастырылды, қысқа хабарламалар таратылды және жекелей қолдау көрсетілді. Келісімшартқа жауапты тұлғаның міндеттері мен жауапкершіліктері жөніндегі оқу курстары да 2012 бойына ұйымдастырылып келді.

Жаңартылған және жаңа процестерді пайдаланудың тиімділігі туралы оқу курсы мен талқылаумен қатар 2013 жылы шығарылатын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерінің бағалау парағын қамтитын мердігердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспар дайындау үлгісі мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша іс-шараларын басқару стратегиясы бойынша жұмыстар жалғасуда.

Жыл ішінде КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тақырыбында мердігерлермен келесідей екі форум өткізді:

- 2012 жылдың мамырында мердігерлердің жол-көлік қауіпсіздігі жөніндегі біріккен форум;
- 2012 жылдың қазанында КПО-ның мердігерлерімен өткізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форумы.

3. Қауіпті факторлар мен қатерлерді басқару

КПО компаниясы кен орнындағы төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету шаралары бойынша зерттеу жұмыстарын өткізді, бұл зерттеудің мақсаты ҚМГКК игеру барысындағы КПО-ның қызметімен байланысты, адамдардың денсаулығына, активтерге және компания беделіне нұқсан келтіруі ықтимал қауіпсіздік техникасы бойынша әлі де болса қарастырылмаған қатерлерді анықтау және олар жөнінде тиісті құжаттар дайындау болатын. Зерттеу жұмыстары аясында қазіргі уақыттағы төтенше жағдай шараларының кемшіліктері талданып, олқылықтарды түзеу нұсқалары анықталды.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ біліктілік бағалау және қамтамасыз ету бағдарламасының аясында КПО компаниясы 143 КПО тікелей супервайзерлерінің жұмысына бағалау жүргізді. Бағалау нәтижесінде КПО тікелей супервайзерлерінің 38 пайызында біліктілікті арттыру қажеттілігі байқалды. Нәтижелерге сәйкес қажетті шаралар жоспары 2013 жылға жоспарланды.

4. Алынған тәжірибені қадағалау, қарастыру және пайдалану

Осы мәселе аясында КПО 3 деңгейлі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тексеру парақтарын қарастырудан өткізді. “Өмірді сақтаушылар” ережелерінің орында-

луын қадағалау мақсатында, арнайы тексеру парақтарына арнайы өмірді сақтаушы тақырыптарының әрбірі бойынша сұрақтар енгізілді. Түзету шараларын бақылауды арттыру және мәліметтер енгізудің тұрақтылығы мен әрмен қарайғы талдауды қамтамасыз ету мақсатында 3-деңгейлі тексерулер бойынша бірыңғай дерекқор жасақталып, топтар арасында қолданысқа енгізілді.

5. Көлік жүргізу және тасымалдау қауіпсіздігі

Соңғы бірнеше жыл ішінде КПО тұрақты түрде компания жүргізушілерінің қатаң ауа-райы шарттарында көлікті үнемі қауіпсіз жүргізу мәдениетін көтеру мақсатындағы көптеген бастамаларын жүзеге асырып келді. Бұл бастамалар қатарында арнайы қауіпсіз жүргізу курстарын ұйымдастыру, мобильдік жол патрулін пайдалану, компанияның барлық көліктеріне көліктерді бақылау жүйелерін орнату шаралары бар. 2012 жылы Ақсай қаласындағы мектеп оқушыларына алдына алу-түсіндіру шаралары, жергілікті радиода жарыстар өткізу және жергілікті оқу орындарында балалардың жолдан өту кезіндегі жазатайым оқиғалары жөніндегі презентациялар өткізу арқылы жергілікті жұртшылыққа жол қауіпсіздігіне назар аудару жұмыстары өз жалғасын тапты.

2012 жылы төмендегідей негізгі құжаттар дайындалды:

- Жол қауіпсіздігі ережелері жыл ішінде жарық көріп, таратылды;
- КПО-ның көлік-тасымалдау бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ процедуралары мен басқа да қауіпсіздік процедуралары жаңартылды;
- Көлік және жүргізуші құжаттарын тексеру бойынша кең көлемді науқан, олардың кейбірі директорлардың өздері тарапынан орындалды;
- Кен орнындағы қатер деңгейі жоғары көлік қозғалысы аймақтарын тексеру және қарастыру және олармен байланысты жол бояу, жүргінші өткелдері, жылдамдық баяулату өткелдері («жатқан полиция»), жол белгілері мен тасымалдау бағытының өзгеруін көрсететін белгілерді орнату тәріздес шаралар орындалды;
- Ауа-райы туралы деректер және жүргізушілер үшін басқа да пайдалы ақпарат көрсететін электрондық ақпарат тақталары кен орнындағы қауіпсіздік қызметінің тексеру-өткізу бекеттерінде орнатылды;
- Мамыр айында өткен мердігерлердің форумында қысқы шиналарды пайдалану және көліктерді бақылау жүйесі туралы презентация хабарламамен таратылды.

2012 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарына сай, көлікті қауіпсіз жүргізу жөніндегі кеңесшілер

компаниямызға келесідей шаралар үшін шақырылды:

- КПО инструкторлары өткізетін көлікті қауіпсіз жүргізу жөніндегі оқу курстарын (теориялық және практикалық бөлімдерін) тәуелсіз тексеру;
- Бұйым шығарушының нұсқаулықтарының, басқа елдердегі өнеркәсіп тәжірибесі және КПО-дағы өндірістік мерзімдері негізінде КПО-ға және мердігерлерге тиесілі ауыр жүк машиналары мен автобустар үшін қолданылатын қысқы шина түрлері бойынша ақыл-кеңес беру;
- Жол қауіпсіздігі және тасымалдау бөлімінің жұмысымен танысу және бөлімнің көрсеткіштерін жақсарту бойынша кеңес дайындау.

КПО барлық осы шаралар жол-көлік оқиғаларының жиілігі бойынша көрсеткіштерге оң ықпал еткеніне сенімді (жүріп өткен млн. шақырымға шаққандағы жазатайым оқиға саны) – 2011 жылы 0,03 болған көрсеткіш 2012 жылы 0,00 деңгейіне түсті.

6. Қоршаған ортаны қорғау

КПО-ның қоршаған ортаны қорғау бойынша көрсеткіштері осы Есептің 40-51 беттеріндегі сәйкес бөлімінде толыққанды ашып көрсетілген. 2012 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарында негізгі үш бағыттағы іс-шаралар қамтылған:

1. Кен орнындағы қызметкерлердің экологиялық сауаттылығын арттыру

КПО қызметкерлердің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік-құқықтық талаптар, ағымдағы процедуралар мен халықаралық стандарттар бойынша біліктілік деңгейлерін көтеруді көздейді. Осындай шаралардың бірі ретінде «Кен орнындағы қызметкерлерге арналған экологиялық сауаттылықты арттыру» тақырыбындағы семинар өткізілді. Осы шараның аясында кен орнында және Атырау терминалдық мұнай айдау стансаларында бес жұмыс орнында семинар ұйымдастырылды. Компанияның 88 қызметкері осы семинарларға қатысып, берілген ақпараттың сапасы туралы жақсы пікір білдірді.

2. Мұнай төгілу жағдайлары мен ұңғыма атқылау жағдайларынан кейін топырақ және су ресурстарын қалпына келтіру технологияларын дамыту

Бұл жоба 2012 жылдың қараша айында басталды. Жобаның мақсаты ҚМГКК-да пайдалануға икемді топырақты, жер бедерін және жерасты суын қалпына келтіру бойынша ең үздік және ең қолайлы технологияларды анықтау және сонымен бірге пайда болатын қалдықтар көлемін азайту жолдарын анықтау.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

КПО нысандарында көмірсутегі төгілу нәтижесінде ластанған топырақ, жерүсті және жерасты ресурстарын қолданыстағы ең үздік технологияларды пайдалана отырып қалпына келтіру бойынша нұсқаулар басшылыққа тапсырылуы жоспарланған. Жоба 2013 жылдың маусым-шілде айларында аяқталады деп күтілуде.

3. Биотүрлілікке қатысты іс-шаралар жоспары туралы 51 беттердегі тиісті бөлімде көрсетілген.

КПО-ның 2013 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары

Біздің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жөніндегі саясатымызды қолдай отырып, біз төрт жылдық стратегиялық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарын дайындап шығардық. Ол бойынша 2013–2016 жж аралығындағы мерзімге қойылатын стратегиялық мақсаттар айқындалған. Стратегиялық жоспардың басты мақсаты жоғары басшылық үшін компанияның өз қызметін адамдардың денсаулықтары мен өмірлеріне және қоршаған ортаға қауіп-қатер төндірместен, әрі барлау және өндіру операцияларын толық потенциалмен орындауға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бастамаларын жоспарлауда және жүзеге асыруда сілтеме ретінде пайдалану.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің негізгі элементтері бойынша аталған жоспар КПО-ның қызметі қазіргі таңда қай белесте және төрт жылдан кейін қандай асуларды артта қалдыруға мүдделі екенін және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін орындалуы керек тапсырмаларды анықтайды. Ұзақ мерзімдік тапсырмалар мен мақсаттарды мерзімдерге бөлу үшін әрбір жыл үшін жылдық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары дайындалды.

2013 жылға арналған жылдық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары дайын және ол алдыңғы жылдардың тәжірибесі мен жетістіктеріне сүйене отырып жасалды. Оның құрылымы жалпы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін жақсарту бағытында жұмыс жүргізе отырып, түрлі қажеттіліктерді, басымдылықтарды және директораттар арасындағы түрлі шаралар мен жұмыстарды анықтайды.

Алдыңғы жылдардағы көрсеткіштерді жақсарту бағытында атқарылған шаралардың негізінде жасақталған жоспар жалпы қауіпсіздік пен сапа бақылау жұмыстарының жоспарынан тұрады. Оған қосымша әрбір директорат үшін дайындалатын жеке жұмыс жоспарлары дайындалады.

Әрбір жеке жоспарда компанияның күнделікті жұмыстарын қамтитын және одан да тыс шаралар қамтылады және олар 2013 жылы жүзеге асырылатын болады.



ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

КПО еңбек қауіпсіздігін басқаруды еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жүйесінің маңызды элементі ретінде қарастырады. Ол кәсіби аурудың алдын алу, қызметкерлердің денсаулығын сақтау және олардың әл-ауқатын көтеруді, компанияға жедел медициналық қызмет көрсетуді көздейді. Еңбек гигиенасы бойынша қызметтердің табысты түрде орындалуы жоғары және тікелей басшылықтың еңбек қауіпсіздігі және медициналық қолдау бағдарламасын жүзеге асыру бойынша көрсететін қолдауларына байланысты. Мәселен, шылым шегу тыйымы жөніндегі саясат бойынша барлық нысандардың ішінде темекі шегуге болмайды, бұл жүрек талмасы мен өкпе рагы қатерлерінің алдын алуға бағытталған ереже. Шылым шегу үшін арнайы орындар қарастырылған. Қауіпсіздік белдіктерін тағу ережесі жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда ауыр жарақат алудан сақтайды.

Кадрлар бөлімінің бақылауындағы құрылымдық топ болып табылатын денсаулық сақтау бөлімі функционалдық тұрғыда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ және сапа, өндіріс, қызметтер мен басқа да бөлімдермен тығыз байланысты және ол екі негізгі бағытта жұмыс атқарады: денсаулық сақтау және денсаулық сауықтыру. Оның медициналық қызмет бөлімшесінде жоғары білікті 62 дәрігер, фельдшерлер мен жүргізушілер қызмет етеді. Олардың басқаруында ең соңғы үлгідегі жедел жәрдем көліктері, кен орнында және Ақсай қаласында орналасқан толықтай жабдықталған төрт поликлиника бар, аталған ем қабылдау орындарында тәулік бойына және демалысыз қызмет көрсетіледі. Барлық дәрігерлер

мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес білікті және олар мерзімдік оқу курстарынан өтіп тұрады, ал жүргізушілер алғашқы көмек көрсету жөніндегі медициналық емес персоналға арналған халықаралық оқу курсынан өткізілді.

Вахталық қалашықтағы тағы бір клиниканың ашылуы күтілуде, қазіргі уақытта барлық реконструкциялау жұмыстары аяқталып, мемлекеттік тіркеу өтініші тапсырылды.

Екі ауыр жедел жәрдем көлігінің қатарға қосылуы түрлі сипаттағы төтенше жағдай кезінде көрсетілетін медициналық қызметті едәуір жеңілдетті.

Барлық жөндеу жұмыстары аяқталды және мемлекеттік лицензияны алуға тапсырыс берілді.

Міндетті медициналық тексеріп-қарау өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 166 Қаулысына сай, электриктер, жүргізушілер, операторлар мен инженер-механиктер күнделікті ауысым бастамас бұрын кен орнындағы клиникада медициналық тексерістен өтеді.

Денсаулық қатерлерін тексеру еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесінің басқа элементтерін қалыптастырады. Кеніштегі қауіпсіздік жөнінен аса маңызды барлық жұмыстар қатерлер тұрғысынан бағамдаудан өткізіліп, әрбір лауазым бойынша жұмыс қатерлер профилі дайындалды.

Қатерлерге негізделген жұмысқа жарамдылықты тексеру нәтижесінде қызметкердің өзі тағайындалатын лауазымға медициналық жарамдылығы анықталып, болашақтағы бақылауға алу үшін персоналдың денсаулығы жөнінде негіздік деректер құралады. Осы медициналық қызмет көрсетуші ұйым заңмен бекітілген медициналық тексерістерді өткізіп, медициналық сақтандыру береді, оның көмегімен пациентке тұрақты медициналық көмек көрсетіліп, жіті есептілік және жеке жауапкершілік қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттің тұрақты дамуы бойынша мақсаттардың бірі денсаулық сақтау бағдарламаларын қабылдау және оларды тиімді жүзеге асыру арқылы халықтың өмір жасын ұзарту. Бұған қол жеткізудің бірден бір жолы ем көрсетуден бұрын денсаулық сақтауды көбірек қамтамасыз ету. КПО-ның медициналық қызметкерлері осы бағытта көшбасшы болып, өндіріс персоналы үшін лекция оқумен, презентациялар өткізумен және денсаулық бюллетендерін шығарумен айналысып келеді.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

КПО «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік денсаулық сақтау бағдарламасын қолдайды. 2012 жылы денсаулық сақтау бөлімі тарапынан КПО-ның жас категориясы бойынша тиісті қызметкерлері үшін Ақсай қаласының емханасында медициналық тексерістен өткізу ұйымдастырылды. Ақсай қаласында тұрмайтын қызметкерлер үшін өздерінің тұрғылықты жерлеріндегі поликлиникаларға баруларына жағдай жасалды. Осы тексеріс уақытында керекті ем қабылдауды қажет ететін күрделі ауру түрлерін анықтауды мақсат еткен болатын. Жергілікті қоғамдық денсаулық сақтау органдарымен және Ақсай қаласындағы емханамен тығыз қарым-қатынастар 2012 жылы да жалғасты. Денсаулық сақтау бөлімі Бөрлі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық департаменті ұйымдастырған медициналық ұйымдар мен мамандар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға және денсаулық сақтау мәселелері бойынша ақпарат және тәжірибе алмасуға арналған «дөңгелек үстел» жиналыстарына қатысты.

КПО-ның жергілікті қызметкерлері мен олардың жанұя мүшелері үшін медициналық қызметтер көрсететін «Интертич» ұйымы иммунологияны тексеру, терең маманданған медициналық қызметтер аясын кеңейте отырып, 2012 жылы Орал қаласында жаңа клиника ашты.

Барлық лицензиясы алған және толық жабдықталған санитарлық зертханада жұмыс орнын міндетті қадағалау жұмыстарын жүргізу жалғастырылды. Өлшем алу нәтижелері жай ғана есеп беру үшін емес, сондай-ақ кәсіпшілік гигиена нормаларына сәйкессіздікті анықтап, түзету шараларын жүзеге асыру мақсатында да қолданылады. Өнеркәсіптік гигиена жөніндегі жоғары білікті мамандар асханаларда тамақ сапасын тексерумен, жұмыс орындарын бағамдаудан өткізумен және КПО-ның бөлімдеріне керекті ақыл-кеңес берумен айналысады.

Бірнеше жұмыс беруші ұйымдардың комитеттерінің мүшесі ретінде денсаулық сақтау бөлімінің өкілдері денсаулық сақтау аспектілері қамтылуын қамтамасыз етуде ұзақ мерзім қажет ететін мәселелер бойынша жалпы және кәсіби ақыл-кеңес береді. Осы форумдар арасында жазатайым оқиғаларды зерттеу және кәсіби ауруларды зерттеу комитеттері, жұмыс орнын аттестациялау комитеті, әлеуметтік көмек комитеті бар.

Шудың әсерінен жоғалған есту қабілеті денсаулық сақтау бойынша маңызды мәселе-

лердің бірі болып қалып отыр, сондықтан есту мүшелерін қорғау бағдарламасы өз маңыздылығын сақтайды. Ескерту белгілері, шу деңгейін қадағалау, қызметкерлердің денсаулықтарын бақылап отыру және қызметкерлердің білім деңгейлері мәселелері 2012 қарастырылып, әрмен қарайғы түзету шаралары жүзеге асырылды.

КПО өз қызметкерлерімен қатар жергілікті тұрғындар үшін де жүрек-қан тамыр аурулары маңызды медициналық-әлеуметтік мәселелердің бірі болып қалып отырғанын түсінеді. Жүрек саулығын сақтау бағдарламасы ең маңызды басымдықтардың бірі, ол бойынша жүрек-тамыр ауруларын тудыратын қауіпті факторлар, салауатты өмір салты, диета сақтау және физикалық жаттығулар жасау туралы қызметкерлердің білімдері мен дағдыларын арттыру көзделген. Денсаулықты нығайту туралы кеңестер жазылған буклеттер пен презентациялар компанияның интранетінде, күнделікті жиналыстарында хабарлап отыру бағдарламаның бір бөлігі.

КПО өз қызметкерлерінің денсаулықтарына күтім көрсете отырып, әрі жүйені оңтайландыру мақсатында оларды эргономикалық дизайнғағы жабдықтармен, құралдармен және компьютерлермен қамтамасыз етуге тырысады. Компанияның еңбек гигиенасы жөніндегі мамандары жүйелі түрдегі және өтініш бойынша орындалатын тексеру шараларын жүргізіп отырады, ол шаралар эргономикалық қауіп факторларын анықтап, қатерлер деңгейін төмендету шараларын қабылдауды көздейді.

Еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесі 2012 жылы ішкі және сыртқы аудиторлар тарапынан тексерістен өтті. Тексеру нәтижесінде денсаулық сақтау мәселелері бойынша ҚР заңнамалық нормалары мен басты компаниялардың стандарттарынан өрескел ауытқу жағдайлары анықталған жоқ. Барлық нәтижелер талданып, іс-шаралар жоспары қабылданды.

ҚАУІПСІЗДІК

КПО-да қауіпсіздік мәселесі талап, стратегия және ішкі бизнес процестерінің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Қауіпсіздік бойынша қатерлер мен қиындықтар деңгейі КПО жұмыс түрлері мен орындарына қарай өзгереді. Бұл қиындықтар динамикалық сипатқа ие және осыған байланысты КПО ішкі және сыртқы қауіптерді мұқият анықтау, болжамдау, алдын алу, зерттеу және олар бойынша керекті шара қабылдау арқылы қауіпсіздік қатерлерін жоюға бар күш-жігерін жұмсайды. Әркімнің қауіпсіздік бойынша мұқият

болуы қай кезде де маңызды. КПО компаниясында барлық қызметкерлерден қауіпсіздік мәдениеті мен мұқияттылығын сақтаулары мен арттыруы талап етіледі. Осы қолдаушы шаралар КПО нысандарында рұқсатнамаларды алып жүруді, компанияның электрондық және қағаздағы құпия ақпаратының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және қауіпсіздік қызметін ұсынушы компаниямен тұрақты байланыста болуды білдіреді.

Қауіпсіздік қызметтері персоналды, кеңселерді және нысандарды қорғаудан ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дейінгі түрлі шараларды қамтиды. КПО-да қауіпсіздікті арттыру электрондық қатынасты басқару, видеобақылау және басқа да технологияларды пайдалану арқылы тұрақты түрде жалғасады.

Жоғары деңгейлі қадағалау, мұқияттылық сақтау және жұртшылықпен тұрақты байланыста болумен қатар құбыр желілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды.

Әрбір бес жылдықта КПО заңсыз қосылу қатерлерін жою үшін тазалау операциялары арқылы құбырлар желісін тексеріп отырады. Ал алдағы уақытта КПО осындай тексерістерді әрбір үш жыл сайын өткізуді жоспарлап отыр. Құбырлар ішін тазалау операциялары бойынша диагностикалық зерттеулер желіге кез келген қосылулар мен оның бойындағы ауытқуларды анықтайды.

2012 жылы Үлкен Шаған айдау станциясының маңында бір заңсыз қосылу әрекеті тіркелді. Өнім жоғалу немесе қоршаған ортаға залал келтіру фактісі тіркелген жоқ. Бұған қоса, тазалау процедурасы арқылы кейбір ауытқулардың орны толтырылды.

Заңсыз қосылуды қадағалау тек КПО-ның мүддесін үшін ғана емес, сондай-ақ жергілікті халық пен қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан да өте маңызды. Мемлекеттік қауіпсіздік қызметтері, полиция және заң орындаушы органдар мен КПО заңды белшесінен басқандарға қатаң жаза қолдану керектігін алға тартты.



Жедел жәрдемнің жаңа машиналары

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Техникалық тұрғыдан күрделі Қарашығанақ кен орнында ҚОҚ саласында жақсы көрсеткіштерге жету – күрделі міндет болып табылады. Біз өзіміз жұмыс істейтін аймақта ҚОҚ және бірігіп күш салу мақсатында әлемдік дәрежеге сай техника мен инновациялық технологияларды қолданамыз.

Тұрақты даму қағидаларын сақтау КПО үшін өзінің өндірістік қызметінде басым міндет болып табылады. Мекеменің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатындағы басты міндеттемелері қоршаған ортаға кері әсерін азайту, қоршаған ортаға шығарындылар деңгейін азайту, қоршаған ортаны қорғау және қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Қолда бар ең жақсы технологияларды қолдана отырып, компания қоршаған ортаны қорғау стандартты құндылықтарын қамтамасыз ету, парникті газ шығарындыларын азайту және табиғи ресурстарды сақтау үшін мақсатты әрекеттер атқарады. Осы мақсатты орындау үшін КПО ҚР Экологиялық Кодексінің 10 бөліміне сәйкес қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісілетін Қоршаған ортаны қорғау жоспарын жетілдіруде. Қоршаған ортаны қорғау жоспарына енгізілген іс-шаралары ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрі 2007 жылдың 24 сәуірінде шыққан №119-П бұйрығында көрсетілген үлгі тізімдегі «Табиғатты қорғау іс-шараларына» сәйкес келеді.

КПО 1998-2012 жж. аралығында Қарашығанақ кен орнының операторы есебінде жұмысқа кіріскеннен бастап өз қорынан 34,3 миллиард теңге (239,4 миллион АҚШ доллары) қаржыны арнайы қоршаған ортаны қорғау шараларына жұмсады.

Атмосфераны қорғау және табиғи ресурстарды сақтау іс-шараларының сәтті енгізілуі төмендегідей нәтижелерге жетуге мүмкіндік берді:

- Көмірсутекті өндіру салдарынан болатын атмосфераға тасталатын ластаушы заттар көлемін едәуір азайту, мысалы:
 - Атмосфераға тасталатын ластаушы заттар көлемі соңғы 5 жыл ішінде 16 пайызға қысқарды;
 - Бір миллион тоннаға өндірілген газға шаққанда атмосфераға тасталатын шығарындылардың жалпы көрсеткіші 33 пайызға қысқартылды;
 - Газды пайдаға асыру 99,87 пайыз көрсеткішіне жетті.

- Қалдық суды қоршаған ортаға төгу жойылды. Ол КПО нысандарының қалдық сулары ластаушылардың жер бетіндегі, жер астындағы суға немесе топыраққа түсуінің алдын алу үшін оқшауланған жинақтаушы тоғандарына ағызу арқылы іске асырылады;
- Ауыз су техникалық мақсатта емес, өндірістік нысандарда тұрмыстық мақсатта ғана қолданылады;
- Қайта өңделген қалдық суды пайдаланудың арқасында суды табиғи су қоймаларынан өндірістік мұқтажда пайдалану 100 000 м³ / жыл көрсеткішіне дейін түсті;
- 1000 астам га бүлінген жер ұңғыма және құрылыс жұмыстарынан соң қайта қалпына келтірілді;
- КПО нысандарында лақтырылатын қалдықтар көлемі 37 пайызға қысқарды, ал қалдықтарды кәдеге жарату 57 пайызға өсті;
- 1998 жылдан бері 1,3 млн ағаштар мен тал-шіліктер Қарашығанақ кен орны және тазалық сақтау аймағында 500 га жерге егілді.

2012 ж. Қоршаған ортаны қорғау жоспарына сәйкес 37 табиғатты қорғау іс-шарасы қарастырылған. Оны іске асыруға 2,34 млрд. теңге / 15,9 млн. АҚШ долларды қажет етеді. 2012 жыл нәтижелері бойынша:

- 4 іс-шара толықтай жүзеге асырылды;
- 31 іс-шара ұзақ мерзімді болып келеді. 2012 ж. жоспарланған жұмыс көлемі орындалды; жұмыстар Қоршаған ортаны қорғау жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жалғастырылады;
- 2 іс-шара аяқталу сатысында.

Іс жүзінде табиғатты қорғау іс-шараларын жүзеге асыру аясында 2012 ж. 3,752 млрд. теңге / 24,9 млн. АҚШ доллары жұмсалды.

Қоршаған ортаны қорғау жоспары бөлімдері бойынша бөлінген шығындар туралы толық ақпарат кестеде көрсетілген. ҚОҚ бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға кеткен шығындар КПО 2012 ж. Қоршаған ортаны қорғау жоспа-

рын орындау есебіндегі және IEM мемлекеттік статистикалық есебінде көрсетілген деректерге сәйкес.

1 Кесте.

ҚОҚ бойынша іс-шаралар тобы	2012ж. іс жүзіндегі шығындар, млн. теңге
Ауа бассейнін қорғау	1 186
Су ресурстарын қорғау және тиімді қолдану	849
Жер ресурстарын қорғау	164
Жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану	80,5
Өсімдіктер мен хайуанаттар әлемін қорғау	106,7
Өндіріс және тұрмыс қалдықтарының айналымы	984
Басқару жүйелерін және ең жетік қауіпсіз технологияларын ендіру	21,6
ҚОҚ саласында ғылыми-зерттеу және жоба-ізвестіру жұмыстарын орындау	331,6
Радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік	0,33
Экологиялық білім және насихаттау	28,6

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР

КПО атмосфераға тасталатын шығарындыларды басқару жұмысын қоршаған ортаға шығарындылар тастау рұқсатында көрсетілген шектеулер негізінде атқарады. Соңғы уақытта КПО осы шектеулерден шықпай жұмыс атқарып келді. Бұған қарамастан, КПО көмірсутек өндірісі нәтижесінде атмосфераға тасталатын шығарындыларды қысқарту жолдарын іздеуде. Соңғы үш жылдың ішінде атмосфераға тасталатын шығарындылардың жалпы көлемі 2 кестеде көрсетілгендей 3 пайызға қысқарды.

2 Кесте. Атмосфераға тасталатын ластанушы заттар көлемінің өзгеру динамикасы

Атмосфераға тасталатын келесі ластанушы заттардың жылдық көлемі тонна көрсеткішінде:	2010	2011	2012
Азот оксиді	2 205	1 803	1 956
Күкірт диоксиді	3 376	3 635	4 957
ҰОҚ (Ұшпалы органикалық қосылыстар)	953	1 744	1 645
Көміртек оксиді	2 965	1 199	1 463
Күкіртті сутек	56	27	29
Қатты бөлшектер	203	50	88
Тағы басқа	712	53	78

Ескерту: 2 кестеде көрсетілген шығарындылар бойынша есептеу 2-ТР жылдық ауа шығарындылары есебінен алынған. Әрбір компонент есептеуі әр нысан бойынша дерек негізінде ҚР-да қабылданған процедураларды пайдалану арқылы жасалды.

2012 ж. компания атмосфераға тасталатын ластанушы заттарды азайтуға бағытталған ұңғымаларды тазалау барысында ішінара мұнай өндірісін сәтті түрде іске асырды. Осы әдісті қолдану ұңғымалар жұмысы нәтижесінен бөлінетін ластанушы заттардың 535 тоннаға дейін қысқаруына әкелді.

Соңғы үш жылдың ішінде бір миллион тоннаға шығарылған көмірсутекке атмосфераға тасталатын шығарындылардың жалпы көрсеткіші 0,45-тен 0,39-ға қысқартылды (1-кесте). 2011 жылғымен салыстырғанда 2012 жылы шығарылған мұнай-дың бірлігіне шығарындылардың аздап артуы 2011 жылы ұңғыма операциялар жұмыстарының әдеттен тыс аз болуына байланысты болды.

ГАЗДЫ АЛАУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНДА ЖАҒУ

Көмірсутекті өндірістік нысандар мен ұңғымалар алау мұнарасында жағу нәтижесінде бөлінетін көмірсутек қоспаларының шығарындылары КПО-да ауаға бөлінетін шығарындылар жалпы көлеміне басты үлесін құрайды. 2012 жылы алауда жағылған газ көлемі КПО өндірген газдың жалпы көлемінің тек 0,13 пайызын немесе мың тоннаға шаққанда 0,78 тоннаны ғана құрады (2011 ж. OGP есебіне сәйкес ұқсас дүниежүзілік орташа көрсеткіш мың тоннаға шаққанда 15,7 тоннаны, Еуропалық орташа көрсеткіш – мың тоннаға шаққанда 3,6 тоннаны құрады). Бұған қарамастан, КПО шығарындыларды қысқарту-

дың қосымша технологияларын енгізудің, әсіресе ұңғымаларды сынау және тазарту саласында жаңа жолдарын іздеуді жалғастырады.


2011 жылмен салыстырғанда алауда жағылған газ көлемінің шамамен 65 пайыз өсуі (2 кестені қараңыз) күрт көтерілу динамикасының көрсеткіші емес, бұл тек ұңғыма жұмыстарының 2011 ж. әдеттен тыс аз көлемде жүргізілуіне байланысты.

Сондықтан 2012 ж. алауда жағылған мұнай және газ көлемін 2010 жылмен салыстырған жөн деп санаймыз. Көпсатылы ақаудан кейін екі ұңғыманы жөндеу нәтижесінде ұңғыма жұмыстарының ұлғаюына байланысты 2012 ж. газды жағу көлемі 2010 жылмен салыстырғанда 17 пайыз өсті.

2010 жылмен салыстырғанда газды жағу көлемінің жалпы өсуі газды жағудың үлесті көлемінің қатар өсуіне әкелмегенін айтып өткен жөн.

2010 жылы КПО ұңғымаларды тазарту кезінде жер қабатына сұйық көмірсутектерді кері айдау бойынша жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін аяқтады. Аталған жоба 2012 жылдың екінші тоқсанында іске асырылды. Аталған бастаманы іске асыру нәтижесінде алты айдан кейін сұйық көмірсутектерді жағу көлемі жылына жоспарланған 2 800 тоннаға емес, 7 000 тоннаға қысқарды.

1 График. 2010-2012 ж.ж. Көмірсутектерді өндіру және ластанушы заттар шығарындыларының көлемі.



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ


2012 ЖЫЛҒЫ ГАЗДЫ ПАЙДАҒА АСЫРУ

2012 жылы КПО газды пайдаға асыру көрсеткіші 99,87 пайыз (2011 жылы – 99,92 пайыз, 2010 жылы – 99,87 пайыз) қол жеткізді, бұл әлемдік дәрежедегі көрсеткіш болып табылады, себебі газды қайта пайдаға асыру бағдарламасы шеңберінде бақылаушы органдар бекіткен мақсаты көрсеткіш 99,75 пайыз құрайды.

2012 жылы КПО 17 миллиард текше метрден (млрд. м³) астам газ өндірді, оның ішінде:

- 8,039 млрд. м³ (45,89 пайыз) Орынбор газ өңдеу зауытына жөнелтілді;
- 8,666 млрд. м³ (49,47 пайыз) жоғары қысымда шикі газды кері айдау инновациялық технологиясын қолдану арқылы жер қабатына қайтарылды;
- 0,790 млрд. м³ (4,51 пайыз) технологиялық қондырғыларға арналған электр қуатын өндіру және жергілікті елді мекендер тұрғындарының мұқтаждықтарын толықтыру мақсатында көгілдір отын ретінде пайдаланылды;
- Тек 0,235 млрд. м³ (0,13 пайыз) газ ғана алауда жағылды, бұл Қарашығанақты газды пайдаға асыру саласында Қазақстандық топбасшылар қатарына қосуға мүмкіндік берді.

3 График. 2012 жылы Газды пайдаға асыру және жағу



2 График. Газды жағу көлемі



Қарашығанақ қайта өндеу кешенінде

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



Экологиялық мониторингтің тұрақты станциясында

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА САПАСЫН БАҚЫЛАУ

Компанияда айқын анықталған өндірістің экологиялық кең көлемді қамтитын бақылау жүйесі дамытылған, атап айтсақ: жер беті және жер асты су қоймаларымен қоса қоршаған орта компоненттерінің жағдайын бақылау, топырақ, сонымен қатар тазалық сақтау аймағы (ТСА) периметрі және іргелес елді мекендерде күнделікті атмосфералық ауа сапасын бақылау және өндірістік шығарындыларды, қалдық су мен өндірістік қалдықты қамтитын шығарындыларды бақылау секілді түрлі-түрлі зерттеуді қамтиды.

КПО өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес үш бағыттан тұратын яғни өндірістік бақылау, шығарындыларды бақылау және әсерді бақылау орындайды.

Өндірістік бақылау (немесе өндіріс барысының сәйкестілігін бақылау) нысандардың өз жұмысы барысында шектен тыс шығарындылар мен ластайтын заттарды жіберуіне төтеп беретін тәртіпте қосылып тұрғанын дәлелдейтін өндіріс параметрлерін бақылау.

Шығарындыларды бақылау – өндірістік шығарындылар көрсеткішін және ластау көздерінің сапасын бақылау, бұл өндірістік шығарындылар мен төгінділер сапасын белгіленген стандарттарға сәйкестігін тексеру.

Әсерді бақылау – табиғи ресурстарды пайдаланушылар шаруашылық қызметін жүргізгенде тазалық сақтау аймағының шегінде және басқа да анықталған кері әсері болуы мүмкін жерлерде қоршаған орта компоненттерінің күйін бақылау.

Әсерді бақылау мынадан тұрады:

- **Атмосфералық ауаны бақылау** - санитарлық қорғау аймағының шегіндегі ауа, ҚМГКК-на іргелес елді мекендердегі ауа, кен орны аясындағы КПО өндірістік нысандардағы ауадағы, Үлкен Шаған селосындағы мұнайды айдау станциясы мен Атырау терминалы нысанындағы, Қарашығанақ – Атырау тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ) бағытындағы клапандар аймағындағы ауа құрамындағы ластаушы заттар мөлшері бойынша ақпарат жинау, сонымен қатар апатты жағдайлардың немесе адам және басқа да тірі жандар денсаулығына зиянды немесе қауіп төндіретін қиын жағдайлардың алдын алу. Сонымен қатар барлығы автоматты экологиялық бақылау станциясына біріктірілген 12 жылжымайтын экологиялық бақылау станциялары бүкіл ҚМГКК бойынша орнатылды (ЭБС 001-012);
- **Топырақты бақылау** – кен орнындағы, ҚМГКК-на іргелес елді мекендердегі топырақ күйі туралы, ҚАТЖ іске қосылғанда жақын маңдағы топырақ туралы талдамалы ақпаратты алу; конденсат құбыры бойындағы барлық ықтимал қауіпті аймақтарды уақытында анықтау;
- **Жер асты суды бақылау** - мүмкін ластаушы заттар көзінің әсерін бағалау және КПО іске асырған іс-шаралардың нәтижелілігін анықтау мақсатында жер асты су күйі туралы дәл ақпаратты жинау;
- **Жер беті су қоймаларын бақылау** - жер беті суының сапалық құрамы жөнінде және өндіріс орны мен экспортты конденсат құбырының әсері жөнінде ақпаратты жинау.

1998-2012 жж. аралығында жүргізілген Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес айтарлықтай кері әсерді және қоршаған ортада ластаушы заттардың жиналуы анықталған жоқ.

ПАРНИКТІ ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ СТРАТЕГИЯСЫ

ҚР-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарына, бастысы компаниялардың БҰҰ-ның климат өзгерісі жөніндегі шекті конвенцияға және «Адамзаттың қазіргі және келешек ұрпағы үшін жаһандық климатты сақтау» Киот хаттамасына негізделген талаптары бойынша КПО ҚМГКК іске қосылғанда бөлінетін парникті газ шығарындыларын қадағалап тұрады.

Тура парникті әсері (CO_2 - көміртегі диоксиді, CH_4 – метан және N_2O – азот оксиді) бар парникті газдар (ПГ) ҚМГКК-ның барлық ны-

сандары қосылғанда технологиялық циклдың барлық деңгейінде пайда болады. Осы газдарды туғызатын басты технологиялық процесс қуаттың барлық түрін (электр, жылу және бу) өндіру үшін жағармайды жағу болып табылады. КПО жыл сайын мұнай және газ компанияларының парникті газдың атмосфераға шығарындыларын есептеу бойынша ұлттық методологиялық басшылықты, Климат өзгерістерін қарастыратын үкіметаралық топ (IPCC) халықаралық басшылығын және Америка мұнай институты (API Compendium) мағлұматнамасындағы процедураларды пайдалана отырып, парникті газ шығарындыларына бақылау жүргізеді.

Тапсырған процедураға сәйкес парникті газ шығарындылары өлшенбейді, олар өндірістік қызмет нәтижесі және жанармайды пайдалану деректері негізінде, шығарынды факторларын немесе жанармайдың компоненттік құрылымы бойынша дерекке негізделген айырбастау коэффициентін пайдалану арқылы есептеледі.

2012 жылғы парникті газ шығарындыларының жалпы көлемі CO_2 -эквивалентінде 1 750 041 тоннаны құрады. Ондағы әр газдың пайыздық мөлшері тікелей парникті газ әсерімен CO_2 -эквивалентінде барлығы 1 599 074 тоннаны (91,3 пайыз); CH_4 – CO_2 -эквивалентінде 142 781 тоннаны (8,2 пайыз), ал N_2O – CO_2 -эквивалентінде 8 186 тоннаны (0,5 пайыз) құрады.

Парникті газ шығарындыларының жалпы көлеміне ең басты үлесті (61 пайыз дейін) салатын үш ірі көз, яғни ҚМГКК-дағы газтурбиналық электр станциясы, кері айдау компрессорларының газотурбины және жоғары қысымды бу генераторы.

Көрсетілген парникті газдар шығарындыларының динамикасына сәйкес алдыңғы жылдармен салыстырғандағы парникті газдар көлемінің өсуі ҚМГКК-да өндірістің кеңеюі мен дамуына тікелей байланысты екенін айтып өткен жөн. Атап айтқанда, КПО кен орнында 4-технологиялық желіні 2011 ж. екінші жартысында тұтынудың іске қосу қосымша электр энергиясын өндірісі үшін жағармайды тұтынудың өсуіне, кері айдалатын бу мен газ көлемінің ұлғаюына, солайша парникті газдар шығарындыларының өсуіне алып келді.

Парникті газдар үлесті шығарындылары парникті газдар шығарындылары мен көмірсутекті өндіру арасындағы байланысты көрсетеді. Мысалы, 2010-2012 жж. әр өндіріс қондырғысына келетін парникті газдар үлесті шығарындылары бұрыңғы дәрежеде сақталды. 2011 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіштің 1 пайыз сәл ғана өсуі ұңғыма жұмыстар көлемімен байланысты.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ


3 Кесте. КПО өндірістік жұмыстар барысындағы парникті газ шығарындыларының динамикасы

Парникті газдардың жалпы көлемі (CO ₂ -эквиваленті, тоннамен)					
Жанармайды алауда және инсинераторда жағудан	Жанармайды тұрақты отын ретінде жағудан	Жанармайдың басқа мақсаттарға қолданылғаны	Парникті газ шығарындыларының жалпы көлемі, 2012 ж.	Парникті газ шығарындыларының жалпы көлемі, 2011 ж.	Парникті газ шығарындыларының жалпы көлемі, 2010 ж.
162 057	1 444 339	143 645	1 750 041	2 263 554 (1 670 764)	2 115 680 (1 532 541)

Ескерту:

1. Парникті газдар шығарындылары жалпы көлемі туралы деректер ҚР Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі Батыс Қазақстан облысы экология департаментіне тапсырылған инвентарлық төлқұжаттан алынды. Алдыңғы кезеңдердің деректері құрылтайшы компаниялардың қолданатын әдіснамасына негізделген 2011 жылдағы Тұрақты Даму туралы Есебінен қайта қарастырылды.
2. 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау Министрлігіне ұсынылған Инвентаризация туралы Есебінен алынған парникті газдың 2012 жылдағы шығарындыларының көлемі туралы деректер Қазақстан Республикасының жаңа заңнамасына сәйкес. Қазақстан Республикасының заңнамасының жаңа талаптарына сәйкес ұшпалы метанның шығарындыларының есептеу әдіснамасының өзгеруі 2012 жылдағы парникті газдың шығарындыларының көлемінің анағұрлым азаюының себебі болып табылады.
3. Тырнақша ішіндегі сандар 2012 жылғы көрсеткіштерді салыстыру үшін 2012 жылы қолданылған әдіснаманың көмегімен есептелген мағынаны білдіреді.

4 График. Парникті газ (CO₂)/өндірілген мың тонна көмірсутегі



Ескерту:

1. Осы Есепке Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі мен Батыс Қазақстан облысы экология департаментіне ұсынылған инвентарлық құжаттан алынған деректер 2012 жылы жаңа әдіснамаға сәйкес қайта есептелінді. Өткен жылдардың деректері құрылтайшы компаниялардың қолданатын әдіснамасына негізделген 2011 жылдағы Тұрақты Даму туралы Есебінен қайта қарастырылды.
2. 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау Министрлігіне ұсынылған Инвентаризация туралы Есебінен алынған парникті газдың 2012 жылдағы шығарындыларының көлемі туралы деректер Қазақстан Республикасының жаңа заңнамасына сәйкес. Қазақстан Республикасының заңнамасының жаңа талаптарына сәйкес ұшпалы метанның (CH₄) шығарындыларының есептеу әдіснамасының өзгеруі 2012 жылдағы парникті газдың шығарындыларының көлемінің анағұрлым азаюының себебі болып табылады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

КПО көрсеткіштерінің талдауы парникті газдардың үлесті шығарындылар деңгейі Еуропалық компаниялар көрсеткішіне сәйкес келетінін және мұнай өндірісі саласындағы әлемдік орташа көрсеткіштен 45-56 пайыз төмен екендігін көрсетеді. Бұл КПО компаниясы өзінің стратегиясында көрсеткен парникті газдар шығарындыларын қысқарту бойынша қойған мақсаттарын ойдағыдай орындап отырғанын тағы бір мәрте дәлелдейді.

ҚМГКК-да аймақтық БҚО электр жүйелерінен электр қуатын пайдалану нәтижесінде пайда болатын парникті газдар шығарындылары оның жалпы көлемінің шағын бөлігін (0,004пайыз) ғана құрайды. Бұған себеп компания меншігіндегі кен орнындағы бүкіл өндірістік нысандарын және маңындағы елді мекендерді электр қуатымен қамсыздандыратын Газтурбиналық электр станциясы.

2008 ж. компания парникті газ шығарындыларын қысқарту бойынша ерікті міндеттемелерін орындау жөніндегі 2008-2012 жж. аралығына белгіленген парникті газдарды бақылау стратегиясын дамытып енгізді. Бұл стратегияда бес жыл ішінде жалпы CO₂-ні бір миллион тоннаға дейін қысқарту қарастырылған.

Берілген міндеттемелерді орындау мақсатында КПО парникті газдар шығарындыларын қысқартуға бағытталған негізгі жылдық көрсеткіштерді анықтады. 2012 жылы парникті газдар шығарындыларын 30 000 тоннаға дейін қысқарту жоспарланған болатын. Іс жүзінде компания қойылған мақсатты есеп жылының 12 ай ішінде 69 пайыз асыра орындады.

КПО парникті газдар шығарындыларын қысқарту бойынша стратегиялық мақсатты 29 пайызға асыра орындады, ол 2008-2012 жж. аралығындағы CO₂e –эквивалентіндегі шығарындылардың жалпы көлемін 1,29 млн. тоннаға түсірді. Бұл төмендегіні орындау арқылы:

- Компания басқармасының тікелей қатысуы мен қызығушылығының арқасында;
- Парникті газдар шығарындыларын қысқарту бойынша жылдық нысаналы көрсеткіштерді жоспарлауының арқасында;
- Жұмыс нәтижеліліген жақсартатуға бағытталған, шығындары аз, алайда парникті газдар шығарындыларын қысқартуға мүмкіндік беретін маңыздылығы басым жобаларды іске асыру арқасында;
- ҚМГКК нысаналарындағы өндірістік жұмыстары бойынша қолда бар таңдаулы техникалық әдістерді және ұңғыма жұмыстарын оңтайландыру процестерін іске асыру арқасында мүмкін болды.

4 Кесте. Әрбір көмірсутек өндіру қондырғысына шаққандағы парникті газдар шығарындылары бойынша салыстырмалы талдау


Қоршаған орта көрсеткішінің санаттары	КПО деректері			МҒӨ деректері / Еуропа	МҒӨ деректері / Жалпы
	2010	2011	2012	2011	2011
CO ₂ +CH ₄ (CO ₂ эквивалент)					
Көмірсутектерді өндіру мың тонна/тонна	65	66	66	84	159
CO ₂					
Көмірсутектерді өндіру мың тонна/ тонна	60	59	59	75	133

Ескерту: Салыстырмалы талдауда «Мұнай өндіру саласындағы қоршаған орта көрсеткіштері – 2011 жылғы деректер» Есебімен қатар Халықаралық мұнай және газ экспорттерлері деректері қолданылды.

5 Кесте. 2012 ж. парникті газдар шығарындыларын қысқартуға бағытталған жобалар

Жобалар	Нысаналы көрсеткіш, тонна	Нысананың іс жүзінде орындалуы, тонна
Ұңғымаларды сынау кезінде сұйықтықты қайтару бойынша Экспро жүйесін пайдалануды бастау	16 575	27 083
ҚӨК алау жүйесіне баратын бу шығынын қысқарту	405	405
ҚӨК-де жіберіп тұрған клапандарды жөндеу және газды алауда жағу жылдамдығын азайту	12 812	23 329

5 График. Парникті газ мөлшерін азайту стратегиясы



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы «Ғаламдық жылыну - парникті газды шығарындыларын азайту бағдарламасы» номинацияда марапатты тапсыру рәсімінде

КПО қол жеткізген нәтижелері 2012 ж. мамыр айында Ұлыбританияда өткен «BG Group басқарма төрағасының жыл сайынғы марапаттау» салтанатында «Парникті газдарды қысқарту арқылы климатты өзгерту бағдарламасын» таныстырғаны үшін компанияның қоршаған ортаны қорғау санатында ең жоғарғы марапатқа ие болу арқылы бағаланды. Бұл байқаудағы басты мақсат - BG Group компаниясының дүние жүзі бойынша барлық бөлімшелік мекемелеріндегі еңбекті қорғау, өндірістік және жалпы қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және корпоративтік жауапкершілік саласындағы өте жақсы көрсеткіштерді тануы болып табылады.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ТҰТЫНУ

2012 ж. Қарашығанақ кен орны нысандарында электр қуатын тұтыну артты. Арту динамикасы қосымша күштердің (Эко-орталықтағы жаңа жалпы қолдану пеші) іске қосылуымен және Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі 4-ші технологиялық желінің кеңейтілуімен түсіндіруге болады.

Қуатты алғашқы көздерден тұтыну

Қуатты алғашқы көздерден тұтыну, 10 ¹⁵ Дж	2010	2011	2012
Жаңартуға келмейтін көздер, алдымен табиғи газ	5,47	6,24	6,37

Сонымен қатар КПО өзінің өндірістік қондырғыларына қуатты алғашқы көздерден өндіру арқылы қуатты пайдалану көлемін азайтты. Төмендегі кесте соңғы үш жыл ішіндегі кен орнындағы нысандар бойынша сатып алу көлемінің азаюын көрсетеді.

Электр қуатын сатып алу, мегаватт/сағ	2010	2011	2012
ҚАТЖ (Атырау, 1-35 клапан торабы)	1 802	1 779	1 959
Үлкен Шағандағы МАС	27	62	0
Кен орнындағы өндірістік қондырғылар (соның ішінде ҚӨК, ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3, Эко-орталық, жинау жүйесу және ҚОТЖ)	9 336	5 317	179

СУ ҚОРЛАРЫ

Су қорларын қорғау және оларды орынды қолдану барлық адамзаттың алдында тұрған маңызды және маңыздылығы басым міндет, себебі су бағалы өнеркәсіптік шикізат қана емес, ол одан да маңызды, тіршілік көзі. КПО су қорларын сақтау бойынша шараларды қолдану жолымен кәсіпорында тұщы суды пайдалануды оңтайландыруға, мүмкін болған жағдайда өңделген суды қайтадан қолдануға тырысады.

Бұл мақсаттарды орындау үшін компания өңделген қалдық суларын жер бетіндегі су қорларына төкпейді, оның орнына өңделген тұрмыстық және өндірістік қалдық суларды оқшауланған жинақтаушы тоғандарға ағызады. Бұл нысандар ластаушы заттардың жер астындағы суға немесе топыраққа ағуын болдырмаумен қатар өңделген суларды алдағы техникалық қажеттіліктер үшін жинауға, сол арқылы тұщы суды пайдалануды азайтуға мүмкіндік береді. 2012 жылғы ағынды суларды ағызудың жалпы көлемі 93 772 м³ құрады.

Көмірсутекпен бірге алынатын ілеспе жер қабаты суы өңделіп, терең жер қабаттарына кері айдалады. 2012 жылғы ілеспе судың жалпы көлемі 265 118 м³ құрады. 2012 жылғы ағынды суларды ағызудың жалпы көлемі 368 292 м³ құрады.

Жер қабаттарының берік оқшаулануына, қалдық суларды дайындау және кері айдау бойынша жетілдірілген қондырғылардың барына бай-

ланысты қалдық судың суы бар жоғарғы жер қабаттарына көшуіне жол берілмейді. Қалдық суларды кері айдау - жоғары деңгейлі минералды ағынды суларды өңдеу кезінде құрамында тұзы бар қалдықтардың түзілуінсіз кәдеге жарату мәселесін шешуге бағытталған дүниежүзілік тәсіл.

Өндірістік нысандардың әсерін бағалау және судың жер үсті және жер асты көздерінің сапасына әсерді болдырмау, азайту және жоюға бағытталған шараларды уақытылы қабылдау үшін тұрақты бақылау жұмыстары жүргізіледі, су ағысы қозғалысы, ластайтын заттардың ықтимал жылжулары тексеріледі және құжаттандырылады, сондай-ақ қолданыстағы санитарлық және гигиеналық талаптар сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

2012 жылы КПО-ның өндірістік нысандарында су тұтынуды және суды ағызып жіберуді басқарудың ішкі процедурасы жаңартылды, бұл кен орнында су қорларын орынды қолдануға байланысты мәселелерді тиімді жүргізуге, сондай-ақ белгіленген нормативтерге және су пайдалану режиміне сәйкес келуіне мүмкіндік береді.

2012 ж. белгіленген көрсеткіш 904 мың м³ болғанда, ағынды суларды ағызу көлемі 368 мың м³ құрады. Белгіленген көрсеткіш 17 979 тонна болғанда, тасталған ластаушы заттардың жалпы салмағы 4 922 тоннаны құрады; белгіленген көрсеткіш шегінен шыққан салмақ 436 тоннаны құрады.

Көрсеткіш шегінен шыққан көлемнің негізгі бөлігі жер қабатына кері айдалған ағынды судағы ерігіш тұз мөлшерінің артуымен байланысты. Азот мөлшері бойынша (аммоний азоты, нитрит немесе нитрат-иондар) белгіленген көрсеткіш шегінен шығу жинақтаушы тоғандарға ағызылған ағынды суларда орын алды. КПО ағынды суларындағы мұнай өнімдері және өлшенген заттар бойынша көрсеткіш шегінен шығу байқалмады. Жинақтаушы тоғандардағы су суландыру мақсатында пайдаланды, ал ондағы рұқсат етілген азот қосылыстары мөлшері ағызу рұқсат қағазындағы көрсетілген мөлшерден әлдеқайда жоғары.


ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

6 Кесте. Ағынды сулар санатына және белгіленуіне байланысты ағызылған ағынды сулардың жалпы көлемі, м³

Қабылдайтын нысан	2010	2011	2012
Өңделген тұрмыстық қалдық суды ағызу, төмендегіні қоса	130 647	112 909	93 772
ГҚДҚ-3 нысанындағы маусымдық реттеу тоғанына	11 106	8 868	7 051
№1 АГК жинақтаушы тоғанға	78 514	36 435	26 992
№2 АГК жинақтаушы тоғанға	38 945	65 412	57 498
Үлкен Шаған МАС булану тоғанына	1 180	1 339	1 283
Атырау терминалы МАС булану тоғанына	902	855	948
Технологиялық және ілеспе жер қабаты суларын өндірістік қалдық суларды көмуге арналған полигонына кері айдау, төмендегіні қоса	243 524	266 250	265 118
ГҚДҚ-3 технологиялық және ілеспе жер қабаты сулары	11 097	10 348	10 115
ГҚДҚ-2 технологиялық және ілеспе жер қабаты сулары	3 152	2 564	3 610
ҚӨК технологиялық және ілеспе жер қабаты сулары	229 275	253 338	251 393
Жердің рельефіне жаңбыр және еріген қалдық суларды ағызу, төмендегіні қоса	5 780	18 014	9 402
ГҚДҚ-2 суландыру лагунасынан	-	3 600	5 138
ҚӨК суландыру лагунасынан	-	11 332	4 040
Үлкен шаған МАС-на	459	440	224
Эко-орталық	5 321	2 420	
Ағынды суларды ағызу жалпы көлемі	136 427	397 173	368 292

Ескерту: Технологиялық және ілеспе суларды қалдық суларды сақтауға арналған жерасты полигонына қайта айдау қалдықтарды басқаруға жатады.

Су тұтыну
КПО су тұтыну мөлшері



ТЕХНИКАЛЫҚ СУ

Қарашығанақ кен орнында техникалық мұқтаждықтар үшін сумен жабдықтаудың негізгі көзі Қоншыбай сайындағы техникалық №1 су тоғаны, одан КПО техникалық мұқтаждықтарына су алу көлемі 2012 жылы 414 008 м³ құрады, бұл ҚР-ның арнайы су пайдалануға рұқсатында белгіленген шектеуінің 72 пайыз құрайды, яғни су ағызу лимиті 578 904 м³ құрайды.

Үлкен Шаған селосындағы мұнайды айдау станциясы мен Атырау терминалы нысандарының техникалық мұқтаждықтарына 2012 жылы су ағызу көлемі 2 429 м³ құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 38 пайыз жоғары.

Тұщы су тарту көлемін азайту мақсатында КПО 2012 ж. техникалық мұқтаждықтарға 98 778 м³ көлемінде тазартылған ағынды суларды қайта қолданды, оның ішінде:

- ұңғыма операциялары кезінде бұрғылау ерітінділерін дайындауға – 19 190 м³;
- егілген жас ағаштарды суаруға – 68 698 м³;
- шаңды басуға – 10 890 м³.

Ағынды суларды тазарту сапасын жақсарту үшін 2012 жылы «КПО-ның өндірістік нысандарында тұрмыстық және мұнайлы суларды тазартатын құрылыстарды қайта салу» жобасының 2-сатысы бойынша жұмыстар жалғасты. Жұмыс жобаларына мемлекеттік сараптама қорытындылары алынды, жобалық шешімдерді іске асыру үшін қажетті жабдықты сатып алу жүргізілуде.

АУЫЗ СУ

Қарашығанақ кен орнына ауыз су жеткізудің негізгі көзі Жарсуат су тоғаны. Аталған су жеткізу көзінен алынған ауыз су кен орны нысандарының шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждықтары үшін ғана пайдаланылады. КПО бойынша шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждықтарға суды тұтыну көлемі 2012 жылы 117 843 м³ құрады, бұл көрсеткіш 2011 жылғы деңгеймен салыстырғанда 11 пайыз төмен. Мұндай төмен көрсеткішке компанияның суды орынды пайдалану бойынша қабылдаған шешімдері арқасында қол жетті, олардың ішінде келесі іс-шаралар:

- суды орынды пайдалану;
- ҚР-ның бақылаушы органдарымен белгіленген және бекіткен суды пайдалану лимиттері мен режимдерін қадағалау, тексеру және сақтау;
- су шаруашылығы нысандары мен техникалық құрылғыларын жарамды күйде ұстау, ағып кету түрінде су жоғалтуға жол бермеу мақсатында суағарды және бекіткіш арматураны жоспарлы профилактикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- су қорларын пайдалану бойынша есеп беруді тіркеу және дер кезінде ұсыну.

Үлкен Шаған селосындағы мұнайды айдау станциясы мен Атырау терминалы нысандарының техникалық мұқтаждықтарына 2012 ж. су ағызу көлемі 2 247 м³ құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 2 пайыз жоғары.

2012 ж. ҚМГКК-да қалдық суларды эйхорния (су сүмбілгүлін) пайдаланумен биологиялық қосымша өңдеу тиімділігін тексеру бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы басталды. Зерттеу нәтижелері және бақылаушы органдарының қорытындысы бойынша алдағы іс-шаралар жасақталады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ПАЙДАҒА АСЫРУ

КПО мекемесінің қалдықтарды басқаруға қатысты басты қағидалары, мақсаттары мен міндеттері қалдықтарды пайдаға асырудың корпоративтік Стратегиясында анықталады.

Қалдықтарды пайдаға асыру процедурасы қалдықтарының айналымын қауіпсіз түрде ұйымдастыру, адамдарға және қоршаған ортаға қалдықтардың іс жүзінде және ықтимал қауіп-қатерлерін азайту мақсатында дайындалып енгізілді. Аталған процедура қалдықтарды пайдаға асыруға қатысатын қызметкерлердің рөлі мен жауапкершілігін, тіркеуге алу және есеп беру тәртібін, қалдықтарды түгендеу, төлқұжат беру, жинау, сақтау және тасымалдауға қойылатын талаптарды анықтайды. Қалдық бойынша шектеулер жобасында белгіленген қалдықтар айналымы әдістеріне сәйкес, процедурада Эко-орталықта пайдаға асырылатын және өңделетін қалдықтар және кейінгі өңделу, жою және көдеге жарату үшін мердігерге тапсырылатын қалдықтар қозғалысының жүйесі қамтылған.


КПО нысандарында 2012 ж. түзілген қалдықтардың жалпы көлемі 2011 жылмен салыстырғанда қысқарып, 31 197 тоннаны құрады.

КПО қалдықтар көлемін азайту және олардың қоршаған ортаға кері әсерін төмендету іс шараларын жүзеге асыру аясында өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды өңдеу және пайдаға асыруға арналған заманауи Эко-орталықты салды. Эко-орталық қоршаған ортаны қорғау талаптары ескеріліп жүргізілетін бұрғылау ерітінділері мен шламды қайта өңдеу және көму жұмыстары бойынша дүниежүзілік стандарттарға сай. КПО нысандарында өндірістік және тұрмыстық қалдықтар айналымы бойынша іс шараларды орындау орналасқан қалдықтар көлемінің 37 пайызға азаюына, пластик қалдықтарды қайта қолдану, минерал отынын, макулатураны, метал сынығын өңдеу арқылы қалдықтарды өңдеу 57 пайызға өсуіне әкелді.

Эко-орталығына келесі нысандар кіреді:

- шламды термомеханикалық өңдеу қондырғысы, мұнда мұнай негізінде бұрғылау шламын қауіпсіз және тиімді өңдеу жүргізіледі;
- мұнай негізіндегі бұрғылау ерітінділерін дайындау және өңдеуге арналған бұрғылау ерітінділер зауыты;
- сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысы, мұнда мұнай өнімдерінен ластанған суды тазарту, ұңғымаларды күрделі жөндетуден өткізу кезінде ілеспе суды қайта қолдану үшін оны

Пайда болған қалдықтар көлемі



қайта өңдеу, сондай-ақ ұңғымаларды жоғарғы аралықта ұңғылау кезінде қолданылатын су негізіндегі бұрғылау ерітінділерін өңдеу; ағынды суларды ағызу үшін арнайы көзделген ұңғымаларға айдау үшін ҚӨК ағынды суларының коллекторына суды тазарту және жіберу жүргізіледі;

- айналмалы пеш, мұнда топырақты және бұрғылау шламынан бөтен мұнай өнімдерімен ластанған материалдарды өңдеу жүргізіледі;
- қалдықтарды көмуге арналған жаңа полигон;
- 2012 жылы іске қосылған жаңа жалпы қолдану пеші, көмуге арналған полигон 95 пайыз дайындығына байланысты тұрмыстық қалдықтар көлемін қысқартуға үлесін тигізеді;
- қалдықтарды іріктеу қондырғысы, жоспарланған аяқталу мерзімі – 2013 жылдың ортасы.

КПО қазіргі уақытта мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің 65 пайызынан тұратын қымбат базальқ майды қалпына келтіру және қайта қолдану, сондай-ақ қалдықтарды сақтау алаңында орналасқан қатты қалдықтардың қауіпті қасиеттері мен көлемін азайтып, шламнан базальқ майды және суды бөліп алу мүмкіндігіне ие. 2012 жылы 12 726 тонна өңделген мұнай негізіндегі бұрғылау шламы мен 1 134 тонна базальқ май болып жұмыста бұдан әрі қалпына келтіріліп және қайта қолданылып өңделген болатын. Қалпына келтірілген базальқ май мұнай негізінде жаңа бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін қолданылған болатын.

2012 жыл барысында сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында ұңғыма жұмыстары нәтижесінде

пайда болған сұйық қалдықтар 7 295 тонна көлемінде өңделді.

Жаңа жалпы қолдану пеші іске қосылғаннан бері 120 тонна көлемінде қалдық өртелді.

Қайта өңделген өнеркәсіптік қалдықтар көмілетін аумақта салынған қалдықтарды көмуге арналған полигон эко-орталықтың жанында орналасқан. Жаңа полигон өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптары мен стандарттарына сәйкес жобаланған және қазіргі уақытта 12 секциядан тұрады (оның жетеуі 2011 ж., ал бесеуі 2012 жылы аяқталып іске қосылды).

Қатты өнеркәсіптік қалдықтарды және бұрғылау ерітінділері сақтау алаңшасы («ескі полигон») эко-орталықтан шамамен 10 шақырымға жуық қашықтықтағы кен орнының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Аталмыш ескі полигонның төрт секциясындағы қалдықтар жаңа полигонға біртіндеп тасымалданатын болады. 2012 жылы 11 564 тонна қалдық ескі полигоннан өңдеу және көму мақсатында жаңа полигонға шығарылды.

Жиналған қалдықтың қалған мөлшері олардың талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында лабораториялық зерттеулер нәтижелерінен кейін ғана жаңа полигонға тасымалданады. Артынан ескі полигон пайдаланудан шығарылады, ал қалпына келтіру жұмыстары секциялар қалдықтан босатылғаннан кейін ғана жүргізіледі.

Қалдықтарды іріктеу қондырғысын салу бойынша жұмыстары 2013 жылы аяқтау жоспарлануда. Аталған қондырғы полигонда көмілетін қалдықтардың жалпы көлемін бұдан әрі өңдеу және қысқарту үшін тұрмыстық қалдықтарды

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



Жаңа жалпы қолдану пешінің басқару құрылғысында

ағымдарға бөлуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қайта өңделуге жоспарланған қалдықтар: қағаз, мата, пластик бөтелке, айнек, полиэтилен, қара және түсті металл. 2012 ж. 114,35 тонна көлеміндегі қалдық «АқсайГазСервис» мердігер компанияның уақытша қалдықты іріктеу қондырғысына жіберілді.

Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университетімен бірге жүргізген термомеханикалық өңдеу қондырғысында өңделген карбонатты ұңғыма ерітіндісін жол құрылысында пайдалану бойынша ғылыми-зерттеулер жұмыстары аяқталды. Бұл жұмыстың нәтижелері карбонатты ұңғыма ерітіндісі асфальт-бетон қосындысын өндіруде

бастапқы материал ретінде минералды ұнтақты дайындауда пайдалануға болатындығын көрсетті. Осы жұмыс аясында 2012 ж. жолдың бір бөлігі (146м x 6м x 0,05м) тәжірибе ретінде аталмыш асфальт-бетон қосындысы құрамында 5 пайыз шламы бар, яғни 10,1 тонна қалдық пайдалану арқылы асфальттанды. Зерттеу жұмыстары өңделген карбонатты ұңғыма ерітіндісін асфальт-бетон қосындысын дайындау мүмкіндігі мен экологиялық қауіпсіздігін дәлелдеді.

Болашақта КПО мұндай қалдық түрін жол құрылысы компанияларына тұрақты түрде жібермекші.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Төмендегі 7 Кестеде пайда болған зиянды қалдықтар және оларды КПО пайдаланатын кәдеге жарату тәсілдері бойынша ақпарат берілген. Компостерлеу және жер асты терең горизонттарына айдау сияқты қалдықтарды өңдеу тәсілдері өндірістерде қолданылмайды.



7 Кесте. Жиналған, өңделген, кәдеге жаратылған және қайта өңделген қалдықтар, тоннамен

Қалдықтың қауіп деңгейі	2012ж. қалдықтарды басқару тәсілдері										Үшінші тарапқа кейін өңдеуге берілген қалдықтар			2012 жылы түзілген	2011 жылы түзілген	2010 жылы түзілген	
	Өртеу			Қайта өңдеу				Қайта өңдеуіміз қайта пайдаланылған	Полигонда көмілген	Өндірістік алаңда жиналған	Қайта пайдаланылған	Өңделген	Өртелген				Қалалық қоқысында көмілген
	Өртеуге жіберілген	оның ішінде		Қайта өңдеуге жіберілген	оның ішінде		Залалсыздандырылған										
Есеп беру мерзімінде түзілген зиянды қалдық	777	211	551	14 624	4 880	6 866	2 872	223	134	3 703	16	315	341	2 289	22 328	31 811	46 325
Есеп беру мерзімінде түзілген зиянсыз қалдық	3	3	0,03							281	0	111	91	8 384	8 869	17 588	6 272
Өндірістік алаңда өткен жылдары жиналған зиянды қалдық	2 934	417	2 449	5 400	481	4 914			8 370			97	5				
Өндірістік алаңда өткен жылдары жиналған зиянсыз қалдық												0,5	0,3	200			

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

МАКУЛАТУРАНЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖОБАСЫ

Компанияның макулатураны жинау және өңдеу бойынша міндеттерін орындау мақсатында КПО-да 2010 ж. желтоқсан айында макулатураны бөліп жинау пилоттық жобасы сәтті басталды. Осы шараға қатысқан компания офистік ғимараттарында жобаны іске қосу сәтінен 39 994 кг қолданылған қағаз бен картон жиналды, соның нәтижесінде Ақсай қалалық қоқысына тасымалданатын қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі кемінде 39 тоннаға қысқарды. 2012 ж. макулатураны бөліп жинау компанияның үш кеңсесінде өтті. КПО 2013 ж. осы жобаны іске асыруға барлық кеңселер мен нысандарды қатыстырғалы отыр.

СУДЫҢ ЖАЙЫЛУЫ

2012 жылы КПО-да төгілудің үш жағдайы тіркелді. Төгілуді жауапты мердігерлер жойып, ластанған топырақ тиісті түрде пайдаға асырылды. Аталған жағдайлар бойынша түпкілікті себептерін анықтау мақсатында тексерістер жүргізіліп, ҚР бақылаушы органдарына хабар берілді. Алдағы уақытта осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында түзету және ескерту шаралары орындалады.

ГРИФОНДЫ АЙМАҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Грифонды аймақтың бұзылған жерлерін биологиялық қалпына қайта келтіру бойынша жұмыстар 2011 жылдың қараша айында аяқталды. КПО 2012 жылы Грифонды аймақтың қалпына келтірілген 49,1 га жерін мемлекеттік меншікке беруді жүзеге асырды.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ЭКОЖҮЙЕЛЕР

Биологиялық түрлілікті және экожүйелерді сақтау мәселесі адамзаттың тұрақты даму қағидаларына көшуінің біртұтас бөлігі.

Биологиялық түрлілікті сақтау жергілікті, ұлттық және бүкіл жаһандық деңгейде маңызды және пайдалы ресурстарды сақтау дегенді білдіреді.

Биологиялық түрлілікті сақтаудың ең басты шарты экожүйелерді және табиғи мекендерін сақтау, тіршілікке епті қауымдалыс түрлерін өздерінің табиғи күйінде сақтау және қалпына келтіру (Биологиялық әртүрлілік конвенциясы, Рио-де-Жанейро, 1992 ж. 5 маусым).

2012 ж. біз 2010 жылы басталған биологиялық түрлілікті сақтауға бағытталған жұмыстарды жалғастырдық.

Қарашығанақ кен орны ерекше қорғауды талап ететін табиғи аймақ болып саналмағанымен, ол Қазақстанның Қызыл Кітабына енген түрлерімен қоса әртүрлі өсімдіктер мен жануарлардың мекендейтін орын.

2011 жылы биологиялық түрлілікті сақтау шаралары жоспары дайындалды. Жоспардың ең басты мақсаты түрлерді және олардың ҚМГКК-дағы мекендерін КПО өндірістік жұмыстарын және басқа мүдделі тараптардың жерді пайдалануына сәйкес сақтау. Жоспар мақсаты сондай-ақ қалған дала экожүйелерін сақтау және биологиялық түрлілікке әсерін жеңілдету немесе орнын толтыру болып келеді.

Жоспар көлеміне КПО өндірістік жұмыстары жүргізілетін аймақ айналасындағы экожүйелер қызметін және биологиялық түрлілікті бақылау және есеп беру шаралары кіреді. 2012-2013 жж. биологиялық түрлілікті сақтау шаралары жоспарын 2012 жылдың басында ҚР Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің БҚО бойынша экология департаменті мақұлдады.

2012 жылдың жоспарына сәйкес төмендегідей іс-шаралар жүзеге асырылды:

- ҚМГКК аймағында құндызды есепке алу бойынша дала жұмыстары жүргізілді. Құндыз ҚМГКК айналасындағы экожүйелермен орайласатын сезімтал жануарлар түріне жатады. Есепке алу нәтижелеріне сәйкес олардың саны 2008 жылмен салыстырғанда 34-тен 20-дейін қысқарған. Олардың санының қысқаруы мен КПО өндірістік іс-әрекетінің арасында байланыс байқалмады, құндыздар тұратын ортасын бұзбайтын және оларға кедергі келтірмейтін КПО нысандары маңындағы учаскелерде мекендеуін жалғастыруда. Соңғы жылдары бұл түрдің жалпы санының Батыс Қазақстан бойынша қысқаруы байқалды, бұл аймақтағы жауын-шашын көлемінің азаюы салдарынан болуы мүмкін.
- ҚМГКК-да суды қорғау жолақтары мен белдеулерінде жұмыс атқару жоспары дайындалды.
- ҚМГКК-да мекендейтін түрлер бойынша дерекқор құрылды.
- Үш түрлі мерзімдегі экожүйелер картасын жасау мақсатында ҚМГКК және іргелес территория бойынша экожүйелер күйін талдау басталды.

Қарашығанақ кен орнының әсер аймағындағы өсімдіктерді бақылау, экожүйелердегі өзгерістерді анықтау мақсатында спутниктік суреттерді талдау, айналадағы экожүйелерді картаға түсіру, биологиялық түрлілікті сақтау шаралары жоспарын одан әрі жетілдіру 2013 жылға жоспарлануда.



БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ - БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ


Қарашығанақ кен орнын дамыту және онда жұмыс жасау мұнай-газ инженерлері мен техниктерінен, есепшілер мен логистика мамандарына дейінгі кең ауқымды пәндер саласындағы мыңдаған өз ісіне берілген және дарынды қызметкерлерді қажет етеді. Біздің қызметкерлер – біздің болашақ табысымыздың кілті. Біз кәсіпорынымыздағы серіктестеріміздің халықаралық тәжірибесін, сәйкес теоретикалық дайындық және атақты оқу орындарын қолдана отырып, ұлттық жұмыс күшін дамыту бағытында едәуір қаражат жұмсаймыз.

Диаграмма 1. КПО-ның еңбек ресурстары




2012 жылы КПО-да 4 038 жұмысшы қызмет етті (негізгі ұйым және уақытша жобаларды қоса есептегенде), оның ішіндегі Қазақстандық азаматтар саны 3 769, ал шетел азаматтарының саны 269 адамды құрады.

Диаграмма 2. КПО қызметкерлерінің гендерлік белгілері бойынша бөлінуі



Жыныстық құрылымға бөлгенде, 2012 жылы КПО-да 2 852 ер адам және 1 186 әйел адам жұмыс жасаған. Жоғарда 2012 және оның алдындағы жылдардағы жыныстық құрылым бойынша ақпарат көрсетілген.

Диаграмма 3. КПО-ның жұмыс келісім шарты бойынша жалпы жұмыс күші




Жоғарда 2012 және оның алдындағы жылдардағы жұмыс келісім шарты бойынша жалпы жұмыс күшінің саны көрсетілген.

Жұмыс келісім-шарттарында бекітілген мерзімді жұмыскерлер уақытша жұмыскерлер ретінде қарастырылған.

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ - БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ


Төмендегі карта КПО-ның жұмыс орналасуы бойынша жұмыс күшінің бөлінуін көрсетеді.



4-диаграммада есептік мерзім кезіндегі КПО-ның тікелей жұмыскерлерінің жұмыстан кетуі жас бойынша бөліп көрсетілген. Бұл диаграммаға тұрақты да, уақытша да келісім-шарт бойынша жұмыс жасайтын жұмысшылар кірген.

5-диаграмма 2012 жылы жұмыстан кеткендердің жалпы санын жыныстық құрылымына байланысты бөліп көрсетеді


Диаграмма 4. Жастық категория бойынша кадрлардың тұрақтамауы



Осы жастық категориясында жұмыстан кеткен қызметкерлерінің саны

Осы жастық категориясында қызметкерлерінің жалпы саны

Диаграмма 5. Гендерлік категория бойынша кадрлардың тұрақтамауы



Осы гендерлік категориясында жұмыстан кеткен қызметкерлерінің саны

Осы гендерлік категориясында қызметкерлерінің жалпы саны

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ - БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Біз қызметкерлеріміздің оқу және даму бойынша қажеттіліктеріне келесілерді қоса алғандағы жеке даму әрекеттерін ұсына отырып, жеке тәсіл қолданамыз:

- Халықаралық біліктілік;
- Тілді оқыту, компьютерлік біліктілік және іскери дағдыларды оқыту ;
- Кәсіби оқыту;
- Міндетті ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ оқытуы.

Мұндай тәсіл компанияға келесілерге көз жеткізуге мүмкіндік береді:

- Жұмысшылар өз жұмыстарын нәтижелі түрде атқару үшін қажетті құзіреттілік (дағды, білім) талаптарына сай келеді;
- Жұмысшылар ұйым ішінде жауапкершілігі көбірек үлкенірек рольдерді алуға қабілетті және маңызды жұмыс орындарын толтыра алатын талантты және ынталы тұлғалар.

Мұндай тәсіл қызмет ету уақыты жалғасқан сайын даму қажеттіліктерін толассыз бағалауды талап етеді, бірақ бұл бізге компанияның нақты саласындағы тұлғаның нақты қажеттіліктерін даму жоспарына енгізуге, осылайша нәтижені арттыруға мүмкіндік береді. Компанияда ең кең тараған тәсіл түрі – жұмысшылардың жұмыс істеуде қажет ететін кәсіби дағдыларын дамытуға көзделген қысқа және ұзақ-мерзімді оқыту курстарын қолдану.

КПО-дағы оқыту және дамытудың басқа бір қыры – халықаралық сертификатталған бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту. КПО-ның жалпы стратегиясы халықаралық тәжірибе мен технологияларды ендіруге байланысты. Жұмысшылар жаңа құрылғылармен немесе жаңа технологиялармен жұмыс жасау дағдыларын үйрену ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде өнеркәсіп талап ететін терең білім алуды қажет етеді. Өндіріспен байланысты қажеттіліктерден бөлек, бағдарламалар тұлғалық даму, өзін-өзі ынталандыру және КПО қызметкерлерінің басқа компанияларға кетуін болдырмауға себепші болады.

2012 жылы 346 873 оқыту сағаты жүргізілген, оның ішінде 231 785 сағат компания жұмысшыларына жұмсалған. Орта есеппен, сертификатталған бағдарламалар бойынша жұмысшы басына 42,1 сағат, кәсіби дамыту бойынша – 27,9, компьютер және іскери дағдыларға оқыту бойынша – 14,9, техникалық және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша оқытуға – 6,6 сағат және тілді

оқытуға – 41,6 сағат жұмсалған. Орташа шығынға келетін болсақ, 2012 жылы оқытуға жұмсалған қаражаттың бір жұмысшы басына 618 АҚШ доллары жұмсалған.

2012 жылы өткізілген оқыту сағаттарының жалпы санының 113 929 міндетті ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша оқыту сағаты Қарашығанақ жобасында келісім-шартпен жұмыс жасайтын компаниялардың жұмысшыларына арналған.

2012 жылы жұмысшылардың жалпы санына арналған оқытулар төмендегідей бөлінген:

- Басқару – 349 адам (жұмысшы басына 64,5 сағат);
- Кәсіби жұмысшылар және жетекшілер – 1 773 жұмысшы (жұмысшы басына 62,1 сағат);
- Техникалық жұмысшылар – 1 064 жұмысшы (жұмысшы басына 90,4 сағат);
- Қолдаушы және кеңселік жұмысшылар – 64 жұмысшы (жұмысшы басына 41,6 сағат).

2012 жылы КПО «Өмірді сақтаушылар» бағдарламасы үшін онлайн оқытуды іске қосты. Келісім-шартпен жұмыс жасайтын компаниялар жұмысшыларын қоса есептегенде 11 137 жұмысшы міндетті онлайн оқыту бағдарламасының бөлігі ретінде оқудан өтті.

Жалпы, 2012 жылы 45 594 курс қамтылды, олардың 21 454-і – келісім-шарт бойынша жұмыс жасайтын компаниялар жұмысшыларына.

ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Сенімді құзыреттілікті басқару жүйесі КПО, оның жұмысшылары мен Қазақстан Республикасына шынайы және ұзақ пайда әкеледі. Бұл пайдаға келесілер кіреді:

- Жұмыс күшін өз тапсырмаларын қауіпсіз, нәтижелі және тұрақты орындау үшін қажетті дағдылармен, біліммен және тәжірибемен қамтамасыз ету;
- Қызметкерлердің өнімділігі мен ынталандырылуын жақсарту;
- Компания ішінде қызметкерлердің дамуын қолдау құралдары;
- Қақтығыс және апаттардың ауырлығы мен жиілігінің азаюы;
- Өндіру нәтижелерінің жақсаруы.

Жуырдағы екі жыл мерзімінде біз өндіріс және техникалық қызмет бөлімінің алдыңғы қатардағы жұмысшыларының арасында ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ «Өмірді сақтаушыларды» қоса есептегенде 22 600 бағалау жүргізуді жоспарлап отырмыз.

Өзінің құзіреттілікті бағалау жүйесінің нәтижелі қолданылуын қамтамасыз ету үшін, КПО өзінің қазақстандық жұмысшыларын халықаралық танылған ОРІТО баға беру біліктілігінен аккредитациядан өту үшін үздіксіз оқытады. 2012 жылы апатты жою бөлімінің 10 қосымша жұмысшысы «ОРІТО бекітілген құзіреттілік бағалаушысы марапаты» бағдарламасы бойынша оқытылды. Өндіріс және техникалық қызмет бөлімінің 10 жұмысшысы «ОРІТО бекітілген құзіреттілік растаушы марапаты» бағдарламасын тамамдап, ОРІТО бекітілген құзіреттілік бағалаушысы марапаты куәлігін алды. ОРІТО бекітілген құзіреттілік растаушы лауазымы құзыреттілікті басқару бағдарламасының бөлігі ретінде құзыреттілікті бағалауды талап ететін ұйымдарға қажет.



Менеджментке үйрену бағдарлама шеңберінде халықаралық үлгінің дипломдарды алған қызметкерлер



Менеджментке үйрену бағдарлама шеңберінде халықаралық үлгінің сертификаттарды алған қызметкерлер

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ - БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ



Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесіне арналған парадта

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ОЙ-ПІКІР САУАЛНАМАСЫ

2012 жылы компания қазақстандық жұмысшылар арасында жұмысшылардың компания туралы ойлары мен олардың КПО-дағы жұмыстарына деген көзқарастарын білу мақсатында қабылдау сауалнамасын жүргізді.

Компания келесілер бойынша ақпарат алғысы келді:

- Қызметкерлерді ынталандыру
- Тиімділікті басқару
- Оқыту және дамыту
- Еңбекақы төлеу және жеңілдіктер
- Тәртіп кодексі және нормативті-құқықтық талаптарға сәйкестікті ұстану
- Мәдени түрлілік
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ және әлеуметтік өнімділік
- Компания туралы ақпарат көздері.

Мүмкіндігінше көп адамның қатысуын қамтамасыз ету үшін, сауалнама онлайн түрде де, баспа материалы түрінде де жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан жұмысшылардың жалпы саны 2 210 адамды құрады.

Алынған нәтижелер төмендегідей қорытынды шығаруға мүмкіндік береді:

- Жұмысшылар Тәртіп кодексі және оны ұстану туралы біледі
- Компаниядағы ақпараттың басты көздері – интранет, электрондық пошта және басқармадан келетін басты хабарламалар
- КПО әлеуметтік жауапты компания беделіне ие
- Жұмысшылар компанияның ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ мәселелеріне көзқарастарын жоғары бағалайды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ДАМУЫ

Жұмыс күшін шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру КПО-ның экономикалық мұрасын жасаудағы, жергілікті еңбекке тарту мүмкіндіктерінің санын арттыруда және Қазақстан жұмыс күшіне инвестиция құюдағы өте маңызды құрылым бөлігі. Біз ӨБТК-де қойылған мақсаттарға жеттік және Қазақстандық басқару командасы Қарашығанақтың болашақ бағытын басқаратын, алдағы 10 жылға жаңа бағдарларды қою бойынша жұмысты жалғастырудамыз.

КПО-ның шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру стратегиясы компанияның басты стратегиясымен тығыз байланысты. Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру мақсатына жету және сол уақытта атап айтқанда

басқару саласында ұйымдастыру қабілеттерін жақсарту үшін, стратегия тек білім мен техникалық дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар жалпы басқару мүмкіндіктері мен жұмылдырылған адамдардың тәжірибесіне сүйенеді.

Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру бағдарламасының көлемі толық КПО ұйымын қамтиды. Бұл дегеніміз ұзақ-мерзімді және қысқа-мерзімді жобалардан басқа барлық функционалды салалар. Жобаның әрқайсысының шектеулі жұмыс мерзімі мен тұрақсыз сипаты оларды шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру бағдарламасынан алып тастауға негіз болып отыр. Шетелдік болсын, қазақстандық болсын, жоба қызметкерлері жобаның дамуы мен аяқталуы аясында қатаң анықталған жұмыс көлемін атқаратын уақытша жұмысқа алынғандар болып саналады. Бұдан күтетініміз – жоба аяқталғаннан соң, қызметкерлер мүмкін болса КПО ұйымы ішіндегі басқа лауазымға ауыстырылады немесе қайтадан жұмыс нарығына шығарылады.

КПО-ның басты құрылымының жоғары және орта басқару лауазымдарындағы шетелдік мамандардың орнын басқан қазақстандықтардың санының өсуде. Шын мәнісінде, жоғары және орта басқару 1-категориясындағы қазақстандық жұмысшылар саны 2010-жылы 247 болса, 2011-жылы – 259, ал 2012-жылы бұл көрсеткіш 287-ге жетті.

Адам ресурстары бөлімінің шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру үрдісіне стратегиялық көзқарасы жай ғана шетел жұмысшыларын қазақстандық жұмысшылармен ауыстырудың орнына, нәтижелі жоспарлау мен оқыту және дамыту үрдістерін жүзеге асыруға негізделген. Өз кезегінде бұл КПО-ның жұмысы ең жоғары деңгейде және халықаралық стандарттарға сай орындалатынына көз жеткізеді. Бұл КПО-ға іскери мақсаттарға мүмкін ең жоғарғы сапа деңгейінде жетуге мүмкіндік береді.

2012-жылы КПО-да 10 қосымша жоғары және орта басқару лауазымындағы шетелдік қызметкерлердің орнын қазақстандық мамандар басты. 2012 жылдың соңында жергілікті жұмысшылар кәсіпорынның дағдыланған және кеңселік лауазымдарының барлығын, кәсіби және жетекшілік рольдердің 95 пайызын және басқару лауазымдарының 69 пайызын толтырды.

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ - БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Кезекті шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру жоспарындағы жаңа мақсаттарға мыналар кіреді

Категория	Сипаттама	2012	2018 Жоспар
1	Басшылар	69%	70%
2	Білікті техникалық персонал орта буын басшылары	95%	95%
3	Техникалық қызметкерлер	100%	100%
4	Кеңсе және әкімшілік жөніндегі қызметкерлер	100%	100%

Төмендегі 6-диаграмма жаңа шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру бағдарламасына сәйкес басты ұйымдағы шетел жұмыс күшінің жалпы санын көрсетеді:


Диаграмма 6. Шетелдік қызметкерлер саны 2010-2012 ж.



Шетелдік қызметкерлер қазақстандық жұмысшылармен әр түрлі саладағы ең жақсы халықаралық тәжірибе және біліммен бөлісу үшін тартылады. Компанияның болашақ өсуге көзделген жаңа бастамалары жобалау және есептеуде арнайы дағдылары және халықаралық тәжірибе және білімі бар шетелдік қызметкерлерді тартуды талап етеді.


7-диаграмма басты ұйымдағы қазақстандық және шетелдік қызметкерлер құрамы жайында ақпарат береді.

Диаграмма 7. Шетел және қазақстандық қызметкерлер саны 2010-2012 ж.



8-диаграммада басты ұйым мен уақытша жобаларды қоса есептегендегі КПО-дағы барлық жоғары және орта басқарушылардың шетел қызметкерлері мен қазақстандық қызметкерлердің жас және жыныс бойынша шаққандағы жалпы саны берілген.

Диаграмма 8. КПО-ның шетелдік және қазақстандық менеджерлер жастық және гендерлік категория бойынша



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

КПО-да жұмысшылардың бас қосу және ұжымдаса отырып жұмыс жағдайларын талқылау құрықтары толығымен құрметтеледі. КПО-да жұмыс жасаушы жұмысшылардың мүдделерін КПО және кәсіподақтар арасында қол қойылған ұжымдық келісім-шарттар аясында жұмыс жасайтын екі кәсіподақ өкілдік етеді. Ұжымдық келісім-шарттар жұмысшылар мен кәсіподақтардан келіп түскен мәселелердің талқылануына жағдай жасайды.

Ұжымдық келісім-шарттар кәсіподақтардың мүшелігіне байланысты емес, КПО-ның барлық тікелей жұмысшыларына бірдей қатысты. Ұжымдық келісім-шарттардың шарттары үнемі қарастырылып отырады, әдетте ол бұл мерзім кемінде екі жылды құрайды. 2012 жылы ұжымдық келісім-шарттар КПО жұмысшыларына қосымша артықшылықтар беретіндей болып қайта қарастырылды және толықтырылды (төменде көріңіз).

ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

2012 жыл бойында КПО өзінің қазақстандық қызметкерлерін ынталандыру, жұмысқа тарту және КПО қызметкерлерінің басқа компанияларға кетуін болдырмауға бағытталған еңбекақы төлеу әрекеттерін жалғастырды.

КПО өз қызметкерлерінің еңбекақыларын жыл сайын қайта қарайды. 2012 жылы еңбекақыны қайта қарау үрдісі келесілерді қамтыды:

- 2012 жылы қаңтарда күшіне енген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 10 пайызға өсуі,
- Жеке жалақының көтерілуі,
- Жұмысшы қызметіне байланысты жылдық бонус,
- Негізгі іскери бөлімдердегі басты техникалық қызметкерлердің жалақысын нарықтық төлеммен ретке келтіру.

ӨБТК-ге қол қоюға 15 жыл толуына орай айлық жалақы мөлшерлемесінің 100 пайыздық көлеміндегі қосымша бонус қараша айында төленді.

Қосымша жеңілдіктер жұмыс пакетінің маңызды бөлігі қаржылық және қаржылық емес бөліктерден тұрады. 2012 жылы берілген жеңілдіктерге келесілер кірді:

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ - БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Қаржылық жеңілдіктер:

- Жыл соңы бонусы (айлық еңбекақының 100 пайыздық көрсеткіші),
- Денсаулықты қалпына келтіруге берілетін бір реттік төлем (айлық еңбекақының 100 пайыздық көрсеткіші),
- ҚР мұнай және газ саласы жұмысшылары күніне орай бонус (айлық еңбекақының 100 пайыздық көрсеткіші),
- Баланың дүниеге келуіне байланысты қаржылай жеңілдік,
- Қайтыс болған жұмысшы жанұясына қаржылай көмек (12 айлық мөлшерінде және жерлеуге материалды көмек),
- Жұмысшы жанұясының мүшесі өліміне байланысты қаржылай көмек,
- КПО зейнеткерінің өлімі жағдайындағы қаржылай көмек,
- КПО зейнеткерлеріне әлеуметтік көмек,
- Компания саясатына сәйкес жұмысшыларға арналған әлеуметтік баспана көмегі бағдарламасына қаражат құралдары.

2012 жылы қол қойылған ұжымдық келісім-шарттар келесі қосымша жеңілдіктерді қарастырады:

- Санаторий немесе курортта емделуге ақшалай жеңілдік;
- Әр бес жыл сайын қараша айында төленетін ӨБТК-ге қол қойылудың мерей жылдарында төленетін бонус (айлық жалақының 100 пайыздық көрсеткіші);
- Компания саясатына сәйкес, әлеуметтік мақсаттарға байланысты Компания жұмыскерлеріне 4 (төрт) айлық жалақы көсеткішінен аспайтын алғытөлем,
- Ай сайын төленетін КПО-дағы жұмыс уақытына байланысты адалдық төлемі.

Қаржылық жеңілдіктерден бөтен жеңілдіктер:

- Жұмысшылар мен олардың жанұя мүшелерінің медициналық сақтандыруы,
- КПО жұмысшыларына оқу гранттары,
- Жұмысқа барар және қайтар көлік, кен орнында жұмыс жасайтындарға тегін тамақ.

Ұжымдық келісім-шартқа сәйкес, ұйымдағы айтарлықтай өзгерістер кезінде Жұмыс берушінің Кәсіподаққа ескерту беру уақыты айтылған өзгерістер енетін уақыттан екі ай бұрын берілуі тиіс.

Ұжымдық келісім-шарт келесі денсаулық сақтау және қауіпсіздік мәселелерін қамтиды:

- Жұмысшыларды тегін жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету,
- Жұмыс жерлерінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ шаралары және жұмыс жерлеріндегі жазатайым оқиғаларға және кәсіби ауруларға қарсы сақтандыру,
- Қызметкерлерді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне қатысты сәйкес шараларды дұрыс түсіну және қолдану үшін оқыту,
- Қолданыстағы барлық мұнай және газ нысандарын қажетті және жеткілікті алғашқы медициналық жәрдем құралдарымен қамтамасыз ету,
- Заңнамада немесе қауіпсіздік үрдістерінде қарастырылғандай жұмысшыларды ұдайы медициналық байқаудан өткізу.

2012 жылы КПО 58 жасқа толған ер адамдар мен 53 жастағы әйел адамдарға жеңілдіктер бере отырып, жұмыс қатынастарын еркін тоқтату бағдарламасын қайта іске қосты. Бұл бағдарлама 31 желтоқсан 2012 жылға дейін күшінде сақталды.

КПО-да компания жұмыстарының барлық аспектілерінде толассыз өнімділікті арттыруға көз жеткізуге бағытталған жыл сайынғы өнімділік және дамуды шолу үрдісі бар. Жұмыс нәтижесін шолу үрдісі 1 шілдеге дейін жұмысқа қабылданған және бағалауға дейінгі жыл бойында кем дегенде алты ай бойы жұмыс жасаған КПО-ның барлық тікелей жұмысшыларына қолданылады.

КПО-ға агенттіктер арқылы қабылданған жұмысшыларға жасалатын жағдайлар сол агенттіктердің ұжымдық келісім-шарттарында қамтылған. Қамтамасыз етілу керек нақты жеңілдіктер КПО мен агенттіктер арасында келісілуі тиіс.

КПО ШӘКІРТАҚЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

КПО біздің жұмысшыларға және олардың балаларына 2002 жылдан бері білім алу мақсатында оларға шәкіртақылар береді.

2012 жылы 19 жұмысшы және жұмысшылардың 49 баласы жалпы соммасы 238 000 АҚШ долларын құрайтын оқыту шәкіртақысын алды. 2002 жылы бұл бағдарламаның басталуынан бері, 132 жұмысшы және 305 бала жалпы соммасы 1 296 976 АҚШ долларын құрайтын шәкіртақы алған.



Ұжымдық келісімшарттың қайта қарауына қатысты КПО-ның басшылықтың мен кәсіподақ өкілдерінің кездесуінде

АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСУ

Қазақстан үшін Қарашығанақ кен орнының маңызын арттыру жай ғана мұнай және газ өндіруден табыс пен салық алуды ғана емес, экономикалық даму үшін ұзақ мерзімді және баянды серіктестік құруды білдіреді

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАТЫСЫМ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА

Қарашығанақ кен орнын игеруден бастап, КПО импортты алмастыру және Қазақстанда істерін жүргізу үшін халықаралық инвесторлардың сатып алған тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемінде қазақстандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көлемін арттыруға бағытталған қазақстандық қамтуды дамыту бағытын белсенді ұстанды.

Қабылданған ҚР-ның қазақстандық қамту бойынша ұлттық заңнаманың талаптарын тани отырып, КПО 2010 жылы оның сатып алу жүйесіндегі қазақстандық қамтуды есептеудің бірыңғайланған есептеу әдістемесін енгізді және Мұнай және газ министрлігіне қазақстандық қамту бойынша жүйелі түрде есеп беру үрдісін іске қосты.

Қазақстандық қамтуды дамытуды қолдау және оның ашық сатып алу тәжірибесін көрсету үшін, КПО 2012 жылы тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алудың жылдық, орта және ұзақ мерзімді жоспарларын әзірледі.

Аймақтық кәсіпорындарға компания сатып алулары жоспарларының ашықтығын көрсету үшін, аталған жоспарлар КПО вебсайтында жарияланады. Бұл ақпарат қазақстандық кәсіпкерлерге аймақтағы ең үлкен жұмыспен қамтушының жоғары деңгейдегі қажеттіліктері мен талаптарына сай болу үшін өз стратегияларын дамытуға көмек береді. Бұған қоса мұндай көзқарас қазақстандық кәсіпорындарға халықаралық компаниялармен болашақ істестік үшін жақсырақ дайындалуға мүмкіндік береді.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ


КПО – қазақстандық қамтуды дамыту бағдарламасың сәтті енгізген Қазақстандағы алғашқы компаниялардың бірі. 2001 жылы бұл бағдарламаны енгізгеннен бастап, оның деректер қорында 3 000-ға жуық қазақстандық жабдықтаушылар тіркелінген.

КПО Қарашығанақты игерудің болашақ деңгейлерінде қазақстандық кәсіпкерлердің көлемін арттыру және қазақстандық қамтуды барын-

ша ұлғайтуды мақсат етеді. Бұл стратегия КПО жұмысының барлық аспектілеріне қатысты.

2012 жылы Қарашығанақтағы қазақстандық қамту 56 пайызға дейін жетті (төменде көрсетілгендей 335 миллион АҚШ доллары).

2011 және 2012 ж. Қазақстандық қатысымның бойынша қызметтер, жұмыстар, тауарлар және жалпы көрсеткіштің салыстырмалы санағы



АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСУ

КПО тауарлар мен қызметтердің ұлттық нарығын, әсіресе мұнай және газ саласындағы нарықты толассыз дамытуға үлесін қосуға мүдделі. Бұл көзқарас ішкі инвестициялардың өсуін жеңілдетеді және қазақстандық компаниялардың қабілеттерін дамытады. Бұл мақсатпен, компания қазақстандық жеткізушілерді дамытуға белсенді түрде қатысады және Қарашығанақ кен орны жұмыстарына қажетті қосалқы бөлшектер мен құрылғыларды өндіруді жергіліктендіруді жеңілдетуге бастама жасайды. Мұндай бастамалар батыстық және ұлттық жеткізушілер арасындағы серіктестікті жетілдіреді және қазақстандық компаниялардың дамуы мен ұлттық индустрияға әсерлі «ноу-хаудың» көшірілуіне қолайлы жағдайлар тудырады. КПО үшін қазақстандық компаниялардың толассыз дамуын, олардың мүмкіндіктері мен біліктіліктерін жасау олардың мұнай және газ саласындағы қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкестіктеріне көз жеткізу үшін маңызды.

Мұндай бастамалардың бірі – Батыс Қазақстан облысында негізделген қосалқы бөлшектерді өндіруді жергіліктендіру. Бұл жоба мұнай және газ саласында ұзақ мерзімде сұранысқа ие болатын тауарлар мен материалдарды қазақстандық өндіруді дамытуға бағытталған.

Жоба КПО-ның тауарлар мен қызметтерге деген сұранысы нәтижелері мен ұлттық нарық зерттеуі нәтижелерін ала отырып жасалған. Жобаны жүзеге асырудың алғашқы кезеңі қазақстандық мүмкіншіліктер мен қазақстандық өндірушілердің келешек әлеуетін анықтады. Жұмыс мақсаты – кезеңдік атқару арқылы қазақстандық арнаулы тауар өндірісін дамыудың стратегиялық жоспарын дайындау.

Аймақтың экономикалық дамуын көтеруге бағытталған жоба – 2012 жылдың маусымында ашылған Ақсай индустриалды паркі (АИП). Ақсай индустриалды паркі халықаралық бірінші эшелонды компаниялардан қазақстандық кәсіпорындарға нәтижелі «ноу-хау» тасымалына мүмкіндік беретін қазақстандық қамту дамыту бастамасы ретінде Ақсай қаласының индустриалды аймағында жеке компаниялармен жүзеге асырылған тәжірибелік жоба. Бұл жобаның мақсаты – өз ғимараттар кешенін дамытуға қазақстандық кәсіпорындармен серіктестікті дамытқысы келетін халықаралық компанияларға қолдау көрсету және барлық қажетті жағдайларды жасау.

Бұл – Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымына ықпалдасқан және Қарашығанақ, Теңіз және Қашаған сияқты

басты халықаралық компанияларға жақын орналасқан жоғары технологиялық орталық. Бұл қазақстандық келісім-шарт бойынша жұмыс жасайтын компаниялар мен олардың батыс серіктестерімен тікелей байланыс мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

АИП Қазақстандағы жұмысшыларын да, шетелдегі өз жұмысшыларын да оқыту мен дамытуға қаражат жұмсайды. АИП-тың жергілікті қызметкерлері БАЭ, Италия, Швеция, Германия және БК-дегі серіктес компаниялардың өндіріс ғимараттары мен бас кеңселерінде ұдайы оқытудан өтіп тұрады.

Ішкі нарықпен нәтижелі істестік мәселелері мұнай және газ саласындағы ҚР барлық кәсіпорындары үшін бірдей маңызды. Өнеркәсіптегі ең үлкен компаниялар барынша мүмкін қазақстандық қамтуды қамтамасыз ету үшін әр түрлі аспектілерде бірігіп қызмет етеді. Мұндай істестіктің ең сәтті форматтарының бірі – өнеркәсіпте талап етілетін тауарлар мен қызметтер нарығының болашақ дамуы, сонымен қатар инвестициялар тарту мен «ноу-хау» көшіруін қамтамасыз ету үшін жергілікті компаниялардың қатысуымен өтетін форум.

2012 жылдың қыркүйегінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б. В., Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б. В. және «Теңізшевройл» ЖШС Қазақстанда жұмыс жасайтын үш басты мұнай және газ операторлары Ақтауда «Қазақстанның батыс аймақтарында жаңа өндіріс ғимараттарын тұрғызу» атты үш күндік форум өткізді. Форумға Италия, Ұлыбритания, Германия, Франция, Қытай және Ресейді қоса есептегенде 36 елден 500-ден астам делегаттар қатысты.

Форумның басты мақсаты Батыс Қазақстан аймағында жаңа өндіріс ғимараттарын салуға және жаңа жұмыс орындарын жасауға халықаралық компанияларды инвестиция құюға тарту болды.

Форумның барысында серіктестікке және біріккен кәсіпорын салуға негіз болатын меморандумдар мен келісімдер сияқты бірнеше құжатқа қол қойылды. Бұның ішінде ҚМГ және Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б. В., Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б. В. және «Теңізшевройл» ЖШС-ыңды басты компаниялар арасындағы Біріккен Шаралар туралы Ақтау Декларациясына қол қою да бар.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА ЭНЕРГИЯ ҚОРЛАРЫН ЖЕТКІЗУ

Біздің өткен жылдардағы есептерімізде атап өтілгендей, Қарашығанақтан алынған газдың бөлігі мен КПО шығарған электр қуаты жергілікті қауымдастыққа жеткілікті қуат көзімен қамтамасыз ету үшін жергілікті нарыққа жеткізіледі.

Газбен қамтамасыз ету КПО ГЭС-інде Батыс Қазақстан облысы (БҚО) қауымдастығына экспорттау үшін қажетті қосымша электр қуатын жасау үшін қажет.

ӨБТК шарттарына сәйкес, жергілікті қауымдастық үшін бастапқы қуат экспорты 20МВт болып келісілген. Кейін, ББК мен БҚО әкімдігі арасындағы 2005 жылғы талқылардан соң, КПО ҚӨК ГЭС-інде төртінші генератор тұрғызып, іске қосты. Бұл жылдан жылға аймақтық желіге қуат экспортының 45-48 МВт-қа дейін біртіндеп өсуіне әкелді.

Қазіргі таңда КПО БҚО қауымдастығына жеткізетін екі қуат жеткізушілерге қуат шығарады және экспорттайды. Ол аймақтық тұтынушыларға жеткізу үшін «АқсайЭнерго» ЖШС-ін 4.0 МВт және «Батыс Энергоресурсы» ЖШС-ін 41 МВт қуатпен қамтамасыз етеді. БҚО-ға қуатты экспорттау 2011/2012 жылдары ҚӨК-тің 4-ші генераторының іске қосылуынан болған қуат өндіру артықшылығы әсерінен азайтылды.



Ақтау қаласында жаңа өндірістерді Батыс Қазақстанда жасауына арналған форумда

АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСУ

2011 жылдың соңына дейін «АқсайЭнерго» ЖШС қуатты Ресей мен Оралдағы ЖЭС-тен сатып алып отырған болатын. Дегенмен, КПО ҚӨК ГЭС-те өндірілген өз қуатын экспорттауды бастағаннан соң, ол Ресейден импортталатын қуаттың орнын ауыстырды, себебі оның көлемі 10 млн кВт/сағ көп болды. КПО қуаты «АқсайЭнерго» ЖШС-не Ресейден импортталатыннан айтарлықтай арзанырақ қуат беретіндіктен, «АқсайЭнерго» тұтынушыларына қуат төлемін 11 пайызға дейін төмендетте алды.

КПО-ның аймақтық желіге қуат экспорты мерзіміне байланысты 30 пайыздан 40 пайызға дейін ауытқиды, ал бұл дегеніміз – КПО қуатының төмен бағасына орай аймақтық экономикаға айтарлықтай үлес.

2012 жылы КПО БҚО желісіне экспортқа жалпы 350,3 ГВт/сағ қуат өндірген, соның ішінде «АқсайЭнерго» ЖШС-не 34,9 ГВт/сағ және «Батыс Энергоресурсы» ЖШС-не 315,5 ГВт/сағ.

КПО күкіртті газды ҚӨК-тен Бөрлі ауданының индустриалды және ішкі тұтынушыларына жеткізеді. 2012 жылы күкіртті газды жеткізу 19,8 млн. м³ тең болды.

2012 жылы ҚӨК ГЭС-тегі қуат өндіру мақсаттарына тұтынылған көлемдерді қоса есептегенде БҚО-на күкіртті газды жеткізу 110,6 млн. м³ тең болды.

2012 жылы КПО-ның күкіртті газды жеткізуі

	2010	2011	2012
КПО-ның БҚО-ға жеткізілетін күкіртті газы, млн. м ³	134,0	130,9	130,4
оның ішінде:			
КТГА-ға тікелей сату	20,2	12,6	19,8
БҚО-ға қуатты өндіру үшін қолдану	113,8	118,3	110,6
БҚО-ға жеткізілген электр энергиясы, ГВт/сағ	390,9	378,2	350,4

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚОЛДАУ

ӨБТК-ның 5-қосымшасы шарттарына сәйкес, 1998 жылдан 2009 жылға дейін КПО жылына 10 миллион АҚШ долларын әлеуметтік дамыту басымдылықтарына сай Батыс Қазақстан облысы әкімдігі анықтаған әлеуметтік инфрақұрылым жобаларын дамытуға беріп отырды.

Бұл жобалар Орал мен БҚО бойынша жүзеге асады және оларға мектептер, балабақшалар, ауруханалар мен спорт ғимараттарын салу кіреді.

2009 жылы ҚР Үкіметі және КПО Басқару жөніндегі бірлескен комитеті әлеуметтік және инфрақұрылым жобаларына қор бөрудің көлемін 10 миллион АҚШ долларынан 20 миллион АҚШ долларына дейін екі еселеу туралы резолюция қабылдады.

ӨБТК-ның 5-қосымшасы шарттарына сәйкес, егер жоба бір күнтізбелік жыл ішінде іске асырылмаса, қолданылмаған бюджет келесі күнтізбелік жылға көшіріліп, ББК бекітуін алуы тиіс. Бұл төмендегі кестеде көрсетілген көшірілген жобалардың бюджет көлемдерін түсіндіреді.

КПО БҚО әкімдігі мен ББК бекіткен жобалар тізімін алады және оларды жобалау, келісім-шарттар жасау, жобаны басқару және жұмыстарды жеткізумен айналысады да, сосын оларды Қазақстан Республикасына тапсырады. Барлық әлеуметтік жобалар қазақстандық компаниялармен жүзеге асырылады.

2012 жылы Мердігерлер комитеті Ақсайда отыратын КПО қазақстандық қызметкерлерінен құралған КПО әлеуметтік жобалар комитеті деп аталатын ішкі консультациялық жұмыс тобын құру бастамасын ұсынды. КПО сәйкес бөлімдерінің өкілдері әлеуметтік жобалар комитетінің мүшелері. Бұл комитетінің мақ-

саты ашықтық пен КПО-ның қазақстандық жұмысшыларының әлеуметтік жобаларды таңдау үдерісіне қатысуларына көз жеткізу.



Ақсуат ауылында орташа мектептің ашылуы рәсімінде



Орал қаласында жаңа орташа мектептің ашылуы рәсімінде

АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСУ

2012 ЖЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫ

Оралдағы әлеуметтік жобалар		
Құрылыс	Жоба сипаттамасы	Жоба бюджеті (млн АҚШ доллары)
Салтанат сарайы <i>аяқталған</i>	Оралда мәдени, мерекелік және әлеуметтік іс-шараларды өткізу мүмкіндіктерін арттыру мақсатында салынған кешен. Салтанат сарайы заманауи архитектура үлгілеріне, сондай-ақ санитарлық және құрылыс талаптарына сай. Ол 7-шағын ауданда орналасқан және Орал қаласы символдарының бірі болып саналады.	10,4
Теннис алаңы <i>іске асуда</i>	Теннис кешені – ішкі және сыртқы теннис алаңдары мен 300 көрерменге арналған трибуналары бар екі қабатты ғимарат. Кешен сонымен қатар халықаралық сайыстар өткізуге қолданылатын болады. Жоба 10% орындалды.	2,9
1 200 оқушыға арналған мектеп <i>аяқталған</i>	Мектеп – Самал көшесінде орналасқан үш қабаттан тұратын ғимарат. Мектеп ғимараты 48 сыныпта 1200 оқушыны орналастыруға бес блоктан, асханадан, медициналық пункттен, мәжіліс залынан, шынығу залынан, лифттен, жайлылық блогынан, кітапханадан, зертханалар мен шеберханалардан тұрады. Онда алғашқы әскери дайындыққа арналған арнайы бөлмелер де бар. Мектеп дайын алу негізінде толығымен жиһазбен және құрылғылармен жабдықталған.	10,3
350 балаға арналған балабақша <i>іске асуда</i>	Бала бақша – 350 баланы (16 топты) орналастыруға, үйшіктер мен ойын құрылғылары бар 16 ойын алаңы, физикалық жаттығуларға арналған алаң мен бақшасы бар екі қабатты ғимарат. Ғимарат дайын алу негізінде толығымен жиһазбен және құрылғылармен жабдықталған болады. Жоба 59,63% бөлігі аяқталған.	3,7
Жалпы		27,3



Орал қаласында салынған Салтанат сарайы

АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСУ

Берлі ауданындағы әлеуметтік жобалар		
Құрылыс	Жоба сипаттамасы	Жоба бюджеті (млн АҚШ доллары)
Ақсайдағы Советская көшесін жөндеу <i>аяқталған</i>	Жоба Ақсай қаласының Советская көшесінің автомобиль жолы мен жаяужолының жағдайын жақсартуға бағытталған.	1,38
Ақсайдағы Орталық қазандықты толық қалпына келтіру <i>аяқталған</i>	Жоба Ақсай қаласының 10-шағын ауданына жылуды жеткізуді жақсартуға бағытталған. Жобаға жаңа қазандықпен қамтамасыз ету және орнату, сорғыш қондырғыны ауыстыру, қазандық жайының ішкі жөндеу жұмыстары кіреді.	1,06
Жарсуаттағы мектеп шеберханасы <i>аяқталған</i>	Бұл шеберхана Жарсуат ауылдық мектебінің оқушыларына ағаш ұсталық сияқты техникалық білім мен дағдылар беруге бағытталған.	0,13
Успеновкадағы мектеп <i>аяқталған</i>	Жоба Успеновка ауылдық мектебінің ескірген ғимаратын жақсартуға бағытталған.	0,50
Успеновкадағы сумен қамтамасыз ету жүйесі үрдісі <i>аяқталған</i>	Жоба Успеновка ауылының тұрғындарының ауылшаруашылық және басқа да тұрғын үй қажеттіліктеріне тұрақты сумен қамтамасыз етуді жеткізуге бағытталған. Жаңа құбыр жолының жалпы ұзындығы 10,5 шақырым. Жобаның бөлігі ретінде жаңа сорғы станциясы салынды. Оған қоса, Успеновка ауылында 130 үй-жайлар мен басқа да қоғамдық ұйымдарға жаңа сумен жабдықтау құбырлары тартылды.	0,25
Березовкаға ауыз су тарту <i>аяқталған</i>	Бұл жоба Берлі ауданындағы Березовка ауылына ауыз суын тартуға бағытталған.	2,0
	Жалпы	5,32

АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСУ

2012 ЖЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫ

БҚО-дағы әлеуметтік жобалар		
Құрылыс	Жоба сипаттамасы	Жоба бюджеті (млн АҚШ доллары)
Ақсуаттағы мектеп <i>аяқталған</i>	Мектеп Ақжайық ауданының Ақсуат ауылынан 198 баланы орналастыруға бағытталған. Мектептің екі қабатты ғимараты білім беру мен 6 жастан 17 жасқа дейінгі балалардың өзіндік дамуына арналған. Мектеп жетекші құрылыс нормалары мен стандарттарына сай салынған, дайын алу негізінде толығымен жиһазбен және құрылғылармен жабдықталған.	2,9
Сайқұдықтағы мектеп <i>іске асуда</i>	Мектеп Ақжайық ауданының Сайқұдық ауылынан 198 баланы орналастыруға бағытталған. Оның бөлмелері, шынығу залы, мәжіліс залы, асханасы және кітапханасы бар. Мектеп дайын алу негізінде толығымен жиһазбен және құрылғылармен жабдықталатын болады. Жобаның 43,25% бөлігі аяқталған.	2,9
Көнекеткендегі мектеп <i>аяқталған</i>	Мектеп Теректі ауданының Көнекеткен ауылынан 198 баланы орналастыруға есептелген. Мектеп толықтай жиһазбен, компьютерлер мен оқыту материалдарымен жабдықталған. Екі қабатты мектептің бөлмелері, шынығу және мәжіліс залдары, жақсы жабдықталған химия, физика және биологияны оқу бөлмелері бар. Онда шеберханалар, тігін шеберханасы, 65 адамға асхана және кітапхана бар. Оған қоса, мектеп алаңында ағаштар мен басқа да өсімдіктер отырғызылған. Мектеп дайын алу негізінде толығымен жиһазбен және құрылғылармен жабдықталған.	2,89
Үшағаштағы мектеп <i>аяқталған</i>	Мектеп Қаратөбе ауданындағы Үшағаш ауылынан 108 баланы орналастыруға есептелген. Екі қабатты мектепте бөлмелер, шынығу залы, мәжіліс бөлмесі, химия және биология зертханалары, алғашқы әскери дайындық бөлмесі, асхана және кітапхана бар. Мектеп дайын алу негізінде толығымен жиһазбен және құрылғылармен жабдықталған.	2,65
Оралдағы автомобиль жолдары <i>іске асуда</i>	15 шақырымдық қала автомобиль жолдарын салу. Жобаның 82% бөлігі аяқталған.	1,3
Бейсендегі емхана <i>аяқталған</i>	Бөкейорда ауданының Бейсен ауылындағы емхана бұл қашықтағы ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық қолдаудың сапасын арттыру мақсатында салынды. Емхана Оралдан шамамен 600 шақырым қашықтықта. Бұл «100 мектеп, 100 емхана» мемлекеттік бағдарламасының бөлігі ретінде салынды.	1,0
Сары өмірдегі мәдениет орталығы <i>аяқталған</i>	Мәдениет орталығы толығымен жиһазбен жабдықталған және дайын алу негізінде табыс етілді.	2,19
	Жалпы	15,83

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ЖАСАУ

КПО қоғамдастықтардың дамуын көздейтін жергілікті билік органдарына жәрдемдесе отырып, компанияның жұмыс аясының төңірегіндегі жергілікті тұрғындарға жақсы көрші болуға ұмтылады. Сондықтан біздің қатысуымызбен болатын пайданы барынша арттыру үшін мүдделі тараптармен нәтижелі қарым-қатынас орната отырып және әлеуметке келетін пайданы ұлғайту мүмкіндіктерін жасау арқылы біз жағымсыз әсерлерді болдырмауға немесе оларды барынша азайтуға күш саламыз

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОЛ

Бұл саладағы КПО әрекеттеріне сипаттама негізі 2009 жылы енгізілген және Халықаралық қаржы корпорациясының өнімділік стандарттарымен қуатталған бірнеше жұмыс жасау үрдістерімен жанасқан әлеуметтік өнімділік саясаты және стандарттарымен бекітілген. Әлеуметтік көрсеткіштеріміз қоғамдағы біздің барлық мүдделі тараптарымызды қамту үшін кеңейіп жатқанмен де, басты назар КПО-ның операцияларына жақындығымен анықталатын біздің тікелей әсер ету салаларымызға бөлінеді. 2012 жылдың мамырында КПО өзінің іскери мақсаттарын қауымдастық пен үкімет мақсаттарына сәйкестендіре отырып, және тиісті операциялық және жобалық тәуекелдерді басқара отырып жеткізуді қолдау мақсатымен өзінің 2012 жылғы әлеуметтік өнімділік жоспарын шығарды. Осының арқасында, КПО көршілес қоғам мен Қазақстан Республикасының кеңірек тұрақты даму тәртібінің әлеуметтік-экономикалық аспектілеріне өз үлесін қосуға ұмтылады.

КОНСТРУКТИВТІ ДИАЛОГ ОРНАТУ

Кеңес беру – КПО-ның әлеуметтік өнімділік саласындағы жұмыстарының іргетасы. Ресми кеңес беру органдарынан (Консультациялық кеңес) бастап, қоғамдық тыңдауларға дейін және жергілікті басқару органдары, ҰЕҰ-дар және басқа да негізгі ақпараттандырушылармен арнайы мәжіліске дейінгі әр түрлі құралдар қабылданған.

Кен орнына ең жақын сегіз ауылдардан тұратын Консультациялық кеңестер Қарашығанақ кен орнының айналасындағы төрт ауылдық аймақтарда бекітілген. Бұл кеңес беру органдары 2005 жылы КПО, БҚО Бөрлі ауданының мәслихаты мен әкімдік арасындағы үшжақты Өзара түсіністік туралы меморандум бойынша құрылды. КПО сарапшылары жергілікті сенімге ие тұрғындарға, жергілікті билік органдарына,

бастама топтары өкілдеріне іссапармен барып тұрады және ұдайы және кездейсоқ негізінде алаңдатушылық немесе қызығушылық тудыратын мәселелерді көтеру және КПО-ның ағымдағы және жоспарланған жұмыстары туралы жаңалықтармен алмасу үшін кездесіп отырады.

Консультациялық кеңес КПО-ның ауылдарға берілетін әлеуметтік және экономикалық инвестицияларының басымдықтарын анықтауға көмектеседі. Бұл диалог КПО-ға пайда болған мәселелерге жауап беруге, ұсыныстарды және бастамаларды талқылауға және КПО-ға да, көршілес қауымдастықтарға да пайдасын тигізетін мүмкіндіктерді дамытуға мүмкіндік береді.

2012 жылы Консультациялық кеңес жалпы алғанда 16 кездесу өткізді. Кездесу барыстарында Консультациялық кеңес мүшелері мен КПО қауымдастықпен қатынастар қызметкерлері КПО тарапынан қолдаумен іске асырылатын бағдарламаларды талқылады. Атап айтқанда, ауыл кеңестері өкілдері КПО-ны ауылдық балаларға арналған тоқтап қалған жаз лагері мен Орал қаласының маңындағы Ақжайық санаторийіндегі қауымдастықтың қарт адамдарына арналған денсаулық түзету бағдарламасын қайта бастауды бірнеше мәрте сұраған. Мектеп директорлары 8 ауылдық мектепті ас үй құрылғыларымен жабдықтау мәселесін көтерген. Қалғандарын КПО-ның қолдауымен олардың ауылдарында жүзеге асырылған ұзақ мерзімді қоршаған орта және гео-динамикалық зерттеулер нәтижесі қызықтырды. Бестау, Березовка және Жаңаталап тұрғындары олардың ауылдарындағы ауыз суының сапасы жайлы наразылықтарын білдірді.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

2012 жылдың қыркүйегінде КПО Бөрлі ауданы мәслихаты мен әкімдігінің қолдауымен 2013 жылға қоршаған ортаны қорғау шара-

лары жоспарының қоғамдық тыңдауларын өткізді. Қарашығанақ кен орны жақын маңындағы ауылдар өкілдері, мүдделі топ өкілдері, қауымдастық және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де шақырылды.

Қатысушылар 2013 жылы қоршаған ортаны қорғау шаралар жоспары жайында ақпаратпен қамтамасыз етілді. Оның негізгі басымдықтары – су ресурстарын сақтау, қалдықтарды жою және тұтыну, сонымен қатар атмосфералық ауаны сақтау. Одан соңғы талқылауда қауымдастық, мемлекеттік органдары және БАҚ өкілдерінің ауа сапасы, ағаш отырғызу шаралары, қолданылған су ресурстарын өңдеу және т.б. туралы сұрақтар қоюға мүмкіндігі болды. Қоғамдық тыңдаулардың қатысушыларының берген барлық ұсыныстары мен ескертулері кездесудің хаттамасына енгізілді.



«2013 жылға табиғат қорғау шаралар жоспары» тақырыбына қоғамдық тыңдаулар

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ЖАСАУ

ШАҒЫМДАР МЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ҚАРАСТЫРУ

КПО-ның шағымдар мен ұсыныстарды қарастырудың сол мекендердегі ресми саясаты бар. Көршілес ауылдардың кез-келген тұрғынының КПО қауымдастықтармен байланыс қызметкеріне ауызша түрде, немесе арнаулы үлгілерді жазбаша толтыру мен кен орнына көрші жатқан барлық сегіз ауылдардың қоғамдық орындарында орнатылған жәшіктерді қолдана отырып, шағым / ұсыныс беру құқығы бар. Сосын компания шағым / ұсынысты қарастырып, оны шешу / қолданудың ұсыныстарын жасайды.

Өткен жылдардағы алынған тәжірибелерді ескере отырып, 2012 жылдың шілде айында бұл механизмнің нәтижелілігін арттыру мақсатында КПО қауымдастық шағымдары мен ұсыныстары үрдісі жаңартылды.

2012 жылы көтерілген барлық шағымдарды / ұсыныстарды КПО тиісінше алдын-ала келісімдерін алып шағымданушылармен телефон немесе бетпе-бет кездесу арқылы жабды. Әдетте шағымдар ауылдарға барып тұратын КПО-ның жергілікті тұрғындармен байланыс жөніндегі қызметкерлеріне тікелей беру арқылы тапсырылады. КПО жергілікті тұрғындармен байланыс жөніндегі қызметкерлерінің сапарлар кестесі сегіз ауылдағы КПО ақпарат тақтасында ілініп тұрады.

Жергілікті қауымдастықтарға әсерлерді бақылау және алдын алу

Тазалық сақтау аймағы (ТСА) өндірістік нысан мен жергілікті елді мекен арасындағы аралық зона болып табылады және ол Қарашығанақ мұнай-газ және конденсат кен орны (ҚМГКК) периметрінің бойын жағалай орналасқан. Тазалық сақтау аймағы – үрдістің қалыпты режимінде ғимараттарды қолдану кезінде тұрғындарға қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін қорғаныш тосқауыл орнатылды.

2012 жылы КПО-ның ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен, одан 04.04.2012 жылғы №46 шешімді алуы арқылы есептік ТСА жобасы келісілді және КПО кен орны бақылау бір жылдық бағдарламасын бастады. Бағдарламаға есептелінген ТСА-ның дұрыстығын дәлелдеу мақсатында атмосфералық ауадағы ластағыш заттардың шоғырлануын анықтау кіреді. Ауа сынақтарын алу мен сынақтар жүргізу ТСА-ның 4 компас бағыттарында (Солт., Шығ., Бат., Оңт.) Мемлекеттік Санитарлы-эпидемиологиялық бақылау органдары (МСЭБ) мен тапсырыс беру-

шінің аккредитацияланған зертханасы қатысуымен өтеді. Кен орнын бақылау бағдарламасы аяқталғаннан соң, КПО бекітілген ТСА жобасын дамытуға кіріседі.

Заңнама талаптарына сәйкес міндетті қоғамдық тыңдаулар осы кезеңде өтеді

Атмосфералық ауаны бақылау жүйесіне келесілер кіреді, бірақ бұнымен шектелмейді:

- **Стационарлы автоматтандырылған экологиялық бақылау станциялары (ЭБС) арқылы ауаны үздіксіз бақылау.** ҚМГКК ішінде және ТСА периметрін жағалай 14 ЭБС орнатылған. Экологиялық бақылау станциялары үздіксіз жұмыс жасайды және экологиялық бақылаудың автоматтандырылған жүйесімен біріктірілген. Автоматтандырылған экологиялық бақылау жүйесі ҚМГКК ішіндегі ауа сапасы туралы ақпарат жинау жүйесі және ескерту жүйесі.

Ескерту жүйесі кен орынындағы ғимараттардағы өндіріс үрдісі нәтижесі ретінде ауаға шығарылған ластағыш заттар деңгейі тиісті мүмкін шектен асқан кезде дабылды іске қосады. Экологиялық бақылау жүйесі күкіртті сутек (H_2S), күкіртті газ (SO_2), азот диоксиді (NO_2) және көміртек тотығы (CO) сияқты басты ластағыш заттарға қатысты ауа сапасы мен көлемі жайлы нақты уақыттағы ақпарат жинауға мүмкіндік береді.

Бақыланған компоненттердің тіркелген шоғырланулары санитарлық стандарттармен салыстырылады және экологиялық ластану деңгейін анықтау үшін ШРШ бөлігі ретінде көрсетіледі.

ШРШ (шектік рұқсат етілген шоғырландыру) – көбеюі адам денсаулығы және қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін, ауадағы бір немесе бірнеше ластаушы заттардың әсерінің көрсеткіші.

ҚМГКК ТСА-да орнатылған автоматтандырылған ЭБС берген ақпаратқа сәйкес, бақыланған компоненттердің шоғырланулары ШРШ-дан аспады және олардың жылдық орташа көрсеткіші келесідей болды: күкіртті сутек (H_2S) - 0,13 ШРШ, күкіртті газ (SO_2) – 0,14 ШРШ, азот диоксиді (NO_2) – 0,1 ШРШ, көміртек тотығы (CO) – 0,1 ШРШ.

2012 жылдың ақпанында Березовка ауылындағы екі жаңа автоматтандырылған экологиялық бақылау станциясы ауа сапасын бақылауды көтеру мақсатында іске қосылып, өз жұмыстарын бастады. КПО корпоративтік



Экологиялық мониторингтің жылжымалы станциясы

қоршаған орта және жұртшылықпен байланыс жасау жөніндегі бөлімдері Березовка ауылының тұрғындарының қатысуымен өткен кеңес беру алқасының жиналысында бұл екі экологиялық бақылау станцияларының қызметтері мен мақсаттары бойынша презентация ұйымдастырып өткізді. Кеңес беру алқасының отырысына сонымен қатар Батыс Қазақстан облысы мен Бөрлі ауданының қоршаған ортаны қорғау органдары өкілдері қатысты.

ЭБС-013 және ЭБС-014 берген ақпараттарға сәйкес, бақыланған компоненттердің орташа жылдық шоғырлануы келесі көрсеткіштерден аспады: күкіртті сутек - 0,13 ШРШ, күкіртті газ - 0,08 ШРШ, азот диоксиді - 0,25 ШРШ, көміртек тотығы - 0,07 ШРШ.

2012 жылдың желтоқсанында ҚМГКК ТСА шекарасында екі қосымша ЭБС орнатылды – оңтүстік-батыста және оңтүстік-шығыста. 2013 жылдың соңына дейін ТСА шекарасында тағы екі автоматтандырылған ЭБС орнату жоспарланған – солтүстік-батыста және солтүстік-шығыста.

- **Бар ТСА шекарасындағы ауа сынақтарын алу және сынау.** 2011-2013 жылғы экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес, ҚМГКК ТСА шекарасындағы ауа сынақтарын алу МЕМСТ 172.3.01-86 «Табиғатты қорғау. Атмосфера. Елді мекендердегі ауа сапасын бақылау», МЕМСТ 12.1.005-88 мемлекеттік стандарттарына және РД 52.04.186-89 «Ауа ластануын бақылау нұсқаулығына» сәйкес жүргізілуде. Ластау заттарының атмосфералық ауадағы құрамын бақылау бөлек-бөлек күніне төрт рет сағат 1, 7, 13 және 19-да 8 румбта тексеріледі. Осылайша, жалпы алғанда бақылау бағдарламасы

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ЖАСАУ

ластағыш заттардың бір уақыттық және күні бойғы орташа шоғырлануы туралы ақпарат беріп отырады. Сынақтар тапсырыс берушінің аккредитацияланған зертханаларымен жүргізіледі.

- Күкіртті сутек, күкіртті газ, азот диоксиді, көміртек тотығы, метан, метилмеркаптан сияқты 6 басты компонент бақыланады. 2012 жылғы ауаны бақылау нәтижелеріне сәйкес, бақыланған компоненттердің жылдық орташа шоғырлану көрсеткіштері келесілерден аспады: күкіртті сутек - 0,25 ШРШ, күкіртті газ - 0,03 ШРШ, азот диоксиді - 0,36 ШРШ, көміртек тотығы - 0,086 ШРШ, метан - 0,02 ШРШ, метил меркаптан – табылу шегінен төмен.
- **Он елді мекендерде жоспарлы ауа бақылаулары**, атап айтқанда: Ақсай, Березовка, Бестау, Жарсуат, Жаңаталап, Димитрово, Қарашығанақ, Қаракемір, Приуральное, Успеновкада барлық қажетті құралдармен жабдықталған орнатылған стационарлы станциялар арқылы жүзеге асырылады. Ауа сапасы туралы ай сайынғы есептер жергілікті БАҚ-да жарық көреді және ауылдарға ақпарат тақталарына ілу үшін жіберіледі. Сондай-ақ станциялар тұрғындардан иіске шағым түскен жағдайда дереу ауа сынақтарын алу үшін қолданылады.

ҚМГКК төңірегіндегі ауылдардың ауасында 7 компонент бақыланады: күкіртті сутек, күкіртті газ, азот диоксиді, көміртек тотығы, бензол, толуол және ксилол. 2012 жылы алынған ауа бақылау нәтижелеріне сәйкес, бақыланған компоненттердің жылдық орташа шоғырлану көрсеткіштері келесілерден аспады: күкіртті сутек - 0,25 ШРШ, күкіртті газ - 0,26 ШРШ, азот диоксиді - 0,75 ШРШ, көміртек тотығы - 0,18 ШРШ, бензол - 0,36 ШРШ, толуол - 0,02 ШРШ, ксилол - 0,065 ШРШ.

- **КПО-дағы екі мобильді экологиялық бақылау станциялары**, қосымша ауа сапасын бақылау әрекеттерін жүргізуге қолданылады және тұрғындардан газ иісі туралы шағымдар алған жағдайда станциялар дереу мекенге әкелініп, ауа сынақтарын алуға арналған.

Нәтижелі бақылау жүйесінің арқасында КПО мүмкін шектік рұқсат етілген шоғырланудан асу жағдайын ерте анықтау және жылдам жауап қайтара алу үшін дәл және уақытылы ақпаратқа ие.

2012 жылы ҚМГКК ТСА ауасында және ҚМГКК ғимараттарындағы жұмыс әсерінен болған

кен орындарға жақын жатқан елді мекендер ауасында бақыланған компоненттердің ШРШ асып кету жағдайлары болмады.

2011 жылы басталған Қарашығанақ кен орнына жақын жатқан елді мекендердегі экологиялық жағдайды зерттеу 2012 жылы жалғастырылды. 2011-2014 жылдарды қамтитын аталған зерттеу қоршаған орта компоненттері мен ауыл шаруашылық өнімдеріндегі ластаушылардың шоғырлануын бақылауға назар аударылады.

Ұзақ мерзімді бақылау ҚМГКК жақын жатқан ауылдардағы экожүйелердің динамикалық жағдайларын бағалау үшін қажетті ақпараттарды алуға мүмкіндік береді.

2012 жылдың мамыр айында Березовка ауылында оның тұрғындарын 2011 жылғы зерттеулердің аралық нәтижелерімен таныстыру өтті.

2012 жылы Бөрлі ауданының Березовка ауылы және Теректі ауданының Долинное ауылында өсірілетін көкөністер сапасы, жер және су көздерінің сапасы және малдың физиологиялық жағдайларын зерттеу жүргізілді. Қазіргі таңда зертханалық зерттеулер жүргізілуде және жылдық аралық есеп дайындалуда. Зерттеулердің аралық нәтижелерін Березовка ауылының тұрғындарына 2013 жылдың бірінші тоқсанында көрсету жоспарланған.

ҚАУЫМДАСТЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

КПО қауымдастықтар мен билік органдарымен төтенше жағдай болғанда үйлестіру және тиімді әрекет етуді қамтамасыз ету үшін белсенді араласуды жалғастыруда. Байланыс және қоғамдық ақпараттандыру жүйелері жалпы алғанда 6,000 тұрғыннан асатын 11 ауылда орнатылды. Жүйелерді басқару КПО-мен тәулік бойы жүзеге асырылады. Одан қоса, барлық төтенше жағдайда әрекет ету жүйелерінің жұмыс жасайтындығына көз жеткізу үшін, әрбір ауылда ескерту және көшіру жоспарларына сәйкес ұдайы жаттығулар жүргізіліп тұрады. Кен орнымен Қарашығанақ – Үлкен Шаған – Атырау экспорт құбырына ең жақын орналасқан қауымдастықтардың тұрғындарына аса назар аударылады. Аталған қауымдастықтардың тұрғындарына ұдайы оқытулар мен сессиялар жүргізіліп отырады. Осылайша, Қарашығанақ кен орнын қоршаған қауымдастықтарда 274 сессия өткізілді, 531 адам оқытылып, 107 кездесуге 858 адам қатысты. Қарашығанақ – Үлкен Шаған – Атырау экспорт құбырының маңында орналасқан 60 ауылға КПО төтенше жағдайда

әрекет ету қауымдастық дайындығы мамандары сапарларымен барып қайтты. Жұмыс сапары кезінде экспорт құбыр жолы бойында тұратын 600-дан астам адаммен кездесулер өткізілді.

Кездесулерде тұрғындарға КПО-ның Қазақстан экономикасындағы маңызы мен рөлі, төтенше жағдайға жауап берудің бөлігі ретінде қолға алыну керек әрекеттер, КПО ғимараттарындағы мүмкін төтенше жағдайдағы қауымдастықтарды ескерту үрдістері және төтенше жағдайды жою үшін қолданылатын әрекеттер сияқты басты мәселелер бойынша түсіндірілді.

ДАМУДЫ ҚОЛДАУ

Өмір сүру деңгейін жақсарту Қарашығанақ жұртшылығының басты ұмтылысы және КПО жергілікті билік органдарының жасап жатқан тырысуларына көмектесу арқылы сол мақсаттарды қолдауға ұмтылады.

Тұрғындардың дамуына бағытталған іс-шаралар бойынша әрекеттер КПО-ның көршілес қауымдастықтар алдындағы жауапкершілігін толықтыру және олардың ұзақ мерзімді дамуына үлес қосу үшін жүргізіледі.

Біз қолдау көрсететін қауымдастықтар кеңес беру алқасы арқылы ауылдың негізгі әлеуметтік инфрақұрылымын және олардың әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталған жобаларды ұсынады.

Сосын КПО алынған ұсыныстарды олардың қауымдастық қажеттіліктеріне сәйкестігіне, жалпы басымдылығына, техникалық жүзеге асырылуына және бюджетіне байланысты қарастырады. Нәтижесінде қауымдастықты дамыту жобаларының тізімі келісіліп, кен орнын



Консультативтік кеңестің Березовка ауылындағы жиналысы

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ЖАСАУ

қоршаған сегіз ауылдарда жүзеге асырылады. Жылдар бойы біз әр түрлі ауылдар арасында қолдаудың тепе-теңдігін сақтап отыруға ұмтылудамыз.

КПО-ның 2012 жылы жергілікті қауымдастықтарды қолдау үшін келесі салалардағы жүзеге асырған бастамалары:

Денсаулықты сақтау

2012 жылы КПО көршілес елді мекендердің қайталама өтініштерін есте сақтай отырып, өзінің тоқтап қалған ұзақ мерзімді қауымдастық дамыту бағдарламаларының бірқатарын жүзеге асыра алды. Осылайша, КПО-ның қарт адамдарға арналған денсаулықты жақсарту бағдарламасының бөлігі ретінде бес ауылдық аймақта (Березов, Успенев, Жарсуат, Приуральный және Қызылтал) 160 зейнеткерге БҚО-да орналасқан Ақжайық санаторийінде рекреациялық орталық ашылды. Одан бөлек, КПО БҚО Орал қаласында орналасқан Талап жаздық лагерінде 7 жастан 14 жасқа дейінгі аталып өткен ауылдардың 160 баласына арналған жазғы лагерь бағдарламасын жүзеге асырды.

2012 жылы КПО жоғарыда аталған ұйымдарда көрсетілген қызмет сапасын және КПО қауымдастықтармен байланыс секциясының жұмысы сапасын ашу мақсатында ауылдық қарт адамдар мен балалар арасында сауалнама жүргізді. 320 адамнан сұрақ-жауап алынды және осы арқылы сапалық та, сандық та ақпарат алынды. Бұл ақпарат қызмет көрсетушілерге 2013 жылы өз сапаларын жақсарту мақсатында берілетін болады. Жалпы, барлық жауап берушілер «Ақжайықта» да, «Талапта» да көрсетілген медициналық емдеу, орналасу жағдайлары, тамақтары мен ойын-сауық бағдарламалары сапасын жоғары бағалады. Қауымдастық мүшелері бағдарламаларды ұйымдастыруға көмектескен КПО жұртшылықпен байланыс секциясының жұмысын да атап өтті. Ауылдық қауымдастық мүшелері КПО жергілікті қауымдастықтардың пайдасы үшін мұндай бағдарламаларға демеушілігін жалғастырады деген үмітінін білдірді.

2012 жылы Жеңіс күні қарсаңында КПО жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметкерлер Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан сегіз ауылдағы 21 ардагерге барып, шапан жапты.



КПО ауылдық балалар үшін жазғы демалысқа демеуші болады

Білім беру

2012 жылы КПО ауылды мекендерде кәсіби мамандардың болуын қамтамасыз ету үшін Бөрлі ауданы білім беру департаментімен бірлесе 2010 жылы бастаған тәжірибелік қауымдастық шәкіртақы жобасын қолдауды жалғастырды. Ауыл оқушылары белгілі-бір білім алу үшін қаржыландырылады, бірақ оқуды тәмамдағаннан соң өз ауылына оралып, белгілі бір уақыт жұмыс жасауға жауапкершілік алады. Алғашқы үш студент өздерінің үшінші курс оқуларын Батыс Қазақстан университеті мен колледжінде жалғастыруда.

2012 жылдың аяғында КПО Бөрлі ауданы білім беру департаменті және «Жігер» қоғамдық қорымен Бөрлі ауданындағы мектептерге демеушілік қолдау көрсету туралы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. 2012 жылы жергілікті қауымдастықтардан алған сұрауларды ескере отырып, КПО демеушілік қорын Ақсай мен көршілес қауымдастықтардағы бірнеше мектепке құрылғылар мен материалдар сатып алуға жұмсау туралы шешім қабылдады. Аталған қоғамдық қор Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдардағы және Ақсай қаласындағы сегіз мектепте ас үй құрылғыларының толық жиынтығын, жиһаз және компьютерлер сатып алып, орнататын болады. КПО жұртшылықпен байланыс жөніндегі департаменті 2013 жыл бойында аталған құрылғыларды сатып алу және табыстау барысын қадағалайтын болады.

Жергілікті бейкоммерциялық ұйымдардың әлеуетін дамыту

2012 жылы БҚО және Бөрлі ауданында орналасқан 10 бейкоммерциялық ұйымға Орал және Ақсай қалаларында оқытулар қатары өткізілді. «БҚО бейкоммерциялық ұйымдарды қолдау және ұйымдастырушылық дамыту» деп аталған бұл жобаны «Қазақстанның азаматтық альянсының» қатысуымен, КПО бас компанияларының бірі болып табылатын «Биджи Қазақстан» компаниясы қаржыландырды.

Жобаның мақсаты жергілікті бейкоммерциялық ұйымдардың құзыреттіліктерін жақсарту мен әлеуетін арттыру арқылы жергілікті қауымдастықтарға көрсетілетін әлеуметтік қызметтерді жақсарту болған. Қоғамның әлсіз топтарымен жұмыс жасайтын қалалық және ауылдық бейкоммерциялық ұйымдарға арналған оқытулар топтамасы үш кезеңде - 2012 жылдың тамыз, қыркүйек және қараша айларында өтті. КПО-ның бұл жобадағы рөлі өткен бірнеше жылдар ішінде оның демеушілік бағдарламасының бенефициарлары болатын бейкоммерциялық ұйымдар тізімін дайындау болды. Одан бөлек, КПО Биджи Қазақстан және «Қазақстанның азаматтық альянсына» аталмыш бейкоммерциялық ұйымдардың бастапқы қажеттіліктерін бағалауда көмектесті.


Семинарлар қатысушылардың бизнес-жоспарлауда, бюджет дайындауда, жоба басқаруда және қаражат жинаудағы дағдыларын дамытуды жеңілдетті.

Бұл семинарларға қатысқан барлық бейкоммерциялық ұйымдарда өкілдері олардың маңыздылығы мен бағалығын ерекшелейді, себебі олар мұндай ұйымдардың әлеуетін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар олардың өзара араласуын дамытады және олардың жергілікті қауымдастықтарға көрсететін қызметтерін жақсартуға көмектеседі.

2012 жылы КПО жұртшылықпен байланыс жасау жөніндегі қызметкерлері 2011 жылдың аяғында демеушілік етілген жобаларды бақылауға қатысты және жергілікті бейкоммерциялық ұйымдардың ұйымдастырған бірнеше демеушілер ұсынған материалдарды тапсыру салтанаттарына қатысты.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ЖАСАУ

Қайырылымдық және демеушілік іс-шараларына бағытталған КПО бюджеті, АҚШ долларында



КӨРШІЛЕС ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕГІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР

Осынау есептің алдыңғы бөлімдерінде аталып өткендей, 2012 жылы ауылдардың негізгі әлеуметтік инфрақұрылымын және олардың әлеуметтік өмірін жақсарту мақсатында КПО кеңес беру алқасы ұсынған бірнеше жобаны жүзеге асырды.

Бұл жобаларға Березовка ауылындағы сумен қамтамасыз ету жүйесін жаңарту, Жарсуат ауылындағы мектеп шеберханасын қайта құру, Успенровка ауылындағы мектепті толық жөндеу және Успенровка ауылында жаздық жерді суару жүйесін қайта құру кіреді. Толығырақ мәлімет алдыңғы бөлімде талқыланған.


2012 жылы КПО 260 оқушыға білім беруге мүмкіндік беретін Успенровка ауылындағы мектепті қайта құруды бітірді. Мектепте 10 бөлме, бір шынығу залы, мәжіліс бөлмесі, шағын орталық және асхана бар.

Қолданыстағы ғимаратты, қазандық үйін толықтай қайта құру, сумен жабдықтау және канализация жүйесін қалпына келтіру сияқты өңдеулерді жергілікті компания орындады.

Успенровка ауылдық мектебін қайта құрудың сәтті аяқталуына арналған инаугурация салтанатына КПО жоғары басшылығы, жергілікті билік, атқарушы компания өкілдері мен БАҚ қатысты. Успенровка ауылы мектебінің директоры Г. Зайнуллин мырза жергілікті қауымдастық атынан КПО-ға Успенровка ауылына көрсеткен қолдауы үшін алғыс білдіріп, КПО мен кеңес беру алқасының арасындағы нәтижелі істестік одан ары жалғасады деген үмітін білдірді.

Успенровка ауылындағы жаздық жер суару жүйесін қайта құру жобасының аяқталуы кезінде КПО жергілікті билік, қауымдастық өкілдерімен кеңес беру алқасының кездесуін Бөрлі ауданы мәслихаты орынбасарларының, атқарушы компания өкілдерінің қатысуымен жобаның аяқталуын хабарлау үшін өткізді. Қауымдастық өкілдері жаз мезгіліндегі сужүйесін қолдану және жөндеу туралы сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды және КПО-ға Успенровка қауымдастығына көрсеткен қолдауы үшін алғысын білдірді.

Қайырылымдыққа жұмсалған шығыс бюджеті



Ақсайдың балалар музыкалық мектебіне КПО-дан сый ретінде берілген рояль

GRI КӨРСЕТКІШІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІ

Жаһандық есеп беру бастамасының (ЖЕБ) G3.0 басшылығы нұсқасының талаптарына сәйкес дайындалған 2012 жылғы КПО-ның тұрақты даму есебі В+ деңгейіне сәйкес. Төмендегі кестеде ЖЕБ көрсеткішіне қатысты есептіліктің стандартты элементтерінің ашылу деңгейін көрсеттік.

Иә	Көрсеткіш толығымен ашылды
Жартылай	Көрсеткіш жартылай ашылды
Қолданылмайды	Көрсеткіш КПО қызметінде қолданылмайды

Есептілік элементінің №	ЖЕБ көрсеткіші	Бөлім және бет / Жауап	Элементтің ашылу статусы
ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ I БӨЛІМ: Бейінді элементтер			
1. Стратегия және талдау			
1.1	Ұйымға және оның стратегиясына тұрақты дамудың маңыздылығы туралы және есепті шығаратын ұйымда шешімдерді қабылдайтын бас тұлғаның	Бас директордың мәлімдемесі (6-7 бет)	Иә
1.2	Негізгі әсерлер, қауіп-қатерлер және мүмкіндіктер анықтамасы	Бас директордың мәлімдемесі (6-7 бет), Біздің жұмыс нәтижелері және мақсаттарымыз (8-12 бет), Қарашығанақ өндірістік қызметтеріне шолу (16 бет); Қауіп-Қатерлерді басқару (24 бет)	Иә
2. Ұйым саласы			
2.1	Ұйымның аты.	Есептің сипаттамасы (5 бет)	Иә
2.2	Негізгі брендтер, өнім және/немесе қызметтер түрлері.	Қарашығанақ өндірістік қызметтеріне шолу (14-16 бет)	Иә
2.3	Ұйымның өндірістік құрылымы.	Корпоративтік басқару (19-23 бет)	Иә
2.4	Ұйымның бас офисінің орналасуы.	Байланысу ақпараты (артқы мұқаба)	Иә
2.5	Ұйым өз қызметін атқаратын елдердің саны.	Қарашығанақ өндірістік қызметтеріне шолу (14- бет)	Иә
	Осы есепте көрсетілген тұрақты даму мәселелеріне қатысты негізгі қызметтер атқарылатын елдердің аты.		Қолданылмайды
2.6	Жекеменшік түрі және ұйымдық-құқықтық формасы.	Қарашығанақ өндірістік қызметіне шолу (14- бет)	Иә
2.7	Ұйым жұмыс жасайтын нарықтар (географиялық тұрғыда бөліп көрсетуді қосқанда, қызметін пайдаланатын секторлар және клиент / бенефициарлардың түрлері).	Қарашығанақ өндірістік қызметтеріне шолу (14- 15 бет)	Иә
2.8	Ұйымның көлемі: · Қызметкерлер санын қосқанда;	Қызметкерлеріміз — біздің байлығымыз (52- бет); Қарашығанақ өндірістік қызметтеріне шолу (14- бет).	Иә
	· Сатылымның таза көлемі (жеке сектор ұйымдары үшін) немесе таза табыс (мемлекеттік сектор ұйымдары үшін);		ӨБТК1-ге сәйкес ақпаратты таратпау жөнінде шектеулер болғандықтан хабарланбайды ¹
	· Қарыз және жеке капиталға бөлгенде жалпы капиталдандыру (жеке сектор ұйымдары үшін), және		Қолданылмайды
	· Өндірілетін өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сандық сипаттамасы.	2012 өндірістік көрсеткіштері (16 бет)	Иә

GRI КӨРСЕТКІШІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІ

Есептілік элементінің №	ЖЕБ көрсеткіші	Бөлім және бет / Жауап	Элементтің ашылу статусы
ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ I БӨЛІМ: Бейінді элементтер			
2. Ұйым саласы			
2.9	Есептілік кезеңінде көлеміне, құрылымына немесе меншігіне, сонымен қатар орналасуына немесе жұмыс тәртібіне, оның ішінде шаралардың ашылуы/жабылуы және нысандардың кеңейтілуіне қатысты елеулі өзгерістер.	Бас директордың мәлімдемесі (6-7 бет); Қарашығанақ өндірістік қызметтеріне шолу (16 бет)	Иә
	Акционерлік капиталдың құрылымындағы өзгерістер және капиталды жасау, қолдау немесе өзгерту бойынша басқа іс-әрекеттер (жеке сектор ұйымдары үшін).		Қолданылмайды
2.10	Есеп беру кезеңінде алынған марапаттар.	Бас директордың мәлімдемесі (6-7 бет)	Иә
3. Есептің параметрлері			
3.1	Берілген ақпаратқа қатысты есептілік кезеңі (мысалы қаржылық немесе күнтізбелік жыл).	Есептің сипаттамасы (5-бет); Бас директордың мәлімдемесі (6-7 бет)	Иә
3.2	Соңғы есептің шығу күні (шыққан болса).	Есептің сипаттамасы (5-бет)	Иә
3.3	Есеп беру кезеңі (бір немесе жылдық, екі жылдық және т.б.).	Есептің сипаттамасы (5-бет)	Иә
3.4	Есеп немесе оның мазмұнына қатысты ақпарат алу.	Байланысу ақпараты (артқы мұқаба)	Иә
3.5	Есеп мазмұнын анықтау барысы: · маңыздылықты анықтау;	Есеп сипаттамасы (5-бет); қызығушылық танытқан тараптар (5-бет); Қызығушылық танытқан тараптарды тарту (26-28-бет)	Да
	· Есеп шеңберіндегі басымдылықты анықтау; және	Компанияның басқа бөлімдер жетекшілерімен бірге КПО тұрақты даму бөлімі мүдделі тараптарға маңызды болатын орнықты даму туралы ақпаратты анықтады және ұсынды.	Иә
	· Есептің ықтимал қолданушылары ретінде қарастырылатын мүдделі тараптарды анықтау.	Қызығушылық танытқан тараптар (26-бет)	Иә
3.6	Есептің шегі (мысалы, елдер, компания бөлімшелері, еншілес мекемелер, жалға алынған нысандар, біріккен кәсіпорындар, жеткізушілер).	Қарашығанақ өндірістік қызметтеріне шолу (14 -бет), Қызметкерлеріміз — біздің байлығымыз (52-бет)	Иә
3.7	Осы есептің көлеміне немесе шегіне қатысты барлық негізгі шектеулерді көрсетіңіз.	Шектеулер жоқ	Иә
3.8	Бұрынғы есептермен және/немесе басқа ұйымдармен салыстыруға елеулі әсер ете алатын біріккен кәсіпорындар, жалға алынған нысандар, компания қызметтерінің бір бөлігін сыртқы мердігерлерге және басқа ұйымдық бірліктерге тапсыру бойынша деректерді есепке қосу негіздері.	Есептің сипаттамасы (5-бет)	Иә
3.9	Есептегі көрсеткіштер мен басқа ақпаратты дайындау мақсатында қолданылған болжамдар мен әдістемелерді қоса есептер мен деректерді өлшеу әдістері. Пайдаланылатын немесе GRI көрсеткіші протоколдарынан ауытқитын кез келген шешімдерді түсіндіріңіз.	Есептің сипаттамасы (5-бет). Кейбір көрсеткіштер (Жұмыс уақытын жоғалту жарақаты - 30 бет, Парникті газдар - 44-45 бет) сияқты МҒӨ өлшемімен салыстыра берілген	Иә
3.10	Бұрынғы есептерде ұсынылған ақпараттың кез келген қайта тұжырымдамалар мағыналарының және осындай қайта тұжырымдамалардың сипаттамасы.	Парникті газдар шығарындыларын азайту стратегиясы (43-46 бет)	Иә ²

GRI КӨРСЕТКІШІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІ

Есептілік элементінің №	ЖЕБ көрсеткіші	Бөлім және бет / Жауап	Элементтің ашылу статусы
ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ I БӨЛІМ: Бейінді элементтер			
3. Есептің параметрлері			
3.11	Есепте қолданылған қамту, шектеу немесе өлшеу әдістеріне қатысты есептіліктің бұрынғы кезеңдерімен салыстырғандағы елеулі өзгерістер.	Атмосфераға тасталатын шығарындылар (44-45 бет)	Иә ²
3.12	Осы есептегі есептіліктің стандартты элементтерінің орналасуын көрсететін кесте.	GRI көрсеткіштеріне қатысты есептіліктің стандартты элементтер кестесі (69-75 бет)	Иә
3.13	Есеп бойынша сыртқы сәйкестілік кепілдігін табу туралы саясат және қолда бар әдістер.	Есептің сипаттамасы (5 бет)	Иә
4. Басқару, міндеттемелер және тараптарды тарту			
4.1	Стратегияны әзірлеу немесе ұйымның қызметін жалпы бақылау сияқты нақты міндеттерге жауапты жоғары басқару ұйымының құрамындағы негізгі комитеттерді қосқанда ұйымды басқару құрылымы;	Корпоративтік басқару (19-20 бет)	Иә
	Осындай комитеттердің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштеріне кез-келген тікелей жауапкершілігін көрсетіңіз.		Қолданылмайды
4.2	Жоғары басқарушы ұйымның төрағасы компанияның атқарушы директоры бола алатыны/алмайтыны туралы ақпаратты көрсетіңіз (егер бола алатын жағдайда, олардың ұйым басқарудағы қызметі және қандай себеппен солай ұйымдастырылған).	Корпоративтік басқару (19-20 бет)	Иә
4.3	Біртұтас директорлар кеңесі бар ұйымдар үшін жоғары басқарушы ұйымның тәуелсіз мүшелер және/немесе компанияның атқарушы басшылығына жатпайтын мүшелер санын көрсетіңіз.		Қолданылмайды
4.4	Компанияның акционерлері мен қызметкерлерінің жоғары басқарушы ұйым қызметін бағыттап немесе ұсыныстар бере алатын механизмдері.	Корпоративтік басқару (19-20 бет), Қызметкерлеріміз — біздің байлығымыз (56-бет)	Иә ³
4.5	Компанияның қызметкерлерінің жоғары басқарушы ұйым мүшелері, бас жетекшілері және атқарушы басшыларға берілетін өтемақылар (қызметтен босарда алатын жәрдемақыны қоса) және ұйым жұмыс нәтижесі (әлеуметтік және экологиялық жұмысты қоса) арасындағы байланыс.	Корпоративтік басқару (19-20 бет)	Иә
4.6	Жоғары басқарушы ұйымының мүдделер жанжалының алдын алу үшін қолданатын үдерістер.	Корпоративтік басқару (19-20 бет)	Иә
4.7	Жоғары басқарушы ұйым мүшелерінің және оның комитеттерінің құрамын, біліктілігін және хабардарлығын, жыныстық және басқа да түрлілік көрсеткішін қарастыруды қоса анықтайтын үдерістер.	Корпоративтік басқару (19-20 бет), Жоғары басшылық мүшелерінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарын қоса, біліктілігі мен хабардарлығы бірнеше жылдар бойғы еңбегінің арқасында дәлелденген жоғары деңгейге сәйкес.	Иә
4.8	Ұйым ішінде дайындалған миссия немесе құндылықтар туралы, корпоративтік тәртіп кодексі және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жұмыс қағидаттары туралы мәлімдемелер және оларды енгізу бойынша жағдайы.	Корпоративтік басқару (24-25 бет), Біздің жұмыс нәтижелері және мақсаттарымыз (8-12 бет)	Иә
4.9	Ұйымның қауіп-қатерлері мен мүмкіндіктерін қоса, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жұмыстарын анықтау және басқаруда қолданатын жоғары басқарушы ұйымның тәртіптер, сондай-ақ халықаралық стандарттарды, корпоративтік тәртіп кодексі және қағидаттарды сақтау немесе сәйкес болу.	Корпоративтік басқару (20 бет)	Иә

GRI КӨРСЕТКІШІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІ

Есептілік элементінің №	ЖЕБ көрсеткіші	Бөлім және бет / Жауап	Элементтің ашылу статусы
ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ I БӨЛІМ: Бейінді элементтер			
4. Басқару, міндеттемелер және тараптарды тарту			
4.10	Жоғары басқарушы ұйымның өзінің жұмысын бағалау үдерістері, әсіресе экономикалық, экологиялық және әлеуметтік нәтижелігіне қатысты.	Басқару бойынша бірлескен комитеттің тиімді қарастыруын талап ететін белгіленген процедуралар жоқ	Иә
4.11	Ұйымның сақтық қағидалары немесе шарттарының қолданылуы және қалай қолданылуы туралы түсініктеме.	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қызметі (29 бет). Компания жоспарланған жұмыстардың қоршаған ортаға кері әсерін азайту мақсатында жүргізілетін қажетті зерттеулер мен сарапшылар бағалауын маңызды деп санайды	Иә
4.12	Ұйым қолданатын немесе қолдайтын компаниядан тыс дайындалған экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жарғылар, қағидалар немесе басқа да бастамалар.	Жергілікті қауымдастықтармен диалогта (64-бет)	Иә
4.13	Ұйым ассоциация (мысалы өндірістік ассоциация) және/немесе *Басқару органдарында лауазымдары бар; * Жобаларда немесе комитеттерге қатысатын; * Мүшелік жарнаны төлеуден басқа елеулі қаржыландыруды қамтамасыз ететін немесе *Мүшелікті стратегиялық тұрғыдан қарастыратын ұлттық/халықаралық құқық қорғау ұйымдарындағы мүшелілігі.	Корпоративтік басқару (28-бет)	Иә
4.14	Ұйыммен қарым-қатынасқа түскен мүдделі тараптар тізбесі.	Мүдделі тараптарды тарту кестесі (26-бет)	Иә
4.15	Мүдделі тараптармен қарым-қатынасқа түсу мақсатында оларды айқындау және іріктеу негіздері.	Мүдделі тараптарды тарту (26-27 бет)	Иә ⁴
4.16	Мүдделі тараптар тобына және түріне қарай қарым-қатынасқа түсу жиілігін қоса, мүдделі тараптармен қарым-қатынасқа түсу әдістері.	Мүдделі тараптарды тарту (26-28 бет)	Иә
4.17	Мүдделі тараптармен қарым-қатынас кезінде көтерілген басты тақырыптар мен қызығушылықтар және өзінің есебі арқылы ұйымның осы тақырыптар мен қызығушылықтарға жауап беру әдісі.	Мүдделі тараптарды тарту (26-28 бет)	Иә
Ескерту:	<p>¹ Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге сәйкес әрекет ететін оператор ретінде және төрт басты компаниялар атынан КПО қор, өндірістің жалпы жылдық көлемі, сатылымдар мен қызметкерлер саны бойынша есеп береді. Қарашығанақ бірлескен кәсіпорынның басты компаниялары таза табыс және жалпы капиталдандыру туралы мәліметтерге қатысты ақпараттың иесі.</p> <p>² Атмосфераға тасталған шығарындылар санын бағалау әдісі қайта қаралды.</p> <p>³ КПО-ның бірлескен басқаруымен Қарашығанақтың төрт серіктесінің арасындағы дауыс беру бірауыздан болып есептеледі. Акционерлер компанияның жоғары басқарушы ұйымында берілген. Жергілікті қызметкерлер үшін жоғары басқарушы ұйыммен кері байланыспен қамтамасыз етудің механизмдері жоқ.</p> <p>⁴ Сәйкес мүдделі тараптармен әрекеттесу үдерістері Қарашығанақтағы жергілікті тұрғындармен әрекеттесу Жоспары, мүдделі тараптармен әрекеттесу Реті, қайырымдылық жасау және демеушілік көрсету жөніндегі Саясат, ішкі бірлестік коммуникациялар Саясаты және қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі Бағдарлама сияқты бірнеше саясаттар және тәртіптерде анықталады.</p>		<p>2.8 тармақ</p> <p>3.10 және 3.11 тармақтары</p> <p>4.4 тармақ</p> <p>4.15 тармақ</p>

GRI КӨРСЕТКІШІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІ

Есептілік элементінің №	ЖЕБ көрсеткіші	Бөлім және бет / Жауап	Элементтің ашылу статусы
ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ II БӨЛІМ: Бейінді элементтер			
Экономикалық қызметтің көрсеткіштері			
EC 4	Үкімет тарапынан келетін елеулі қаржылай қолдау.	КПО үкімет тарапынан келетін елеулі қолдауынан тікелей не жанама түрде (мысалы салықтан босатылу) пайда көрмейді.	Иә
EC 6	Жергілікті жеткізушілерден сатып алулардың практикалық тәсілдемелері, саясаты және мекеменің маңызды аймақтардан сондай сатып алулардың (негізгі) үлесі.	Жергілікті экономиканы дамыту (58-63 бет), Бас директордың мәлімдемесі (6-7 бет)	Иә
EC 7	Жергілікті тұрғындарды жалдау процедурасы және мекеменің елеулі аумақтарында жергілікті қызметкерлерден жалданған жоғары басқарушылардың (негізгі) үлесі.	Қызметкерлеріміз — біздің байлығымыз (55-56 бет)	Иә
EC 8	Коммерциялық, заттай және қайырымдылық қатысулар арқылы бірінші кезекте қоғамдық пайда үшін берілетін, инфрақұрылымға жұмсалған салымдардың әсері мен дамуы және қызметтері.	Қызметкерлеріміз — біздің байлығымыз (55-56 бет), Жергілікті экономиканы дамыту (58-63 бет), Жергілікті тұрғындармен диалог (65-68 бет), Бас директордың мәлімдемесі (26-28 бет); Мүдделі тараптар (6-7 бет)	Иә
EC 9	Жанама экономикалық әсерді, әсер аймағын қоса, түсіну және сипаттау.	Жергілікті экономиканы дамыту (58-63 бет), Бас директордың мәлімдемесі (6-7 бет)	Иә
Экологиялық тиімділіктің көрсеткіштері			
EN 8	Су көздері бойынша бөлгенде алынатын судың жалпы көлемі (негізгі).	Су қорлары (46-47 бет)	Иә
EN 10	Бірнеше рет және қайта пайдаланылған судың жалпы көлемі мен үлесі (қосымша).	Су қорлары (47 бет)	Иә
EN 11	Мекеменің басқаруымен жекеменшікте, жалдауда, және қорғалатын табиғи аумақтар мен биозгешелігі жоғары бағаланатын немесе осындай аумақтарға жалғас аумақтарда орналасқан жерлердің орналасуы және аумағы (негізгі).	Биотүрлілік және экологиялық жүйелер (51- бет), Грифондық аймақты қалпына келтіру (51- бет), Қарашығанақ өндірістік қызметтеріне шолу (17-18 бет)	Иә
EN 13	Сақталған және қалпына келтірілген орындар (қосымша).	Грифондық аймақты қалпына келтіру (51- бет)	Иә
EN 14	Биотүрлілікке әсер ету басқармасы бойынша келешек жоспарлар және іске асыру әрекеттері, стратегиялары (қосымша).	Биотүрлілік және экологиялық жүйелер (51- бет)	Жартылай
EN 16	Парникті газдың көлемі көрсетілген толық тіке және жанама тасталған шығарындылары.	Парникті газдар шығарындыларын азайту стратегиясы (43-45 бет)	Иә
EN 18	Парникті газдың тасталған шығарындыларын азайту бастамалары және қол жеткен нәтижелер.	Парникті газдар шығарындыларын азайту стратегиясы (45- бет)	Иә
EN 20	Түрі және көлемі көрсетілген NO _x , SO _x және басқа да маңызды ластаушы заттардың атмосфераға тасталған шығарындылары (негізгі).	Атмосфераға тасталған шығарындылар (41- бет)	Иә
EN 21	Ағызылған су мен қабылдайтын нысанның сапасы көрсетілген шығарындылардың жалпы көлемі.	Су қорлары (46-47- бет)	Иә
EN 22	Түрі және айналым тәсілі бойынша бөлінген қалдықтардың жалпы көлемі.	Қалдықтарды пайдаға асыру (48-50 бет)	Иә

GRI КӨРСЕТКІШІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІ

Есептілік элементінің №	ЖЕБ көрсеткіші	Бөлім және бет / Жауап	Элементтің ашылу статусы
ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ІІ БӨЛІМ: Бейінді элементтер			
Экология тиімділіктің көрсеткіштері			
EN 23	Мұнай төгілуінің тіркелген елеулілерінің жалпы саны және жалпы көлемі.	Мұнайдың төгілуі (51 бет)	Иә
Жұмысты ұйымдастыруға және лайықты жұмысқа қатысты нәтижелілік көрсеткіштері			
LA 1	Жұмыс түрі, жалдау туралы шарт және аймақ бойынша бөлгенде жұмыс күшінің жалпы саны (негізгі).	Қызметкерлеріміз — біздің байлығымыз (52-53 бет)	Иә
LA 2	Жасы, жынысы және аймағы бойынша бөлгенде қызметкерлердің ұйым қызметінен кету коэффициенті және жалпы саны.	Қызметкерлеріміз — біздің байлығымыз (53 бет)	Иә ¹
LA 3	Негізгі жұмыстары бойынша штаттық емес немесе уақытша қызметкерлерге берілмейтін, бірақ штаттық қызметкерлерге қамтамасыз етілетін жеңілдіктер.	Қызметкерлеріміз — біздің байлығымыз (56-57 бет)	Иә
LA 4	Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлердің үлесі (негізгі).	Қызметкерлеріміз — біздің байлығымыз (56 бет)	Иә
LA 5	Қызметкерлерге айтарлықтай әсер етуі мүмкін елеулі өзгерістерді енгізбес бұрын оларға және олар тағайындаған өкілдерге әдетте берілетін хабарландыруларды алдын ала жіберудің ең аз мерзімі.	Қызметкерлеріміз — біздің байлығымыз (57 бет)	Иә
LA 7	Аймақтарға бөлгендегі жұмысқа байланысты, өндірістік жарақаттанудың деңгейі, жұмыс кезінде пайда болған аурулардың деңгейі, жұмыс уақытын жоғалту күндерінің және жұмыс орнында болмаудың көрсеткіші, сонымен қатар опат болу жағдайларының саны (негізгі).	2012 жылғы қауіпсіздік техникасы көрсеткіштері (29-33 бет)	Иә ⁵
LA 9	Кәсіподақтармен жасасқан ресми келісімдерде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы тақырыптары қарастырылған.	Қызметкерлеріміз - біздің байлығымыз, Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қызметі (57-бет)	Иә
LA 10	Қызметкерлерді категориямен бөлгенде бір қызметкерді бір жылда оқытудың орташа сағат саны. (негізгі).	Қызметкерлеріміз - біздің байлығымыз (54- бет)	Иә ²
LA 11	Қызметкерлердің жұмысқа жалдана алу мүмкіндігін сақтауға және еңбек қызметін аяқтауда көмек көрсетуге арналған дағдыларды басқару және өмір бойғы оқыту бағдарламалары.	Қызметкерлеріміз - біздің байлығымыз (56-57 бет)	Жартылай
LA 12	Жұмыс қызметі нәтижесін және мансапты әрі қарай дамыту бойынша әрдайым қарастырылатын қызметкерлердің пайыздық көрсеткіші.	Қызметкерлеріміз - біздің байлығымыз (56-бет)	Иә
LA 13	Басқарушы қызметкерлердің құрамы және қызметкерлердің жынысына, жасына, азшылыққа мүшелікті көрсетумен қатар түрліліктің басқа да көрсеткіштерімен бөлінуі.	Қызметкерлеріміз - біздің байлығымыз (55-56 бет)	Жартылай ³
LA 14	Қызметкерлердің категориясы бойынша ерлер мен әйелдердің базалық жалақысының арақатынасы		Иә ⁴

GRI КӨРСЕТКІШІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІ

Есептілік элементінің №	ЖЕБ көрсеткіші	Бөлім және бет / Жауап	Элементтің ашылу статусы
ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ II БӨЛІМ: Бейінді элементтер			
Адам құқығы саласындағы нәтижеліліктің көрсеткіштері			
HR2	Адам құқығының бағасынан өткен маңызды жеткізушілер мен мердігерлердің, қолданған шараның үлесі және қолданған іс-әрекеттер.	Жемқорлықты болдырмау үшін алдын ала заңи аудит (25 бет)	Жартылай
HR3	Жұмыстарға сәйкес адам құқығы аспектілеріне қатысты саясат пен процедураларын оқыту сағаттарының, оқыған жұмысшылардың пайыздық көрсеткішін қоса алғанда, жалпы саны.	Заңнамаға сәйкестікті ұстану (24-25 бет)	Иә
Қоғаммен әрекеттесудің нәтижелілік көрсеткіштері			
SO3	Жемқорлыққа қарсы саясат және компанияның процедуралары бойынша оқытылған қызметкерлердің пайызы.	Заңнамаға сәйкестікті ұстану (25 бет)	Иә
Өнімді өндіру бойынша жауапкершілік			
PR 7	Салдарының түрі бойынша бөлгенде маркетингтік байланысқа, оған қоса жарнамалау, сатылымды ынталандыру және демеушілікке қатысты нормативті талаптар және ерікті кодекстерінің бұзу жағдайларының жалпы саны.	Қарашығанақ өндірістік қызметтеріне шолу (16 бет)	Иә

Ескерту:	¹ Қызметкерлердің аймақ бойынша қызметтен кету көрсеткіші орынсыз, себебі қызметкерлердің 90 пайызы Ақсай аймағындағы өндірістік жұмыстарына тартылған.	LA 2 тармақ
	² Шетелдік қызметкерлерді оқыту ӨБТК-де қарастырылмаған.	LA 10 тармақ
	³ Басқарушы қызметкерлердің әртүрлілігі туралы ақпарат жынысы, жасы және азаматтығы бойынша берілген. Басқа категориялар маңызды емес.	LA 13 тармақ
	⁴ Жынысына қарамастан базалық жалақы қызметкерлердің категориясы бойынша тағайындалады; соған лайық, ерлер мен әйелдердің базалық жалақысы бірдей.	LA 14 тармақ
	⁵ Тәуелсіз мердігерлер үшін жұмыс орнында болмау коэффициенті жөнінде ақпарат жоқ, жарақаттану жағдайларын есепке алмағанда.	LA 7 тармақ

ТӘУЕЛСІЗ КЕПІЛДЕМЕ ЕСЕБІ



«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» 2012 жылғы тұрақты даму саласындағы Есепті тәуелсіз тексеру туралы есеп

(ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған аударма)

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. басшылығы мен мүдделі тараптарына

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. (бұдан әрі «КПО») тапсырмасы бойынша біз тексеру жүргіздік.

«2012 жылғы Қарашығанақтағы тұрақты даму туралы есеп. Қарашығанақтың оң ықпалы» (бұдан әрі – «Есеп») қосылған сапалы әрі санды ақпарат тексеруіміздің мәні болып табылады. Тексеруіміздің мақсаты мыналарға қатысты шектелген деңгей растауын алу:

- Есепке қосылған қызмет нәтижелері туралы жалпы ақпарат пен тұрақты даму саласындағы деректер барлық елеулі аспектілерде 2012 жыл ішіндегі тұрақты даму саласындағы КПО саясатын, оқиғалары мен қызметінің нәтижелерін шынайы әрі жеткілікті түрде көрсетеді;
- Персоналды басқару, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық қамту, қайырымдылық және әлеуметтік инвестициялар саласындағы басты көрсеткіштер жөніндегі ақпарат пен деректерді жинауға қатысты есеп беру процестері ендірілген және Есептілік жөніндегі ғаламдық бастамалар жүйесінің (бұдан әрі - «Система GRI») қолданылатын қағидаттарына, оның ішінде Тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі басшылықтың 3.0 нұсқасына (бұдан әрі – «GRI G3.0 басшылығы») сәйкес келеді;
- КПО Тұрақты даму кодексінің бағыттарына сәйкес келетін және Есепте сипатталған саясаттар мен процедуралар іс-жүзінде бар;
- Есеп В+ қолдану Деңгейінің талаптарына және GRI G3.0 басшылығының қағидаттарына сәйкес келеді.

Халықаралық бухгалтерлер федерациясы (бұдан әрі – «IFAC») шығарған «Ақпаратты тексеру жөніндегі тапсырмалардың халықаралық қағидаттарында» айқындалғандай шектелген деңгейдің растауын алу үшін орындалатын процедуралардың көлемі лайықты деңгейдің растауын алуға қарағанда едәуір аз болады, әрі бұл бізге лайықты деңгейді тексеру барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі фактілерді анықтайтындығымызға қажетті сенімділік дәрежесін алуға мүмкіндік туғызбайды.

Тексеру критерийлері

Тексеруіміздің критерийлері ретінде GRI жүйесі, оның ішінде GRI G3.0 басшылығы мен Есептің 5-парағының «Есептің сипаттамасы» бөлімінде көрсетілгендей GRI G3.0 басшылығына қосылған есептілік қағидаттарына ұқсас КПО тұрақты даму саласындағы есептілік қағидаттары және КПО корпоративтік сайтында жарияланған КПО Тұрақты даму кодексі болды. Біз мұндай критерийлер тексеруіміздің мақсаттарына сәйкес келеді деп болжаймыз.

КПО басшылығының жауапкершілігі

КПО басшылығы тұрақты даму аясына қатысты саясаттар мен процедуралардың ендірілуі, сондай-ақ Есепті дайындау және онда көрсетілген ақпарат үшін жауапкершілік көтереді. Мұндай жауапкершілікке айтарлықтай бұрмалануы жоқ тұрақты даму саласындағы есепті дайындауға жеткілікті болатындай ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, ендіру және қолдау кіреді. КПО басшылығы есептілікті таңдау және оның лайықты қағидаттарын қолдану және өлшеу мен бағалаудың тиісті әдістерін пайдалану үшін жауапкершілік көтереді. Басшылық қабылдайтын шешімдер, Есептің қамтылуы және ақпараттың шынайылығына ықпал етуі мүмкін ажырамас шектеулерді қоса алғанда, тұрақты даму саласындағы есептілік қағидаттары Есептің 5-бетіндегі «Есептің сипаттамасы» бөлімінде ұсынылған.

Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз тексеруіміздің мәніне қатысты тұжырымдар жасауда болып отыр.

Біз IFAC жариялаған «Аудиторлық тексерулерден немесе тарихи қаржылық есептілік шопуларынан өзгеше ақпаратты тексеру жөніндегі тапсырмалар» («ISAЕ3000») Стандартына сәйкес тексеруді жүргіздік.

Біз процедураларды тұжырымдарымызды негіздеу үшін жеткілікті болатындай етіп орындадық деп есептейміз. Негізгі процедуралар мыналар болды:

- Есепте сипатталған тұрақты даму аясындағы КПО саясаттары мен процедураларын талдау,
- Тұрақты даму саласындағы ақпаратты дайындауға, тұрақты даму аясындағы КПО саясаттары мен процедураларын іске асыруға, сондай-ақ тиісті қызмет пен нәтижелерге жауап беретін КПО менеджерлерімен және басты мамандарымен сұхбаттасу,
- Есепті мұнай-газ саласындағы халықаралық компаниялардың бірқатар дайындаған тұрақты даму саласындағы есептермен салыстырып тексеру талдауы,
- 2012 жылғы тұрақты даму саласындағы КПО саясаттарын, оқиғаларын және қызметінің нәтижелерін қозғайтын бұқаралық ақпарат құралдары мен КПО корпоративтік газетіндегі жарияланымдарды талдау,
- Жоғарыда сипатталған процедуралардың негізінде маңызды мәселелерді анықтау және Есепте анықталған маңызды мәселелердің көрсетілуін талдау,

ТӘУЕЛСІЗ КЕПІЛДЕМЕ ЕСЕБІ



- Персоналды басқару, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық қамту, қайырымдылық және әлеуметтік инвестициялар саласындағы басты көрсеткіштер жөніндегі деректерді, сондай-ақ көрсетілген деректердің лайықты түрде жинақталуына, дайындалғанына, салыстырылуына және Есепке қосылғанына көз жеткізу үшін есептілік процестерін іріктеп талдау,
- Сұхбаттасу және қызметке, Тәуекелді азайту бағдарламасының орындалуына бақылау жасау үшін КПО орталық офисіне бару және УКПГ-3 газ және газ конденсатын бөлу және ішінара тұрақтандыру,
- Қызметтің нәтижелері туралы жалпы ақпарат пен Есепке қосылған тұрақты даму саласындағы деректерді, сондай-ақ КПО Тұрақты даму кодексінде көрсетілген және Есепте сипатталған бағыттарға сәйкес келетін саясаттар мен процедураларды растау мақсатында іріктеп алу негізінде дәлелдерді жинау,
- Есептің және соның негізінде жатқан есептілік процестерінің КПО пайдаланған GRI G3.0 басшылығының тұрақты даму саласындағы есептіліктің қолданылатын қағидаттарына сәйкестігін бағалау және
- Есептегі ақпарат пен деректердің ашылып көрсетілуінің GRI G3.0 басшылығының В+ Қолданылу деңгейінің талаптарына сәйкестігін бағалау.

Тұжырымдар

Жүргізілген процедуралардың негізінде біз мынадай пайымдау жасауға мүмкіндік беретін фактілерді анықтай алмадық:

- Есепке қосылған қызмет нәтижелері туралы жалпы ақпарат пен тұрақты даму саласындағы деректер барлық елеулі аспектілерде GRI Жүйесінің талаптары мен КПО Тұрақты даму кодексіне сәйкес 2012 жыл ішіндегі тұрақты даму саласындағы КПО саясатын, оқиғалары мен қызметінің нәтижелерін шынайы әрі жеткілікті түрде көрсетпейді,
- Персоналды басқару, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық қамту, қайырымдылық және әлеуметтік инвестициялар саласындағы басты көрсеткіштер жөніндегі ақпарат пен деректерді жинауға қатысты есеп беру процестері жоқ және GRI G3.0 басшылығының қолданылатын қағидаттарына сәйкес келмейді,
- КПО Тұрақты даму кодексінің бағыттарына сәйкес келетін және Есепте сипатталған саясаттар мен процедуралар іс-жүзінде жоқ,
- Есеп В+ қолдану Деңгейінің талаптарына және GRI G3.0 басшылығының қағидаттарына сәйкес келмейді.

«Эрнст энд Янг-кеңестемелік қызметтер» ЖШС

Алматы

29.03.2013

ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРМАЛАР

BGK	БиДжи Қазақстан	ҮТД	Осы жылы
CO ₂ e	Көмірқышқыл газының эквиваленті	АГБС	Автоматтық газ бөлу стансасы
Dry Low NO _x	Құрамында азот қышқылдары мен ылғалдылық төмен болатын жағармай	АИП	Ақсай индустриялық паркі
EITI	Пайдалы қазбаларды өндіруде шынайылық бастамасы	АҚ	Акционерлік қоғам
GRI	Жаһандық есептілік беру бастамасы	АҚ	Акционерлік қоғам
H ₂ S	Күкіртті сутек	АҚҚ	Апатқа қарсы қызмет
HC	Көмірсутек	АҚШ доллары	Американдық доллары
I деңгейлі оқиға:	Салдары учаскеде немесе оқиға орнындағы апатты жою жұмыстарының жетекшісімен және/немесе оқиғаны басқару тобымен өздерінің ресурстарын қолдана отырып жойылатын оқиға.	АСП	Америка сауда палатасы
II деңгейлі оқиға:	Төтенше жағдайдың ауқымы нысан аймағымен шектелген, бірақ ведомстволығы апаттық қызметін немесе өзіне ұйымдардың ресурстарын қолдануды қажет ететін компаниядан тыс аймаққа таралу қаупі ықтимал оқиға.	Әкім	Әкімшілік орган басшысы (ауыл, қала, аудан немесе облыс)
III деңгейлі оқиға:	Салдарын жою үшін апаттық басқару тобының ресурстары жеткіліксіз болатын және қосымша ресурстармен қамтамасыз етіп, қолдау көрсету мақсатында Кризисті жағдайларды басқару тобын жұмылдыруды қажет ететін немесе компания беделіне кері әсер тигізетіндей ықтимал оқиға.	ӘҚК	Әкімшілік-қонақүй кешені
ISO 14001	Қоршаған ортаны басқару жүйесін дайындау талаптарын қамтыған халықаралық стандарт	БАӘ	Біріккен Араб Әмірліктері
KZT	Қазақ теңгесі	ББЖ	Біліктілікті басқару жүйесі
LTI	Жұмыс уақытын жоғалту жарақаты	ББК	Басқару бойынша бірлескен комитет
LWDC	Еңбекке жарамдылығынан уақытша айрылуға соқтыратын оқиға	БЕЗ	Бұрғылау ерітінділер зауыты
MERP	Медициналық төтенше жағдайда әрекет ету жоспары	БҚО	Батыс Қазақстан облысы
MTC	Дәрігерлік жәрдемді талап ететін жағдай	БҚО ЖКЭД	Жайық-Каспий экология департаменті Батыс Қазақстан облыстық бөлімі
Млн. м ³	Миллион стандартты шаршы метр	БСШЖ	Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары
OBM	Мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісі	БҰ	Бейкоммерциялық ұйым
OHSAS 18001	Халықаралық деңгейде мойындалған еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйелерін бағалау стандарты.	БШТӨҚ	Бұрғы шламын термомеханикалық өңдеу қондырғысы
OPITO	Мұнай газ академиясының білікті операторлар мен техниктерді даярлау бағадарламасы	ГЭС	Газтурбиналық электр станциясы
RWDC	Еңбекке жарамдылығын шектеуге соқтыратын оқиға	ДҚҚБ	Денсаулық қауіп-қатерлерін бағалау
SO ₂	Күкіртті газ	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау
TRI	Тіркеуге алынатын апат	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау басқару жүйесі
		ЕҚ, ҚТ және Қ, ҚОҚ	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қызметі және қоршаған ортаны қорғау
		ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және сапа	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және сапа
		ЕМӨС	Ерте мұнайды өндіру сателлиті
		ЖЖД	Жалпы жобаны дамыту
		ЖСБ	Жалпы сметалық баға
		ЖШС	Жекеменшілігі шектеулі серіктестік

ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРМАЛАР

ҚДГ	Кәсіби денсаулық және гигиена	СҚА	Санитарлық қорғау аймағы
КИБ	Кен орнын игері бағдарламасы	ТҚШЖ	Табиғатты қорғау бойынша шаралар жоспары
ҚҚК	Каспий құбыр консорциумы	Трл.м ³	Триллион шаршы метр
Кт	Килотонна	ТСА	Тазалық сақтау аймағы
ҚАТЖ	Қарашығанақ – Атырау тасымалдау жүйесі	ТШО	Теңізшевройл
ҚМГКК	Қарашығанақ мұнай-газ және конденсат кен орны	ҰК	Ұлттық компания
ҚМГОҚ	Қазақстандық мұнай және газ операторлар қауымдастығы	ҰОҚ	Ұшпалы органикалық қосындылар
ҚОӘБ	Қоршаған ортаға әсерді бағалау	ҰЕҰ	Үкіметтік емес ұйым
ҚОТЖ	Қарашығанақ – Орынбор тасымалдау жүйесі	ШРШ	Шектік рұқсат етілген шоғырландыру
ҚӨК	Қарашығанақ өңдеу кешені	ЭБС	Экологияны бақылау станциясы
КПО	Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В	ЭКЗ	Этикалық кешенді зерттеу
ҚР	Қазақстан Республикасы		
ҚҰ	Қоғамдық ұйым		
ҚІӘБ	Қауіпсіз іс-әрекет бағдарламасы		
м ³	Стандартты шаршы метр		
МАС	Мұнайды айдау станциясы		
МБЖТ	Мердігерлерді басқару жұмыс тобы		
МГӨ	Мұнай және газ өндірушілер		
Мердігер / Басты компаниялар	БиДжи (Бритиш Газ), Эни, Лукойл, Шеврон және ҚазМұнайГаз ҰК		
млн б.м.э.	Миллион баррель мұнай эквивалентінде		
Млрд.м ³	Миллиард шаршы метр		
МӨК	Мердігердің өтім комитеті		
НЖК	Негізгі жұмыс көрсеткіштері		
НКОК	Норт Каспиан Оперейтинг Компани		
ОГӨЗ	Орынбор газ өңдеу зауыты		
ӨБК	Өтім бойынша бірлескен комитет		
ӨБТК	Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісім		
ӨҚТҚЕ	Өнеркәсіптік қауіпсіздік және тұтастықты қамтамасыз ету		
ӨТҚК	Өндіріс және техникалық қызмет көрсету		
ӨТМ	Өзара түсіністік меморандумы		
ӨЭБ	Өндірістік экологиялық бақылау		
ПГ	Парникті газ		
СБК	Сатып алу бойынша бірлескен комитет		

БАЙЛАНЫСУ АҚПАРАТЫ

Сіздерге бөлген уақыттарыңыз бен көңілдеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз.

Сіздердің ұсыныстарыңыз бен түсініктемелеріңіз 2013 жылға арналған Тұрақты Даму Есебін жақсартуға көмегін тигізеді және сіздерге оны дайындауға өз үлестеріңізді қосуға мүмкіндік береді.

**КПО ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ БӨЛІМІ**

Электрондық поштасы: sustainability@kpo.kz

**Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.
Қазақстан филиалы**

Қазақстан Республикасы
Батыс Қазақстан облысы
Бөрлі ауданы
090300, Ақсай қаласы